

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

**Қосжанов А.С.
Орынбеков А.С.**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕДЕН ІСІ МЕН КЕДЕН САЯСАТЫНЫҢ
ТАРИХЫ**

Қарағанды 2016

ӘОЖ 339.5(075)
КБЖ 67.401.21я73
Қ67

Сын пікір білдірушілер: PhD докторы Қаржасова Г.Б.- (ҚКЭУ
«Жалпықұқықтық және арнайы пәндер»
кафедрасының меңгерушісі)
з.ғ.к. Қабжанов А.Т. – (Қарағанды «Болашақ
университетінің «Заң пәндері» кафедрасының
меңгерушісі)

Қосжанов А.С.
Орынбеков А.С.

Қ 67 Қазақстанның кеден ісі мен кеден саясатының тарихы. Оқу құралы-
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті. Қарағанды, 2016.-106
б.

ISBN 978-601-235-079-1

«Қазақстанның кеден ісі мен кеден саясатының тарихы» оқу құралының шығарылу мақсаты: ҚР-дағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату.

ҚР-да кедендік құқықтық нормалар үнемі жаңартылып, жетілдірілу үстінде, сол арқылы жүргізіліп отырған реформалар негізделеді және қамтамасыз етіледі. Қазіргі кезеңдегі қоғамның даму жағдайы жоғарғы және орта-арнаулы білімді маманға жоғарғы талап қояда. Бұл кеден саласына да қатысты. Кеден құқығының тарихын, негізгі нормалары мен принциптерін білу кеден ісі салаларында бағдар алуға мүмкіндік береді, ҚР заңнамасының даму ерекшеліктерін ұғынуға көмектеседі, сондай-ақ заңдар мен заңға бағынышты актілерді өздерінің еңбек жолында табысты пайдалана білуге жағдай жасайды. Ұсынылып отырған оқу құралы жоғары оқу орындарының, соның ішінде кеден ісі мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының тыңдаушыларына және жоғарыдағы мәселелерге қызығушылық танытатын қауымға арналған.

ISBN 978-601-235-079-1

ӘОЖ 339.5(075)
КБЖ 67.401.21я73
©Қосжанов А.С.
©Орынбеков А.С., 2016

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауында еліміздің жүктерін тасымалдау үшін Кеден одағы аумағын барынша пайдалану керектігін, жүктерді кедендік өңдеу мерзімдерін қысқартып, шекара өткелдерінің өткізу мүмкіндігін арттырып, экспорт-импорт операцияларының ресімдерін жеңілдету қажеттігін атап көрсетті.

«Мемлекеттер бір-бірінен жеке өз мақсаттарымен, құралдарымен және басшыларымен бөлініп тұрғанға дейін кедендерде қажеттілік болады», - деп жүзден астам жыл бұрын тамаша орыс ғалымы Д.И. Менделеев айтқан болатын. Осы тұжырым ХХІ ғасырда да өзінің мағынасын жоғалтқан жоқ.

Ежелгі философтар: «ештеңе жайдан жай пайда болмайды және ештеңе де ешқайда кетпейді» дегендей, бұның бәрі бұрын болған, тек өзгешелігі дамудың жаңа орамында қайталануы.

Егер мемлекет сыртқы экономикалық дербестік мен тәуелсіздік алғысы келсе, ең алдымен оның мықты кедені болуы керек деген талассыз ақиқат бар.

«Кеден» деген сөз ежелгі түрік тілінен аударғанда шекарадағы кедендік дау дегенді білдіреді. Ежелгі уақыттан бері саудамен байланыстының бәріне баж өндіріп алынды, мемлекеттер мен қалалардың шартты шекаралары арқылы тасымалдағаны үшін алымдар алынды.

Кеңестік одақтың ыдырауынан кейін Қазақстанда тамыры тәуелсіздік, зайырлы, демократияшыл принциптерге негізделген мемлекет қалыптастыруға бағыт алынып, қоғамда нарықтық экономика жолына түсу, демократиялық институттарды құру үрдістері басталды. Тәуелсіздікке жету, саяси-экономикалық либерализация, елдің нарықтық даму жолына тұрақтауы мемлекеттің нарықтық экономика талаптарына сәйкес құрылымдарын дамыту қажеттілігін тудырды. Елімізде болып жатқан күрделі, ауқымды өзгерістер тұсында өзінің табиғи қызметі бойынша нарықтық қатынастардың жетелеуші институттарына негізделуі қажет.

Осындай мемлекет өміршеңдігі деңгейіндегі маңызға ие қазіргі құбылысқа - кедендік іс жатады. Егер де, қазақ даласының Ресей империясының қоластындағы кезеңде аталған сала белгілі бір дәрежеде дамыса, жетпіс жылдық кеңестік кезде орталықтанған, жоспарлы экономика жағдайында аталған сала құрылымдарының маңызы мен қызметі шектелді. Сондықтан, Қазақстан үшін толық таным болмаған даму жолының айнымас құрылымдарын, құбылыстарын түсініп, қолдана білу үшін оның тарихи тәжірибесін зерделеу қажет.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы саяси-қоғамдық өзгерістер кеңестік тарихи тұғырнама мен әдістемелік негіздеменің дағдарысын білдірді. Коммунистік идеология мен тарихи тағлымды тек марксисттік-таптық көзқарас тұрғысынан зерделеу жаңа жағдайда дәрменсіздігін көрсетті. Тәуелсіздік кезеңінде тарих ғылымына қатысты саяси «цензура» жойылып, төл тарихымыздың жан-жақты тұстарына объективтілік тұрғысынан баға берілді.

Осындай күрделі мәселелер қатарына Ресейдің қазақ даласын отарлау кезеңі да жатты. Алайда, патша үкіметінің өлкені отарлаудың саяси, әскери және қоныстандыру шараларын зерттеуге басым назар бөлінсе, оның экономикалық тұстары толыққанды зерттелген емес. Ал, аймақты экономикалық отарлау саясатының маңызды құралы - кедендік қызмет бойынша арнайы зерттеу жұмыстары жоқтың қасы, мәселе төңірегінде жанама зерттеулердің болуына қарамастан, мәселенің зерттелу деңгейі қанағатсыз жағдайда. Бүгінгі күні ғылыми айналымға қосылуға тиісті мұрағаттық және басқа да деректер Ресей империясының аймақтағы кедендік саясаты отарлау саясатының құрамдас бөлігі болып, оның жалпы отарлаушылық мүдделермен үндестігі, ортақтастығы, аймақтағы кедендік істің Ресей үшін өлкедегі экономикалық мүдделерінің қорғау құралына айналғаны туралы пайымдауға мүмкіндік береді. Қытаймен шекарадағы кедендік құрылымдар отарлау саясатының, ресейлік отарлармен шекаралас өлкелерге экономикалық экспансия саясатының құралы болғанын дәлелдейді. Сондықтан, өлкедегі Ресейдің отаршылдық экономикалық саясатының бейнесін толыққанды ашып-көрсету үшін отандық тарихтың өзекті мәселелер қатарына жататын өлкедегі кедендік іс тарихына ден қойып, арнайы зерттеуді талап етеді.

Өзінің Еуразиядағы географиялық орналасуына байланысты Қазақстан бүгінгі күні көршілес елдермен берік экономикалық байланыстарды орнатуға, өзінің сауда-транзиттік мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделі, осындай әріптестік бағыттарының бірі ретінде кедендік іс үлкен рөлге ие болады. Аталған үрдістің барлық мүшелерінің мүддесі үшін кедендік өзара әрекеттесудің тиімді үлгілерін жасау мақсатында кедендік құрылымдар тарихын зерттеу аса маңызды.

Кедендік саясат пен кедендік іс тарихы мәселелеріне назардың өсе түсуі - ақырғы онжылдықтың құбылысы. Бұл қызығушылық, бір жағынан, экономикалық либерализация кезеңіндегі маңызды мемлекеттік институт ретінде кедендік жүйе рөлінің күшейуімен, екінші жағынан, кедендік жүйенің өзінің тарихи тәжірибесін жандандыруға, сыртқы сауда монополиясы жағдайларындағы кедендік іс-әрекет саласының тарылуымен байланысты тарихи ақтаңдақтарды өткеруге объективті қажеттіліктерімен шартталған. Сонымен қатар, жаһандану жағдайларында кедендік өзара әрекет етудің ең тиімді тәсілдерін қалыптастыру қажеттілігімен байланысты кедендік істің тарихи тәжірибесін зерттеу ерекше мағынаға ие болды.

1 КЕДЕН САЛАСЫ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА САЛА

1.1 Егеменді Қазақстандағы кеден саласын басқарудағы мәселелер

Арнайы және қызмет ететін халықаралық ұйымдар – Бүкіләлемдік сауда ұйымы (ВТО/ГАТТ), Бүкіләлемдік кеден ұйымы және т.б. бір мезгілде міндеттемелерді орындай отырып, белгілі бір мақсатқа жету жолында мүшелікке кірген, планетамыздың көптеген елдерін құрамына алып, біріктіреді. Бұл мемлекеттердің мемлекеттік басқаруына тән өзінің ішкі және сыртқы мүдделері болады.

Қазақстан 1992 жылдан Бүкіләлемдік кеден ұйымына мүше бола отырып, үстіміздегі жылы Бүкіләлемдегі Сауда ұйымына мүше болды. Егеменді мемлекеттер ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар жүзеге асыратын құқықтық реттеудің салаларын өздері анықтайды. Бұл салаға Қазақстанның егемендік алғаннан кейін шынайы пайда болған кеден саласын жатқызуға болады. Басқа салаларды біз төменде қарастыратын боламыз. Егеменді Қазақстандағы кеден саласы кеден ісі ретінде және кеден саясаты, соған сәйкес құқықтық қатынастар түріндегі ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Оны бүгінгі күнгі қабылданатын саяси және экономикалық шараға әсер етуіне тиісті қоғамдық, мемлекеттік және жеке мүдделер тұрғысынан қарастыру маңызды. Егер біз мемлекеттік деңгейде кеден саласын мемлекеттік механизмнің екінші элементі ретінде қарастыратын болсақ, ол өз міндетін толық көлемде атқара алмайды және барлық өзгерістерге бірқатар кешігулермен әсер ете отырып, осы механизмнің қосымша ретінде ғана қызмет атқаратын болады.

Сонымен, кеден саласының қызметін басқа мемлекеттік қызмет салаларынан бөлшектеуге болмайды, өйткені олардың арасында өзара байланыстың объективті негізі бар. Монополиялық мемлекеттік ретке келтіру мәселелеріне кеден саласы, кеден саясаты, кеден ісі, кедендік әкімшілік ету, кеден заңдылықтарының нормаларын Қазақстанның басқа заңдылықтарымен сәйкестендіру (қолданыстағы ішкі құқықты үйлестіру), құқық қолданушылық тәжірибесіне сәйкес мамандарды кәсіби дайындау, қоғамдағы құқықтық нигилизмді жою жатады. Кеден ісі және кеден саясаты негізгі институт және қолданыстағы құқығы ретінде мемлекеттің осы сала қызметінің қазіргі жағдайын және тұтас алғандағы кеден саласының мәселелерін көрсетеді. Кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қолданылатын бірыңғай кедендік төлемдер жүйесін құру жолымен іске асырылатын кеден саясатын мемлекетіміздің сыртқы экономикалық қызметінің бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, жалпы мәселелерінің, кеден саясатының мақсаттары мен кеден ісінің жөнге қойылуының және кеден саласының маңыздылығын байқауға болады. Кеден шекарасының жалпы ұзындығы 13 мың км; оның ішінде Ресеймен – 7000

км, Өзбекстанмен – 2000 км, Түркіменстанмен – 400 км, Қырғыз Республикасымен – 1000 км астам, Қытаймен – 1700 км. Теңіз шекарасы – 1700 км ұзындықты алып жатыр.

Қазақстанның кеден шекарасынан жылына орта есеппен 1 млн. жеке тұлға қатынайды (мысалы: 1995 ж. - 651 148 адам Қазақстан Республикасынан, 526 050 - Қазақстан Республикасына, 1996 ж. – сәйкесінше 590 879 және 507 893 адам); 1997 – 2006 жж. 1 млн. астам тауарлар айналымы динамикасы әкелінуден сыртқа шығарудың жоғары екендігін байқатты (мысалы: 1995 ж. 73 715 мың тонна шығарылса, 19 418 әкелінген, 1996 ж. тиісінше 67 474 және 18 069, 1997 ж. - 55 000 және 15 000; 1998 ж. - 43 044 және 12 100 тонна кірген). Көптеген процедуралық әрекеттер жүзеге асырылады (мәселен, 1995 ж. - 298 537 жүк кеден декларациясы рәсімделген, кейінгі жылдары оның көлемі 200 000 асқан); 2000-2006 жж. – 300 000 – 350 000 жүк кеден декларациясы рәсімделген. Жыл сайын кеден қызметіне қойылатын талаптар қатаңдауы керек, оның үстіне бюджетіміздің кіріс бөлігіне жыл сайын кеденнен түсетін табыс көбеюде (1994 ж. – 7 млрд. теңгеден астам, 1995 ж. – 20 млрд. теңгеден астам; 1996 ж. – 18 млрд. теңге; 1997 және 1998 ж.ж. – 20 млрд. теңгеден астам; 1999 ж. – 40 млрд. теңгеге жуық); 2000-2006 жж. – 100 – 350 млрд. теңгеден астам. Қазақстан бекіткен кеден ережелері Кеден одағы мемлекеттеріндегі және ТМД-дағы кейбір ерекшеліктерін қоспағандағы нормаларға ұқсас. Ережелерді бұзу динамикасының өзі нақты тұрақты динамиканың сақталуын айғақтайды. Сонымен, 1995 ж. - 3773 кеден ережесін бұзу анықталған (КЕБ) және 250 қылмыстық іс; 1996 ж. – 10000 астам КЕБ және 200 қылмыстық іс; 1997 ж. – 15000 астам КЕБ және 88 қылмыстық іс; 1998 - 11000 КЕБ және 40 қылмыстық іс қозғалған; 2000 – 2006 жж. – 25000 – 30000 КЕБ және 300 – 350 астам қылмыстық іс қозғалған.

Кеден заңдылығымен қарастырылған 40 кеден ережесін бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 209, 214 және 250 баптары кедендегі заң бұзушылықтарды бәрінен қамтығанымен, Қазақстан халықтарының және шетел мемлекеттерінің шекарасынан алынып кетілген көркемдік, тарихи және археологиялық мұраларын қайтармау сияқты құқық бұзушылықтар назардан тыс қалдырылған. Кеден заңы халықаралық нормалардың жетістігіне негізделетіндіктен, кеден заңының зор болашағы және қорлары бар; құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру қажет. Мемлекет, сондай-ақ кедендік қатынастардың басқа да қатысушыларының қызметінің мүдделеріне сай кеден реттеулерінің қажеттігіне байланысты айтарлықтай айқындалған бағыттылығына ие болу қажет. Осыған орай Қазақстан ғалымдарының еңбектері кеден құқығының әдіснамалық негіздерін, пәні мен құқықтық реттеу тәсілін, осы құқық саласының жүйесін, қағидалары мен құқықтық институттарын зерттеуге және оның қайнар көздері мен өзге де мәселелеріне арналған.

Кеден құқығы мемлекеттік және басқа кеден ісіне қатысушылардың мүддесін қорғайтын айтарлықтай анық бағытқа ие болуы тиіс. Бұл бағыттар ең тиімді кедендік әкімшілік етуді немесе кеден шекарасынан өткізетін

процедуралар мен бақылау қызметтерін, кеден режимін анықтауда кеден төлемдерін есептеу мен алуды, кеден рәсімдеуін, кеден бақылауын жүзеге асыруды, жауапкершілік мәселелерін жүзеге асыру кезінде белгілі бір жариялылықты талап етудің түрлерін айқындауы қажет. Кеден заңында қарастырылатын кедендік әкімшіліктендірудің делдалдық қызметін пайдалану нысаны (кеден брокері немесе кеден тасымалдаушысы), кеңес және ақпарат беру, кейбір процедуралар мен қызметтерді жеңілдету сияқты мұнда шынында, кеден органдарының өкілеттілігінің бір бөлігін басқа ұйымдарға беру әр түрлі бұзушылыққа және қиянат етушілікке алып келуі мүмкін. Сондықтан кеден құқығына жеке құқық саласы ретінде қоғамда болып жатқан жағдайлар сөзсіз әсер етеді. Кеден құқығы көздейтін мақсаттарды анықтаймыз. Мәселен, проф. М.А. Сәрсембаев мынадай мақсаттарын айтады: -кеден ісінің тиісті ұйымдары республикадағы кеден саясатын жүзеге асыратын құрылымдармен қамтамасыз етуі тиіс; -кеден мекемелерінің қалыпты әрі тиімді жұмыс істеуі үшін сәйкесінше жағдай жасау; -кеден қызметін жүзеге асырғанда Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету; - қазіргі халықаралық құқық субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының экономикалық және сыртқы экономикалық мүдделерін қорғау. Біздің ойымызша, осы мақсаттардың қатарына кеден саласы мен кеден саясатында ғылыми доктрина дайындауды, қалыптасқан жағдайды теориялық тұрғыдан негіздеу, кеден заңдары мен кеден салаларының даму жолдарын маманданған кадрлар дайындау үшін оқу пәні ретінде кеден құқығының зерттеулерін жете пайдалануды қосуға болады. Кеден саласында психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық және басқа да критерийлерді ескере отырып таңдап алынған жоғары білікті мамандар еңбек етуге тиіс. Қоғам мен азаматқа өркениетті түрдегі қызмет ету үшін кеден саласына мемлекет тарапынан оның қажеттіліктеріне қызу көңіл бөлуге тұрарлық. КСРО ыдыраған соң, Қазақстан өз мемлекеттілігін 1978 ж. Қазақ ССР Конституциясына және одақтық заңдарға сүйене отырып құра бастады, бірақ бұл нормалар ескі жүйенің қағидаларынан көрініс беріп, бүгінгі күн талабына жауап бере алмады және жаңа мемлекеттің құқықтық негізі болып қызмет ете алмады.

Бүгінгі Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылдануына алғашқы дербес заңдар мен 1993 ж. егеменді Қазақстанның тұңғыш Конституциясы алғышарт болды. Конституция (1995) жаңа мемлекеттігіміздің негізін қалап, қоғамдық дамудың бағыты мен ретін анықтауға қабілетті бірыңғай мемлекеттік биліктің құрылуына жол ашты.

Тәуелсіздігіміздің 5 жылдығына арналған баяндамасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев экономикалық реформа және заңмен қамтамасыз ете алатын, ішкі са- яси процестерді тұрақтандыратын елімізде тұрақты, мирасқор мемлекеттік билік институты құрылғандығын және азаматтық ко- декс, салық кодексі, Жер туралы заң, ипотека, мемлекеттік қызмет сияқты экономикалық реформаларды іс жүзіне асыратын заңдардың бірқатарын атаған болатын. 1991 жылғы желтоқсан айындағы оқиғалар КСРО-ның ыдырауына әкеліп, Қазақ КСР-ін қоса алғанда, одақтас мемлекеттердің

тәуелсіздігін жариялауына мүмкіндік берді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев “Қазақстан 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында”: біріншіден, Қазақстан егемен тәуелсіз мемлекет болды. Екіншіден, біз кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастадық. Аталған мақсаттарға жете қойғанымыз жоқ, дегенмен жекелеген бағыттарда көзге түсер нәтижелеріміз де бар,” – деген.

Ескі саяси және экономикалық жүйенің қалдықтарын ескере келе, ұлттық стратегияны жүзеге асыру кезеңі толық қалыптасып үлгерген жоқ. Дербес мемлекет қалыптастыру үшін құқықтық базаны түбірімен қайта құру қажет. Жүргізілетін құқықтық реформаның нәтижелілігіне мемлекеттік деңгейде мән берілген, бұған дәлел – 1993 жылғы 16 маусымдағы Президенттің “Қазақстан Республикасының құқық реформасының тиімділігін арттыру шаралары туралы” жарлығы. 1995 ж. Конституция жаңа қолданыстағы құқық категориясын енгізе отырып, оның негізі болып табылатын қайнар көздеріне сілтеме жасайды. Оған Конституция нормаларынан өзге, тиісті заңдар, басқа нормативтік құқықтық актілер, халықаралық келісім-шарттар және республиканың басқа да міндеттемелері, Жоғарғы сот пен Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары жатады.

1.2 Егеменді Қазақстандағы жеке монополиялық мемлекеттік және басқа салалардың өзара байланысы

Мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитын заңдарды кешенді әрі жүйелі түрде жетілдіруді жүзеге асырсақ, айтылған мәселелерді шешуге қол жеткізе аламыз. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Парламент қызметі туралы айтқан сөзінде еліміздің заң шығарушы органының бүгінгі күні кодекс түріндегі жинақталған, кодталған кешенді актілерді қабылдауға ерекше көңіл аударып отырғанын алға тартады. Кеден құқығы егеменді Қазақстанда мемлекетіміздің сыртқы экономикалық қызметінде жаңа құрал болып табылады. Заңдарымыз “кеден ісі”, “кеден саясаты”, “кеден саласы” сияқты құқықтық категориялардың жеткілікті түрдегі дәл анықтамасын бермегендіктен, оларды қолдануда кейбір қиыншылықтарға соқтырды. Қазақстанның, Ресейдің және Қырғызстанның кеден заңдарының, сондай-ақ, ТМД қатысушы – мемлекеттердің Кеден заңдарының негіздеріне жасалған талдау кейбір баптарда кеден ісіне жоғары мән берілетіндігін көрсетті. Мысалы, кеден ісі 1-бапта “Кеден ісі” ұғымы анықталған соң ары қарай сілтемелі номерлер арқылы көрсетіліп, Қазақстан Республикасында (“Кеден ісі туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 3-11, 13, 16, 424 баптары) жанжақты ұғымға айналған.

Кеден саласы мемлекет қызметінің монополиялық саласы ретінде кеден мүддесі мен мемлекет қызметіне сай келіп, өз құрылымына кеден саясаты мен кеден ісін енгізген. Бұл жағдайда республиканың егемендігін, қауіпсіздігін, экономикалық мүдделерін қорғайтын кеден саласындағы мемлекет қызметімен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге қажетті саласы кеден құқығының пәні болып табылады. Кеден саласының басқа бір элементі – кеден саясаты –

тұтастай ішкі және сыртқы саясаттың өзіне тән мақсаттары бар. Заңдар негізінде оны мемлекет саясатының ішкі және сыртқы құрама бөлігі ретінде қарастырғанымен, кеден саясатының кейбір мақсаттары, біздің ойымызша, кеден саласы шеңберінен шығуы мемлекеттік басқарудың басқа салаларымен өзара тығыз байланысы мен оның маңыздылығын көрсетеді. Мемлекеттің бірыңғай сыртқы экономикалық қызметінің жүйесін қалыптастыру 1990 ж. 15 желтоқсанда “Қазақ ССР сыртқы экономикалық қызметінің негізгі қағидалары туралы” Қазақ ССР Заңымен қарастырылған. Бірақ дербес кеден ұйымдарын құрмай, бұны тәжірибеде жүзеге асыру мүмкін болмады. Кеден ісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту КСРО-ң біртұтас кеден аумағы негізінде бекітіліп, оның құзырына кеден саласында 1990 ж. 10 сәуірдегі “КСРО, одақтық және автономдық республикалардың экономикалық қатынастарының негізі туралы” Заңымен анықталған КСРО, одақтық және автономиялық республикалардың экономикалық мүддесін қорғау, кеден баждары мен алымдарын бекіту кірді. Одақтас республикалар өзара келісімінсіз тауарлар мен қаржы ресурстарын әкелу мен әкетуге шектеу қоюға, өз аумақтары арқылы жүк транзитіне бөгет жасауға, басқа мемлекеттің азаматтары мен заңды тұлғалары меншігіндегі ақша және мүлік құралдарын өткізуге кедергі келтіруге, кеден төлемдерін енгізуге тыйым салынды.

Кедендік, сондай-ақ, әрекет етуші тетіктердің болмауы Қазақстаннан әртүрлі шикізаттар мен басқа да тауарлардың кедергісіз әкелілуіне әсер етті, оларды әкетуге рұқсат және лицензия болғанның өзінде, Қазақстан тиісті бөлінген валюталық аударымдарды алмады. Сонымен қатар бұл үрдісті тоқтатуға республикалық мемлекеттік органдар дәрменсіз болды. Оған мысал ретінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 27 қазандағы № 210 бұйрығын айтуға болады. Онда киік мүйіздерін өткізуден түскен пайданың заң бекіткен пайызы (5 %) одақтас министрліктер мен оған ведомстволық бағынышты кәсіпорындардан Қазақстан Үкіметіне аударылуға тиіс екендігін негіздеген. Бұл пайда түгелімен аударылмаған және ол бойынша көрсетілген жазалау шаралары да орындалмаған. Тағы да бір айта кететін жайт, одақтық министрліктер мен ведомстволардың ешқайсысы селт етпеген, ал белгіленген квота шеңберінде берілген лицензиялар саны кемімеген. Мемлекетіміздің сыртқы экономикалық қызмет механизмін анықтауға тағы бір талпынысы 1991 ж. 6 маусымдағы № 328 “Қазақ ССР республикалық валюта комитеті туралы” Қазақстан Президентінің қаулысы болды. Жаңадан құрылған мемлекеттік орган валюталық және экспорт – импорт саясатын жасау мен үйлестіру, экспорт базасын дамыту мен экспорт үшін ресурс іздестіру шараларын айқындауы керек болды[1].

Президент аппаратының бұл бөлімшесін Премьер – министр басқарса да, шын мәнінде, бұл комитеттің бар мәселелерді шешуде ешқандай рөлі болмады және жарыса қызмет істеуші орган болып табылады. 1994 жылғы 9 маусымдағы Жоғарғы Кеңес мәжілісінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаев еліміздің шикізаты көп салаларын айқын көрсетті. Қазақстан экономикасын реформалау үшін заңдардың пісіп – жетілмегендігі сезіліп тұрды. Бұрын қажет болмаған жаңа

қоғамдық қатынастарды реттеу үшін жаңа заң актілерінің қажеттілігі туындай бастады. Бұл кеден саласына да қатысты. 1991 ж. 24 желтоқсанда Қазақстанда “Кеден тарифі мен бажы туралы” Заң қабылданып, кеден бажының жүйесі ретінде кеден тарифін құрып, қолдану көзделді. Сөйтіп, республикамызда дүние жүзілік қауымдастық таныған мемлекеттік қызметтің тәуелсіз функциясы кеден саласында да орныға бастады. Кеден құқығының объектісі ретінде кеден саласы - өз алдына қойған мақсаттары мен тапсырмалары бар кең сала. Кеден саласы, 1991 ж. 16 желтоқсандағы ҚР тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңында да атап өтілгендей, еліміздің экономикалық негізін нығайту үшін құрылған объективті қажеттілік. Басты бағыт ретінде қаржы-несиелік, ақша жүйесін, республикалық кеден және салық жүйелерін құру құқығы анықталды. Кеден жүйесі кең мағынасында, қалыптасу барысында қазақстандық кеден құқығын дербес салаға айналдыратын қажетті заңды негіз қалап келеді.

Кеден құқығы мен кеден саласының дамуында кезеңдік бөліну 1995 жылғы 20 шілдедегі “ҚР кеден ісі туралы” Президенттің заң күші бар Жарлығымен көрінді. Бұл жүйеленген нормативтік құқықтық актіні қабылдау кеден заңдарын толықтырып, құқық саласы ретіндегі құрылымын реттеуге, кеден құқығы пәнін кеңейтіп, әдіс-тәсілдерін анықтауға, қағидаларын бөліп көрсетуге және қазақстандық құқықтың басқа да салаларымен байланысын құқыққа дәстүрлі тәсіл арқылы білуге мүмкіндік береді. Кеден ісінде жаңа мазмұнды категориялы аппарат пайда бола бастады. Ең маңызды мәселелер қатарына басқа қазақстандық құқық салаларымен – әкімшілік, салықтық, қылмыстық, қылмыстық- процессуалдық, қаржылық, еңбек құқықтарымен үйлесімі жатады. Мемлекеттік құқықтық реттеуге жататын кеден саласымен байланысты қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, сыртқы экономикалық қызмет, табиғи монополия, экология, көлік және т.б. салаларды атауға болады. Қазақстан Республикасының қорғанысы республиканың егемендігін қорғау, аймақтық біртұтастықты сақтау және оның шекарасына қол сұғылмауын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын саяси, әскери, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құқықтық сипаттағы мемлекеттік шаралар жүйесі болып табылады[2].

Қарулы күштерге әскери басқарудың органдары, қарулы күштердің түрлері, тыл, әскери құрылыс бөлімдері, әскери оқу орындары, соғыс кезінде – шекаралық және ішкі әскер, ұлттық гвардия, ҰҚК-ң әскерлері, Азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдері кіреді. Қазақстанның мемлекеттік шекарасын қорғауды заңмен бекітілген жағдайларда кеден органдарымен бірге қызмет атқаруға шақырылған шекаралық әскер жүзеге асырады. Сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу кейінгі кездері оның босаңсуы әкімшіліктен гөрі экономикалық әдіске көшу тенденциясын көрсетеді. Әрине, бұл көптеген күрделі процедураларды жеңілдетіп, кеден тарифін реттеудің анық қажеттілігі пайда бола бастағанымен, осы уақытта кедендік әкімшіліктендіру сақталды. Қазақстан төмендегі қызмет түрлері енетін табиғи монополиялар саласын: құбыр жүйесі магистралімен мұнай өнімдері мен мұнайды тасымалдау; магистралді және таратушы құбыр жүйелерімен газ

бен газ конденсатын тасымалдау; жылу және электр энергиясын беру мен бөлу, темір жол магистралінің эксплуатациясы; әуе жай, порттарда, әуе – навигация қызметі; жергілікті байланыс жүйесін пайдалану мен телекоммуникация қызметі; су шаруашылығы және канализация жүйесінің қызметі, пошта байланысы қызметі; заңмен бекітілген басқа да қызметтер түрін жатқызады. Мемлекет қызметінің салалары олардың өзара қызметтесуі тап- сырмалары мен іске асырып жатқан жұмыстарынан байқалады. Ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөліктеріне сыртқы экономикалық, ақша – несие, сауда, кеден, салық, инвестициялық, қазынагерлік, жаңа өнеркәсіптік, монеторлық және т.б. жатқызуға болады. Қазақстан үшін жалпы мемлекеттің осы ішкі және сыртқы саясат құрамдас бөліктерінің мақсатын, маңызын, әлеуметтік бағыттылығын, өзара сәйкестілігін, орындау жауапкершілігін қарастыруды қажет ететін ұлттық саясат туралы нормативтік құқықтық акт қажет.

2 РЕСЕЙДІҢ КЕДЕН ІСІ МЕН КЕДЕН САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХЫ

2.1 Феодалдық бытыраңқылық кезеңіндегі орыс княздықтарындағы сыртқы сауданың дамуы

Феодалдық бытыраңқылық кезінде ірі жериеленушілік, қала қолөнері және сыртқы сауда өсті. XII ғ. басында батыс мемлекеттері мен қалаларымен байланыс құруда орыс княздықтары мен қалалары едәуір жетістіктерге қол жеткізді.

Ганзей Одағы. 1229-жылғы смоленскінің Гот жағалауымен шарты. 1266-жылғы Новгород пен Твер князы Ярослав Ярославичпен жасаған шарттық грамотасы. Мыт – өту үшін баждың мөлшері.

Түрік тілдес халықтардың «таңба» сөзінен орыстардың «тамжить» яғни тамга үшін өндіру, ал одан «таможня» сөзі шыққан. «Таможенная голова» - аға кеденші. «Таможенная грамота» - өз жерінде сауда ұйымдастыру және әкелген тауарданбаж алу құқығын беретін рұқсат.

Князь Ярослав Владимировичтің XIII ғ. 2-жартысындағы жарғысындағы тамга туралы ережелері.

XIV-XVI ғ.ғ. Ресейдегі кеден қатынастарының ерекшеліктері. XIV ғ. басында-XV ғ. қолөнер қарқынды дамыды. Жекелеген княздықтарда өз тыйындарын шығара бастады. Жергілікті базарлар қалыптасты. Мәскеу маңызды сауда жоджарының орталығына айналды. Кішкене Звенигород қалашықтарымен қоса князь қазнасы үшін ішкі алымдарды жинаушы орталығы болды.

Ішкі кедендік алымдар. Алым алынуға жатпайтын жеке заттар. 1397-жылғы Василий III Дмитриевичтің Двиндік жерге берген жарғылық грамотасы. XV ғ. Мәскеу маңына жақын княздықтардың бірлесуі және сыртқы саяси қатынастардың нығаюы. Иван III, Василий III, одан кейін Иван IV кедендік алымдарды реттеу талпыныстары. 1571-жылғы Новгородтық кедендік грамотаның ережелері.

XVI ғ. ортасындағы Ресейдің сыртқы саудалық және кедендік саясатының дамуы. 1553-жылы Солтүстік Двина сағасына ағылшын көпесі әрі саяхатшысы Ричард Ченслердің келуі. Ричард Ченслердің Иван IV Грозныйдан алған құқықтары. 1570-жылы ағылшын көпестеріне қатысты кедендік жеңілдіктердің алынып тасталуы. 1574-жылы жеңілдіктердің аз мөлшерде қайта енуі. 1587-жылы патша Федор Иоанновичтің кезінде ағылшындарға артықшылықтардың қайтарылуы және оның 1588-жылғы қазнаға тигізген зияны. 1596-жылғы Федор Иоанновичтің пен Б.Годуновтың жарлығы.

Михаил Романов кезіндегі кеден ережелері. Кеден тыйымдары мен қазналық монополия.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғ.ғ. Ресейдегі кеден құқығы

XVII ғ. сауданың дамуы және кеден саясаты. 1653 жылдың саудалық жарғысы. Орыс тарихының жаңа мерзімі (XVII.) барлық княздықтарының нақты араласып кетумен бейнеленеді. XVII ғ. ұсақ өндірістің, ақша айналымының, мануфактуралардың дамуы, аумақтардың байланыстарының күшеюі. Көпестердің ролінің өсуі.

1649-жылғы заңдар жинағы – Ресейдің феодалдық құқығының кодексі. Кодекстегі кеден ережелері.

Кеден реформасы. 1653-жылғы Сауда жарғысы. Бірыңғай рубльдік баж салықтарының пайда болуы. Кеден жарғысының негізіндегі 1654-жылдың сәуіріндегі жарғылық грамотаның тыйымдары.

Алексей Михайловичтің 1667-жылғы Жаңасаудалық жарғысына байланысты кедендік саясаттың дамуы. Монетаризм идеясының кедендік заңнамада орын алуы. Жарғыдағы шетелдік көпестерге байланысты ережелер. Шетелдіктерге арыздану ережелері.

Ресейдің протекционистік саясаты және кедендік органдардың жүйесі. Патша үкіметі отандық тауарларды орыстардың сатуына байланысты протекционистік саясатты бастауға мәжбүр болды. 1667-жылғы Жаңасаудалық жарғысы бойынша шетелдіктердің тауарына салынатын баж салығы 4 есеге көбейтілді. Олардың саудасы тек шекаралық қалалармен шектелді. Шетелдіктерге кеденнен тыс жеке саудаға тыйым салынды. Шетелдік тауарларды сатуда артықшылықтарға үнділік, гректік, бұхаралық және армяндық көпестер ие болды[3].

Кедендік құжаттаудағы таможенная голова мен целвальниктердің, воеводалардың өкілеттіктері мен міндеттері. Тауарларға қойылған сапа талаптары. Қант, шарап және эшекейлерге салынған тыйым салушы алымдар. Шетелдік тауарларды әкелу тәртібінің қатаюына байланысты контрабанданың күшеюі және оның алдын алу мен жазалау ережелері.

XVIII ғ. аяғындағы кедендік органдар жүйесі. Үлкен қазнаның Бұйрығы. Мәскеудегі Үлкен Кеден, Өкілдік жаңа кеден, Мыттық үй. Үйездардағы кедендік үйлер. Дьяктар мен подъячшылар.

XVIII ғ. кедендік шаралар мен реформалар. Петр кезеңінде өндірістің, мануфактураның, ауыл шаруашылығының дамуы ішкі саудаға серпіліс берді, ал Ресейдің Балтық теңізіне шығып, сыртқы саяси акцияларды өткізуі орыс

мануфактурасы тауарлары үшін Еуропаға жол ашып берді.

1726-ж. сыртқы сауда балансының артуы. 1699-ж. Архангельскіде әкелінген сусындарға баж салығын салу туралы Петр I жарлығы. 1722-ж. петербургке шетел көпестерін тарту үшін кедендік алымдардың кемітілуі. 1724-ж. протекционистік кеден тарифы.

1718-ж. Петр I коммерц-алқаны құруы. Кеден бастықтары кеден бурмистрлар, 1720-жылдан бастап обер-цольнерлар деп аталды. Олар мемлекеттік қызметкерлер ретінде жылдық ақы алды.

1681-жылы жойылған өтемақылар жүйесі 1712-жылы құрғақ жол шекарасында қайта енгізіліп, 1721-жылы тағы да расталды. 1723-ж. жарлықпен жолдарда мықты заставалар құру бұйырылды. 1724-ж. коммерц-алқаларға кеден яхталарының болуы тапсырылса да, тек 1747-жылы бірінші яхта суға жіберілді.

Петр I мұрагерлерінің кедендік саясаты. 1731-жылғы Теңіз кедендік жарғысы. 1746-ж. жарғымен Балтық теңізіндегі су территориясы зеңбіректің оғы жететін жерге дейін деп анықталды.

Граф П.Н.Шуваловтың ұсынуымен жасалған 1753-1757-ж.ж. ірі кедендік реформа. 1753-ж. жарлықпен ішкі саудадан алынатын рубльдік баж салығының жойылуы. Ішкі кеден шекараларының алынып тасталуы. 1754-жылы шекаралық күзеттің құрылуы. 1758-жылғы Шемякин мен Яковлевпен жасалған кедендік келісім және оның 1762-жылы жойылуы. 1766-ж., кедендік тариф бойынша әкелінген тауарлардың көбісі аз мөлшердегі (12%-30%) баж салығымен жүктелді. Ал 1782-ж.

XVIII ғ. екінші жартысындағы кеден саясатының либерализациясы. 1767-ж. жарғы және 1775-ж. манифестпен өндірістік монополиялардың жойылып, өндіріс пен сауда еркіндігінің жариялануы. 1782-ж. Екатерина II кеден күзеттерін құруы және олардың құрамы.

2.2 Ресейдегі кеден ісінің пайда болуы мен XIX ғ дейінгі дамуы

XIX ғасырдың орта шеніне дейін Ресейде кедендік мәселелерге арналған зерттеулер болмаған еді. Мәселеге зерттеушілік ынта Ресейдегі түбегейлі экономикалық реформалар кезінде туындаған болатын. Осы кезеңдегі ресейлік өнеркәсіпті дамытудың қажеттілігі сыртқы сауда саясаты мен кедендік тарифтер мәселесін қайта қарастыруға итермеледі. Бұл ресейлік саяси билік өкілдерінің арасында протекционизм жақтастарының пайда болуымен шартталды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында протекционизм мен фритредерлік саясат жақтастары арасындағы қарама-қайшылықтар өрши түсіп, екі ағым арасында жоғары саяси-биліктік орта мен қоғамдық санадағы үстемдік үшін күрес кезеңі басталады.

Еркін сауда ілімі Адам Смиттың экономикалық шығармаларынан туындаған еді. Ол бойынша еркін сауда концепциясына протекционистік көзқарастар қарсы қойылып, бәсекелестіктің берік салалардың дамуына дем беруіне және импортпен бәсекелесе алмайтын өндірістердің жойылуын

жеделдетуіне байланысты еркін сауда «мықты экономикалар» үшін де, дамушы елдер үшін де тиімді деп саналды. Фритредерлер пікірінше, аталған үдерістердің барлығы жалпы тиімділікті жоғарылатып, керісінше, протекционизм дамуды тежеп, ұлттық экономикалардың тежелуіне әкеледі. Аталған ілім ХІХ ғасырдың ортасына қарай Батыс Еуропа мемлекеттері (Ұлыбритания, Франция, Германия) арасында кең тарап, қоғамдық санада үстемдік құрды.

Протекционизм ілімі ХІХ ғасырдың басындағы белгілі неміс ғалымы Фридрих Листтың еңбектерінен туындаған болатын. Ф.Лист алғашқы болып басқа елдермен бәсекеге түспеуінше, шетелдік бәсекелестіктен «жас және нығаймаған өнеркәсіпті қорғайтын тәрбиелеуші протекционизм» жүйесі секілді саясатқа классикалық теориялық негіздеме берді. Дәл осы екі ағымның арасындағы тартыс мәселеге қызығушылықтың өсуіне дем болып, кедендік-сауда саясат мәселелеріне арналған зерттеулер туындады.

Ресейдегі жалпы кедендік мәселелерді зерттеудің алғашқы талпыныстары ХІХ ғасырдың орта шенінде басталады. Осы кезеңде Қазан университетінің профессоры, саяси ғылымдардың докторы Е.Осокинның, Д.Толстойдың, С.Никольскийдың еңбектері жарық көреді. Бұл еңбектер зерттеу деңгейі бойынша төмен, бағыттылығы бойынша Еуропалық Ресейдің аумағын және оның батыс елдерімен кедендік қарым-қатынасын қамтитын еңбектер болатын.

Ал, кедендік саясат мәселелерін зерттеуге ресейлік қоғамдастық тарапынан ғылыми қызығушылықтың алғашқы толқыны ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезеңіне жатады. ХІХ ғасырдың 60-70 жылдары басталған ресейлік өнеркәсіпті дамытудың жолдарының ізденісі кедендік мәселелерді ғылыми зерттелу қажеттілігін тудырды. ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында кедендік саясаттың жағдайына және тарихына байланысты көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Олардың қатарына - И.М.Кулишер, зерттеуші-экономист М.Н.Соболев, К.Лодыженский, Н.Н.Шапошников, белгілі экономист Е.Ф.Брандт, П.Б. Струвеның еңбектері жатады. Бұл жұмыстарда экономика мен сыртқы сауда мәселелерімен тығыз байланыста кедендік іс дамуының негізгі бағыттары қарастырылады, оның арнайы-саяси маңызы туралы айтылады. Бұл бір жағынан кедендік саясат тарихы бойынша зерттеулердің бағыттылығын, сыртқы сауданы тарифтік реттеудің теориясы мен тарихы мәселелеріне ерекше назарды белгіледі. Басылымдардың бірқатары кедендік саясаттың (меркантилизм, фритредеризм, протекционизм), негізгі «кедендік шараларды» жетілдіру үрдісі мен мазмұнына олардың әсері негізінде жатқан экономикалық концепцияларды сараптаумен байланысты болды. Ғалым-экономисттердің еңбектеріндегі ресейлік кедендік саясатты ретроспективті сараптамадан өткізу белгілі бір ғылыми мақсаттарды көздеді. Сыртқы академизмге қарамастан, олардың зерттеу жұмыстары үлкен пікір-таластық потенциалға ие болды, себебі, авторлардың көбі үстем теориялардың бір жағын - протекционизм немесе фритредерлік позицияны ұстанды. Тарихи материалға бетбұрыс кедендік саясат төңірегінде өздерінің теориялық көзқарастарына дәлел табу мақсатымен шартталды[4].

Осы кезеңде XVIII-XIX ғасырлар кезеңіндегі ресейлік кедендік саясат тарихы бойынша революцияға дейінгі тарихнамада жалғыз зерттеу жұмысы жарияланды. Оның авторы - экономист В. Витчевский Ұлы Петрден Екінші Николайға дейінгі Ресейдің сауда, өнеркәсіптік және кедендік саясатының дамуын қарастырды. Зерттеу жұмысы автор заманындағы ресейлік және шетелдік әдебиетті жалпылау негізінде жазылған. Еңбекте салыстырмалы-тарихи сараптама әдістеме қолданылған, Ресейдің сауда, кедендік және өнеркәсіптік саясатының мазмұны басқа елдердің саясатымен салыстыру арқылы сараланады. В. Витчевский зерттеу жұмысы - кедендік саясаттың жеке аймақтардағы, соның ішінде Қытаймен шекаралас аймақтардағы оның көріністерін, ресей-қытай кедендік қарым-қатынас қағидаларын қарастырған алғашқы жұмыстардың бірі. Ресейдің кедендік саясатының «шығыстағы саясат» жүйесін қарастыра отырып, В. Витчевский оның аймақтық ерекшеліктеріне көңіл бөлген. Олардың бірі ретінде ол саяси приоритеттердің экономикалық приоритеттер үстінен үстемдігін айқындаған. Егер еуропалық мемлекеттерге қатысты Ресей XIX ғасырдың басында сауда саясатына «дипломатияның қолындағы саяси мақсаттарға жетудің қаруы» деп тануынан арылса, Шығыста кедендік саясат «таза саяси комбинациялар саласындағы қызметтік рөлін» атқара берді. В. Витчевский монографиясы автордың Ресейдің сауда, кедендік, өнеркәсіптік және тарифтік саясатын шетел мемлекеттерінің саясатымен салыстыра отырып, биліктегі императорлармен, қызметтің аталған салаларына олардың көзқарастарымен тығыз байланыста қарастырылуымен қызығушылық тудырады.

Кедендік саясаттың «тәжірибелік жағы» - сыртқы сауданы кедендік-тарифтік реттеу теориялық ізденістердің жеке саласы болды. XIX ғасырдың 90-шы жылдарының басында Д.И. Менделеевтың «Голковский тариф или исследование о развитии промышленности России в связи с ее общим таможенным тарифом 1891г.» атты еңбегі жарық көрді. Д.И. Менделеевтың «кедендік мәселелерге қатысты ғылыми мұрасы», кедендік саланың дамуына ғалымның қосқан үлесі көпке дейін оның химия саласындағы еңбектерінің, ғылыми ашуларының көлеңкесінде қалды. Д.И. Менделеев еңбегінің «Ресейдің кедендік тарифтері» атты екінші бөлімі орыс тарифінің тарихи ерекшеліктеріне арналған және тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде құрастырылған. Д.И. Менделеевтың тарихи еңбегі негізіне 1886 жылы жарияланған К.Н. Лодыженскийдың зерттеу жұмысы жатты. Д.И. Менделеев өз алдына орыс тарифтерінің тарихын сараптауды мақсат етіп қоймаған, тек құрастыруына өзі атсалысқан жаңа тарифтің мақсатқа сәйкестігі мен негізділігін талдау, түсіндіру үшін оның тарихына көңіл бөліп отырды. Ғалымның «Ресей үшін тиімді сабақ болған кедендік-тарифтік саясаттың қалыптасуы мен трансформациясының қарама-қайшы тәжірибесін негіздеуге және көрсетуге» мүмкіндігі болды. Автор ресейлік кедендік саясатты сараптауға біржақты (фритредерлік немесе протекционисттік) әдіснаманы қолданудан арылып, «абсолютті ілім ретінде протекционизм абсолюттік фритредерлік секілді рационалдық сандырақ» екенін көрсетуге тырысты[5].

Кедендік іс тарихнамасының бірінші кезеңі кедендік іс мамандарының кешенді, фундаменталды, экономикалық және тарихи еңбектерінде орын алған ірі теориялық потенциалының уақыттың шағын мерзімінде жинақталуымен сипатталады. Жоғары аталған еңбектердің қатарына И. Янжулдың, М.И. Казидың, Я.А. Новиковтың еңбектері де жатады. Осы жұмыстардың құндылығы - кедендік саясаттың дүниежүзілік тәжірибесін зерттеу негізінде оның екі жолы (протекционизм мен фритредерлік) қарастырылуында болатын, осы жолдардың біріне Ресей де түсуі қажет еді. Аталған еңбектер негізінен Еуропадағы фритредерлік пен протекционизм тәжірибесін қамтып, оның теориялық және тәжірибелік негіздемесіне талдау жасайды.

Үлкен қызығушылықты Қаржы Министрлігінің мерейтойына арналған жұмыс тудырады, онда Министрліктің қалыптасу тарихымен қатар биліктік құрылымдардағы өзгерістерге байланысты мемлекеттің кедендік саясатының өзгеруіне арналған көптеген сұрақтар шеңбері қарастырылады. Маңызды орын жаңа кедендік тарифтер мен ережелердің қабылдануына және оларды қабылдау нәтижелеріне берілген. Ресейдегі қаржы басқармасы құрылымының өзгеруі туралы мағлұматтар да беріледі.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми-зерттеушілік сипаттағы еңбектер Ресей империясының жалпы кедендік саясатына арналған теориялық-ізденушілік зерттеулердің қатарына жатады. Олардың құндылығы - жалпыресейлік кедендік салаға ортақ болған тенденцияларды түсініп, оған аймақтық нұсқаның сәйкестік деңгейін, аймақтық ерекшеліктерін анықтауға және оның жалпы кедендік-сауда саясат жүйесіндегі орны мен рөлін белгілеуге мүмкіндік беруінде тоғысқан.

Ресей-қытай дипломатиялық қатынастар мәселесіне арналған революцияға дейінгі еңбектер қатарына Х.Трусевичтың 1882 жылы жарық көрген «Посольские и торговые отношения России с Китаем» атты еңбегін атауға болады. Бұл жұмыста көлденең түрде кедендік мәселелер де шолып өтілген. Сонымен қатар, Ресейдің Орта Азиядағы жүргізген саясаты мен шараларын зерттеуге арналған Н.А.Диньгельштадттың еңбегін атау қажет. Бұл жұмыста ХІХ ғасырдың 80-ші жылдардағы Түркістан өлкесінде кедендік істі ұйымдастыруды сипаттайтын шағын құнды мәліметтер бар. Өлкедегі кедендік сала мен саясаттың келбетін айқындау үшін Қазақстан арқылы Батыс Қытаймен және Батыс Моңғолиямен сауда-экономикалық қарым-қатынастарға арналған еңбектер маңызды болып табылады. Олардың қатарына Абаковскийдың «Краткий исторический очерк торговли России с Северо-Западным Китаем», В.В. Птицинның «Селенгинская даурия», И. Земляницынның мақала түрінде жарық көрген «Исторические очерки русской торговли с Западным Китаем через Семипалатинск» атты еңбектері жатады. В.В. Птицин өзінің «Селенгинская даурия» атты еңбегінде мұрағаттық құжаттар негізінде Кяхта саудасының барысын, ондағы кедендік мәселелерді қарастыра отырып, оны Батыс Қытаймен шекаралас аймақтардағы саудамен салыстырады, оның кяхта саудасынан тиімділік артықшылықтарын атап өтеді. Жоғарыда көрсетілген еңбектермен қатар, Сібірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы аясында сауда-

кедендік саясат мәселелерін көтерген Г.Н. Потанин мен Н.М. Ядринцев еңбектерін қосуға болады. Әсіресе, Н.М. Ядринцевтың Ресейдің Сібірдегі кедендік және өнеркәсіптік саясатына қатысты ойлары өте құнды. Ресей империясының жеке аймақтарының көршілес елдермен саудадағы орыны мен рөлін, осы орайда кедендік тарифтердің бірқатар мәселелерін қозғаған А.Ф. Губаревич-Радобыльский еңбегінің маңызы зор. Бұл еңбекте автор алғаш рет Қазақстан территориясында қызмет еткен кедендердің мәліметтерін салыстырып, сауда ауқымы мен көлемі, бақылау дәрежесі бойынша маңызды қорытындылар жасайды.

Революцияға дейінгі кедендік іс пен саясат мәселесіне арналған еңбектерді сараптай келе, бұл тақырыпқа ғылыми қызығушылық тарихи дамудың революцияға дейінгі кезеңінде Ресей үшін қалыптасуына қоғамның әртүрлі таптары, оның ішінде өнеркәсіптік-қаржылық топтар әсер еткен кедендік саясат стратегиясын анықтауда дағдарыс пен өрлеудің сәйкес болуымен шартталғанын атап өту қажет. Ресейлік өнеркәсіптің өміршеңдігі дәрежесінде маңызға ие болған кедендік саясат мәселесінің ХІХ ғасырдың 70-90 жылдары ушығуы қоғам мен ғылыми қауымдастық жағынан мәселеге ден қойып, арнайы зерттеулердің туындауына әкелді. Әрине, кедендік іс пен саясат мәселесіне арналған бірқатар көлемді және беделді зерттеулердің орын алуына қарамастан, осы зерттеулерде Ресейдің Қазақстан территориясындағы кедендік іс тарихына назар аударылмайды, жұмыстардың басым бөлігі Ресейдің жалпы кедендік саясат пен кедендік жүйенің даму мәселелеріне арналған және негізінен оның еуропалық шекарадағы кедендік тәжірибесін қамтиды.

3 ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒАНДАҒЫ САУДА МЕН КЕДЕНДІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

3.1 Түрік қағанаты және оның пайда болуы туралы деректер

Қазақстан және көршілес аймақтардың ортағасырлық этникалық тарихы түркілер тарихымен байланысты. Қазақстан жерінде түркітөктес, түркітілдес тайпалардың көне заманда да болғанын ескереміз. Бірақ нағыз түркілердің этникалық тарихы V ғасырдан басталады. Егер түрік деген атау V ғасырдан бастап пайда болса, онда: «Одан арғы дәуірлердегі тайпаларға қалай түркі төктес, түркітілдес деген сипат береміз?» деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Мұны былай түсіну керек. V— VIII ғасырлардың арасы — түркі тайпаларының пайда болып, қалыптасу дәуірі. Ал Алтай тіл тобына жататын түркі тілінің пайда болуы түркі атын алған кейінгі тайпалардан кемінде 1 мың жыл бұрын болған. Көне түркі тайпалары — Орталық Азиядағы, одан тыс жатқан кейінгі түркітілдес халықтардың ататегі. Ежелгі түркі халықтары қоныстанған жерлер бүгінде Қытай Халық Республикасының аумағына қарайды. Ұлы Қытай қорғанының солтүстігіндегі далалық аумақты көк түріктер мекендеген делінеді. Қазір де осы өңірде көк түріктерден қалған жұрнақ ұйғыр, қазақ, қырғыз сияқты халықтар тұрады.

Оның үстіне, ежелгі түркілердің тарихы — қазақ тарихының да бастау көздерінің бірі саналады. Себебі түріктер құрған Түрік қағанатының батыс бөлігі қазіргі Қазақстан аумағын құрайды. Қазақстан тарихында бұл мерзім «Түрік дәуірі» (VI—XIII ғғ.) немесе қазақ мемлекеттілігінің түркілік кезеңі деп аталады. Ендеше Қазақстан тарихының сол айтулы түрік дәуірі қазақ этногенезі мен мемлекеттілігінің, материалдық және рухани мәдениетінің қалыптасып дамуында ерекше басым орын алады. Бұл тайпалар тек қазақ халқының ғана емес, қазіргі бүкіл түрік халықтарының тілінің, әдет-ғұрып, салт-саналарының, дүниетанымының қалыптасуына әсер етті.

Б.з. I—X ғасырлар аралығы Орталық Азияның түркі, моңғол, манчжур тайпалары өз ішінен бір-бірімен соғысып, жеке-дара ел болып, мемлекет орнату жолындағы күрес заманы еді. Осы оқиға қытайдың әулеттік шежірелерінде де, мұсылман әлемінің саяхатшылары мен тарихи түпнұсқаларында да кеңінен орын алып, тарихи оқиғалар жазба дерекке түсті.

Түркі өркениетінің тамыры терең тарихын зерттеуде қолда бар оның төлтума жазба көне тас ескерткіштері, сонымен қатар М.Қашғари сөздігі, мұсылман авторлары деректері бар. Әсіресе мазмұны мен көлемі жағынан қытай деректерінің орны ерекше. Қытайдың «Көне Тақ кітабы», «Жаңа Тақ кітабы» сияқты тарихи деректер мен Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштеріндегі мәтіндер қазақ мемлекеттілігінің көнетүркілік кезеңін тануға көмектеседі. Бұл тақырыпты зерттеген Дания университетінің профессоры В.Томсон, орыс ғалымдары Н.Я. Ядринцев, В.Радлов, В.П. Васильев, т.б. көне түркілер тарихын зерттеудің дәстүрін қалыптастырды. Кейіннен бұл дәстүрді А.Г. Малявкин, С.Е. Малов, С. Кляшторныйлар жалғастырды. Қытай ғалымдарының да түркітану аясындағы жүргізген еңбектерінен құнды деректер алуға болады. Олардың көне түркі халықтарының тарихы туралы зерттеулерінің ғылыми маңызы зор[6].

Әлемдік түркітанушылар мен қытайтанушылардың назарына іліккен деректерді атасақ, олар: Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағы», Ибн Хордадбектің «Жолдар мен мемлекеттер кітабы», Ибн-Халдунның еңбектері, Ата-Малик Жувейнидің «Әлем жаулаушысының тарихы». Қытайдың Юаньши (Моңғол империясының тарихы), М.Қашғаридың «Дивани лұғат ат-түрік», Ю.Баласағұнның «Құтадғу білік», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі», «Оғузнаме» сияқты тарихи деректер де мол мәлімет береді.

Қытайда әр дәуірде жазылған «Жиырма төрт тарих» деп аталатын ресми жылнамалардағы көне түріктерге қатысты тарихи деректер сұрыпталып, көне қытай тілінен қазіргі қазақ тіліне аударылды,¹ оған ғылыми түсініктемелер жасалған. Бұл түркі тарихына тікелей қатысты қайталанбас түпдеректер қатарына жатады. Қытай иероглифтерінің көмескі сырларын ашуда түркітанушы қытайтанушығалымдармен қатар салыстыра отырып зерттеу тарихшыларға да зор міндет жүктейді.

Көне түріктердің шығуы. Түріктер жөніндегі ең алғашқы дерек Қытайда Батыс Вэй әулетінің заманында ресми жылнамаға енген. Түрік этнонимі алғаш рет қытай жылнамаларында 542 жылдары аталады. Өздерін «түрік» деп атаған

бірлестік түркі тектілердің жазба әдеби тілінің пайда болуына себепкер болды. Түркі жазуының құпиясын ашқан даниялық ғалым Вильгельм Томсон қытайша «тукою» деп аталған халық «түріктер» екендігін дәлелдеді.

Қытай жылнамалары түркілерді ғұндардың ұрпағы деп атаған. Бастапқы кезде түрік деген сөз түркітілдес көшпелілердің ішіндегі басқарушы ақсүйек ру өкілдеріне ғана қатысты болды. Содан кейінгі кездерде түрік деген атау саяси мәнге ие болып, олардың қол астында болған өзге тайпалар да атала бастады. Дегенмен Түрік қағанаты құлағаннан кейінгі түрік ұлыстарын түріктер дегеннен гөрі түркі тілді, түркі нәсілді халықтар деп атау үрдісі қалыптасты.

VIII ғасырдың ортасынан бастап түрік деген атау біраз уақытқа дейін жазба деректерде аталмайды. Бұл кезде түрік деген жалпы атаудың орнына жекелеген түркі тектес тайпалардың аты (теле, қырғыз, тоғызозғыз, ұйғыр, қарлұқ, қыпшақ) аталады. Түрік атауы X ғасырда қайта тарихи аренаға шығады. Қашқардағы, Баласағұндағы хандар (қағандар) өздеріне тағы да түрік деген этникалық атау тақады. Бұл атау сол замандағы араб географтарының да еңбектерінде кездеседі. Кейіннен ортағасырлық түрік атауы Кіші Азия жеріне барып қоныстанып қалған оғыз тайпасының бір бөлігінің ұлттық мемлекеттік атауына айналды. Ол — Түркия, Түрік мемлекеті. Осы оқулықта және басқа ғылыми әдебиетте де кездесетін түрік және түркі деген екі атаудың мән-мағынасы бір. Бұрынғы түркі тайпалары мен қазіргі түрік халқының аражігін ажырату үшін ғылымда көне түріктерді шартты түрде «түркі» деп атау қалыптасқан. Тарихи аренаға алғаш шыққан түркі тайпаларының бірі — теле. Олар қазіргі Моңғолия жеріндегі Гоби шөлінің солтүстігінен батыста Тянь-Шань тауына дейінгі жерлерді жайлаған. Телелер одағына 15 тайпа кірген. Түріктер өзінің шығу тегін ашына тайпасымен байланыстырады[7].

Осы кезеңнен бастап ежелгі түркі тайпалары мекендеген аймақта көшпелі мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуы басталды. Түрік қағанаттарында мемлекеттілік одан әрі жетіле түсті. Билік қағанның қолында болды. Түркілік қағандар мемлекеттің басты белгісі болды. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси істерінің бәріне басшылық жүргізді.

Қағандар басқа мемлекеттерге шабуыл жасай отырып, билік құрды. Соғыс арқылы шекараларын кеңейтіп отырды. Бірақ даму барысында мемлекетті билеп отырған тайпадан күштірек тайпалар шығып, соғыс ісін негізгі кәсібіне айналдырған мемлекеттер бірін-бірі ауыстырып отырды.

Түрік қағанатының құрылуы (552—603). Соңғы деректер мен зерттеулер бойынша, б.з. I—X ғасыр аралығында Орталық Азия мен Моңғол үстіртінде саяси үстемдік жүргізген түркітекті теле тайпалар одағы болғаны белгілі болып отыр. Сонымен қатар Алтай, Тарбағатайды мекендеген қарлұқтар мен Шығыс Түркістандағы басмылдар да Орталық Азияны билеуге ұмтылды. Ғұндар империясы ыдыраған соң, Орхон аймағында түркі текті теле тайпалар одағы ұйымдасты. V ғасыр ортасында Ашына бастаған Алтайдағы түркілер осы телелердің 40 мың үйлік бірлестіктерін бағындырып, солардың күшімен өздерінің ата жаулары жужандарды (аварлардың бабаларын) жеңіп, тарих сахнасына көтерілді.

Түріктер 552 жылы Солтүстік Моңғолия жерінде Түрік каганатын құрды. Оның алғашқы билеушісі Бумын қаған еді. Мұқан қаған тұсында бүкіл Ішкі Азия, Оңтүстік Сібір жері, Оңтүстік-батыс Маньчжуриядағы қидандар, қарақытайлар, Тува жері мен Енисей қырғыздары бағындырылды. Иштеми (Естеми) қаған тұсында түріктер батысқа қарай жылжып, Жоңғария жерін, Қазақстанның, Орталық Азияның шығыс аймақтарын бағындыра бастады. VI ғасырдың екінші жартысына қарай түріктер бүкіл Қазақстан жерін, Орталық Азияның біраз бөлігін бағындырып, Қара теңіз жағалауына дейін жетті[8].

Билік басында ақсүйек ашына (ашина) руы тұрды. Бұл — «киелі қасқыр» деген сөз. Қағандар мемлекеттің басты билеушісі болды. Түріктердің туы бөрілі байрақ болуымен қатар олардың қорғаушы оң қағарлары да «бөрі» аталған. Оның алғашқы қағандары Түмен (Бумын), Мұқан, Естеми, Қара-Еске қағандар еді. Ал Батыс түрік каганатының билеушілері Тон Жабғу қаған (618—630), Жеғуй қаған (610—618) кезінде қағанат саяси-әкімшілік жағынан дамудың ең жоғары дәрежесіне көтерілді. Қытай жазбаларында айтылғандай Бумын (Тұмын) қағанның кіші інісі Мұқан қаған 552—554 жылдары Түрік каганатының негізгі дұшпанының бірі жужандарды (аварларды) бағындырып, Орталық Азия билеушісіне айналады. Түрік қағанының тағы бір інісі Иштеми (Естеми) (552—582 жж.) батысқа жылжып, Жетісу мен Қазақстанның далалық аймақтары және Сырдария, Арал теңізіне дейін жетті. Сасанидтік Иранмен одақтаса жүріп, эфталиттерді бағындырып, Византиямен сауда-экономикалық байланыстар (Земарх елшілігі) орнатады. Түрік каганаты Қазақстан жеріндегі алғашқы ортағасырлық мемлекет болды.

Батыс түрік каганаты (603—704). Сонымен 580 жылға дейін Түрік каганаты дамуының шарықтау шегіне жетті. 581 жылы Қытайда Суй әулеті билікке келіп, жаңа басқыншылық соғыстар мүмкін болмай қалды. Өзгерген саяси жағдайда, 20 жылға созылған түрік билеушілерінің арасындағы өзара соғыстар нәтижесінде 582—603 жылдары Түрік мемлекетінде ыдырау үдерісі жүрді. Түрік каганаты 603 жылы Шығыс (Моңғолия), Батыс (Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі) болып екіге бөлінді[9].

Батыс Түрік каганаты ежелгі үйсін мемлекетінің жерінде құрылды. Батыс кағанаттың орталығы Шу аңғарындағы Суяб (Жетісу) қаласы болды. Аумағы: Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жер, Алтай, Сібір, Әмудария, Еділ, Жайық өзенінің төменгі ағысы аралықтарын қамтыған. Құрамына Шығыс Түркістан, Самарқанд, Кеш, Бұқара сияқты отырықшы-егінші аймақтар да енді. Батыс Түрік каганатының Шығыс Түрік кағанатынан айырмашылығы екіншісінің халқы, негізінен, көшпелі, жартылай көшпелі болатын. Ал Батыс Түрік каганатының көпшілік халқы отырықшы, егін егумен, қолөнер, саудамен айналысты. Сондықтан әлеуметтік құрылымы күрделі, Шығыс Түрік кағанатымен салыстырғанда қоғамдық-экономикалық қатынастардың дамығандығымен ерекшеленеді. Мысалы, Батыс Түрік кағанатында мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі қағаннан бастап ру-тайпа басшыларына дейін 28 дәрежелі лауазым иелері болған. Түрік кағанатында қағаннан кейін екінші адам ұлық болды. Үшінші билік қаған руының үстем тап

өкілдері қолында болды. Олар: Шад, одан кейінгілеріне Тегін, Елтебер деген лауазымдар берілді. Бұл лауазымдар мұрагерлікпен беріліп отырды.

Сондай-ақ мұнда Ұлы Жібек жолы бойындағы қала мәдениеті жақсы дамыды. Қазіргі Моңғолия жерінде көк түріктердің 220 қаласының орны бар көрінеді. Араб географтары кимектердің белгілі 16 қаласы, қарлұқтардың 25 қаласы бар деп жазды.

Шығыс Түрік қағанатының жұрты көк түрік, ал Батыс Түрік қағанатының жұрты «он оқ бұдын» — «он оқ елі» аталды.

Батыс Түрік қағанаты өзіне жаңа жерлер мен жаңа елдерді жаулап алып жатты. Олар 588 жылы Еділ бойын, Орал тауының бергі бетіндегі елдерді, Орталық Азияның біраз бөлігін өздеріне бағындырып алды.

Алайда «он оқ бұдын» елінің оң қанаты (5 нушиби) мен сол қанаты (5 дулу) арасындағы 16 жылға созылған билік үшін күрес қағандықтың іргесін шайқалтты. Бұған 657 жылы Жетісуда өз үстемдігін орнатуға ұмтылған Қытай экспансиясы қосылды. Тақ әулетіне қарсы соғыс бірнеше жылға созылды. 657 жылы түрік әскерлері Ертіс бойында жеңіліп, қағанның өзі Шаш өлкесіне бой тасалады. Қарамағындағы ұлыстар ыдырап кетті. Осы кезден бастап өз дамуында күшейіп алған Тақ әулеті Шығыс және Батыс Түрік қағанаты жерлерін толығымен өз ықпалында ұстап тұруға ұмтылды. Империяның қол астындағы халықтарды ұстап тұру үшін түрік ақсүйектерін өз жағына тартып, сенімді өкіл ретінде басқақ, тұтық лауазымдарын үлестірді. Тақ империясы тарапынан тұрғызылған балбал тастарда түрлі лауазымы бар түрік тайпаларының көсемдерінің есімдері қашап жазылған[10].

Тақ империясы қағанаттың жерін екіге бөліп, оны «куыршақ» қағандар арқылы басқарды. Тақ империясының басқаруы ширек ғасырдан астам уақытқа созылды.

Екінші Түрік қағанаты кезеңі және оның атақты билеушілері (683—745). Бірақ Батыс Түрік қағанаты құлағанымен, Шығыс түріктері Қытай билігін мойындамай тәуелсіздік үшін күрестерін жалғастыра берді. 679—689 жылдары Шығыс түріктері Қытаймен күресте өздерінің тәуелсіздігіне қол жеткізді. Шығыс түріктері қағаны Елтеріс—Құтлық қаған, көмекшісі, кеңесшісі Тоныкөк кезінде Екінші Түрік қағанатын қайта құрды. Екінші Түрік қағанатын құрушыларды «түркі-қыпшақ» деп атады. Сол кездегі ескерткіштегі жазуда «түркі-қыпшақ елу жыл биледі» дейді. Екінші Шығыс Түрік қағанаты және оның негізін салған Тоныкөк жайындағы деректі Тақ әулеті шежіресінен, Тоныкөк құрметіне қойылған ескерткіштегі тас жазудан оқуға болады. Онда 646 жылы дүниеге келген, шыққан тегі теле бірлестігіне қарайды делінеді. Тоныкөк жас кезінде Қытайда оқыған көрінеді, ол Шығыс Түрік қағанатының үш бірдей ханына уәзір болды.

Күлтегін (686—731) — Екінші Түрік қағанатын құрушы Елтеріс-Құтлық қағанның ұлы. Екінші Түрік қағанатын құруға атсалысқан қолбасшылардың бірі. Ол 16 жасында, демек, 702 жылы Тақ империясының 50 мың қолын талқандап, әскербасын тұтқынға алады. 706 ж. ағасы Білге қағанмен түріктердің қолын бастап, Хуанхэден өтіп, астана аймағына қауіп төндіреді. Жазудың

көркемдік нақышына қарап, оның өз заманының атақты шебер хатшысы болғандығын көруге болады. Көк түріктер тарихы Қытайдың Тақ династиялары тарихымен саяси, мәдени тығыз байланысты. Түрік қағандарының рөліне, тұлғалық қасиеттеріне баға бергенде, олардың Түрік мемлекетін сақтап қалу жолында Қытай басқыншылығына қарсы күресі мен мәмілегерлік дарыны жоғары бағаланады.

Ежелгі түркі билеушілері бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жерлерін қайта біріктіру үшін күресті. Мемлекеттің орталығы — Ханғай таулары. Батыс шекарасы Алтай тауларымен шектесті. 691 жылы белді қолбасшы Елтеріс өлгеннен кейін Қапаған қаған кезінде әскери-саяси құдіреті күшейіп, кемеліне жетеді. Солтүстік Қытай, Қидандар, Енисей қырғыздарын бағындыру (709—710), түркештерді жеңу Қапағанды Орталық Азияның кожасы етті. Алдында қидан елін, Енисей қырғыздарын басып алғаннан кейін Шығыс Түрік қағанаты, 711 жылғы Инел қаған мен оның бас қолбасшысы Тоныкөктің тұсында түркештерді өзіне қаратты. Бұдан соң, 716 жылы Білге қағанның тұсында түріктер қытай әскерлеріне үлкен соққы берді. Қапағаннан кейін ел билеген Білге, Күлтегін (686—731) сияқты ағайынды қағандар Қытаймен соғыста тағы да жеңіске жетіп, шекаралық сауда жақсы дамыды. 731 жылы Күлтегін қайтыс болды, 734 жылы Білге де у беріліп өлтіріледі. Білге қаған Күлтегіннің қайтыс болғанын ести салысымен, оған арнап ескерткіш құрылысын салуға Тақ императорынан көмек сұрады. Бұдан Күлтегін мен Білге қағандардың Түрік мемлекетін сақтап қалу үшін Тақ империясымен жақсы қарым-қатынаста болғандығын атқаруға болады. Тақ патшасы да Білге қағанды жерлеу рәсіміне тқөмектеседі[11].

Көк түріктер құрған Екінші түрік қағанатын 744—745 жылдары Орхон ұйғырлары мен қарлұқтар (тоғыз оғыз конфедерациясы) талқандады.

Қазіргі Моңғолиядағы Орхон өзені бойында ағайынды билеушілерге тас белгі қойылып, оған қағанаттың тарихы қашап жазылды. Күлтегін мен Білге қаған мәңгі тасындағы жазбаларды Иоллығ тегін жазды.

Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштеріндегі жазбалар Екінші түрік қағанатының құрылу мен өрлеу кезеңіндегі қағанаттың Тақ империясымен болған қарым-қатынасынан хабардар етеді.

Әлем ғалымдарының 2,5 ғасыр жүргізген зерттеулері байырғы түрік кешендерінің қабір еместігін дәлелдеді. Байырғы түрік кешендерін моңғолдар Ұлылар орны деп атайды екен. Ол барлық түрік халықтары үшін киелі, аруақты орын деген мағына береді. Соңғы зерттеулер байырғы түркі кешендерінің тек қана тілдік тарихи мұра ғана емес, сонымен қатар дүниетанымдық және сәулет өнері ескерткіштері екендігін дәлелдеді.

Біріккен Түрік (Ұйғыр) қағанаты (745—840). Орталық Азия, Моңғол үстіртін мекендеп, саяси үстемдік жүргізген түркі текті екі үлкен тайпалық конфедерация болғаны белгілі. 1. Өздерін «түрік» деп атаған түркі тайпалары. 2. Тоғыз-оғұздар бірлестіктері. Ерте ортағасырда Орталық Азиядағы түркі текті оғұз тайпалары «тоғыз» санын қасиетті деп кие тұтқан. Сондықтан әрбір

тайпалық одақ атауларына қосып атайтын дәстүр болған. Сондықтан бұл жерде тоғыз-оғұз этникалық атау емес, саяси атау болып табылады.

Қағанат екіге бөлінгенде телелер Шығыс түріктеріне қарады. Алғашқы Шығыс Түрік қағанаты ыдыраған соқ телелер одағын қыпшақтардың байырғы бабалары Сеянто биледі.

Бұл Сеянто ұлысы аса қуатты ел болып, Қытайға қауіп төндірді. Қыпшақтар аталық әулет (ашына) билеуші тайпаға айналды да, тоғыз-оғыздар аналық (ашидэ) әулет атанды. Қытай деректерінде: «Оғыздардың (қыт. Ойху) ата-бабалары Ғұндар Ордасының қызынан тарайды», — деген аңыз қалған. Ал қыпшақтар — байырғы түрік мәтіндерінде көрсетілгендей «Тәңір текті», «тәңірден жаратылған» ұрпақ, әулет. Бұл екі әулет арасында, бір жағынан, билік үшін күрес жүріп тұрды.

Біріккен Түрік қағанаты — тарихымызда айтылмай келе жатқан маңызды мәселелердің бірі. Екінші Түрік қағанатынан кейін өмірге келген, біршама ғалымдар «Ұйғыр қағанаты» деп атап жүрген мемлекеттік құрылым, шындығында, Түрік қағанатының жалғасы болатын. Тоғыз түркітілдес тайпаның бірігуінен құрылған тоғыз-оғыз конфедерациясын түркітанушы-ғалымдар Біріккен Түрік қағанаты (745—840) деп атауды ұсынды.

3.2 Түрік қағанатындағы сауда мен дипломатия

Жібек жолы.Эфталиттерді талқандап, солтүстік қытайлық империяларды тәуелділікке түсіргеннен кейін түрік қағанаты саяси-экономикалық тұрғыдан алғанда аса қуатты мемлекетке айналды.Империя дәрежесіне жеткен мемлекет ұлы даланың жалғыз иесі атанды.Ал осы кең-байтақ даланың бойымен Шығыс пен Батысты жалғастыратын «өмір жолы» аталған Ұлы жібек жолы өтті.Енді бұл жолға бақылау жасау түріктердің қолына көшті.

Түрік қағанаты Жібек жолы арқылы жүретін сауда арқылы шаруашылықтағы басты мәселелерін шешуге мүмкіндік алды.Көшпелі өмір салтын ұстанған түріктер үшін байлық-дәулеттің көзіне басқыншылық соғыстар мен олардан түскен олжа емес, керуен тасымалымен тұрақты түрде жүріп тұрған айырбас сауда айналды[12].

Ендігі кезекте Жібек жолының географиясына тоқталып өтейік. Жібек жолы Чанъань (қазіргі Сиань) қаласынан басталып, Наньшань тауының баурайларын бойлай, көптеген жазық өлкелерді басып өтті.Бұл жолдың жүріп өтуге жеңіл бөлігі болатын, ал ауыр бөлігі Гоби шөлінен Хами жазирасына дейінгі жерді қамтыды, ары қарай жол Тұрфанға апарды.Тұрфан және басқа да алқаптар осы кезде Гаочан князьдігінің құраған болатын.Осы Гаочан территориясынан жол екі бағытқа бөлінді.Солтүстік бағыт Тянь-Шаньның оңтүстік баурайын басып, Қарашар, Куша, Ақсу арқылы Ыстықкөлдің маңынан өтіп, Шу өзенінің алқабына жетті.Ары қарай Талас өзенінің алқабымен Исфарға барды.Ал оңтүстік бағыт Гаочаннан оңтүстік Жоңғария бойымен Үрімші, Манас және Ирэнъ тауы арқылы Іле өзенінің алқабына өтті, ал одан ары қарай оңтүстікке, Орта Азияға жетті.

Орта Азияның шаһарлары ұзақ жолдан шаршап-шалдыққан керуендерге демалатын мекен болды.Сондай демалыс тұрағы ретінде Пайкенд қаласы саналды.Пайкендтен жол Иран аумағына келіп, Хорасан арқылы Рей және Хамадан қалаларына және одан әрі византиялық Низиб қамалы арқылы Сирияға және соңғы нүкте Константинопольге жетті.Қытайдан Иранға дейінгі жол қашықтығы 150 күнге, ал Ираннан Низибқа дейінгі жол 80 күнге тең болды.

Жол бойында сауда жанданған әрі табысты түрде жүрді.Сауда қызметіне негізінен қымбат заттарға мұқтаж жоғары тап өкілдері жүгінді,ал қарапайым халық натуралды шаруашылықпен айналысқандықтан сауда қатынастарына мүлде түспеді десе болады.Саудаланған тауарлар сан түрлі болды, бірақ кейбір тауарлар үлкен сұранысқа ие еді.Қытай Ираннан арнайы ханшайымдары үшін қымбат тұратын қабаққа жағатын бояу алдырды, вавилондық кілемдер де сирек табылғандықтан, құны жоғары бағаланды.Оған қоса,Қытайға сириялық бағалы тастар, Қызыл теңізден алынған жақұттар мен кораллдар, Сирия мен Мысырдан маталар, Кіші Азиядан есірткі көп көлемде әкелінді[13].

Ал бәрінен де бағалы әрі құнды зат, әрине, жібек болып табылды.Жібек шығыстағы да, батыстағы да халықтар мен мемлекеттердің сұранысын өтеуге қажет басты тауар еді.Жібекке әсіресе Византия зәру жағдайда болды.Өйткені, билеуші әулет пен ақсүйектердің қажеттілігін өтеуден бөлек, жібек қосымша әскерді жалдауда қаржы валютасы ретінде қолданылды.

Византия әлемдік үстемдікке жетуге ұмтылды, сондықтан Европадағы барлық дерлік мемлекеттермен дипломатиялық байланыс орнатуды көздеді.Сәйкесінше ол мемлекеттерді көндіріп, өз жағына шығару үшін мол көлемдегі жібек қажет болды.Жібек сыйлық беруге, әскер жалдауға, сатып алуға жұмсалды.Император Юстиниан I саудаға негізделген әлемдік саясат жүргізді.Сол саясатта жібек өте тиімді және маңызды құрал қызметін атқарды.Жібектің Византияда жібектің алтын мен қымбат тастармен теңдей бағалануы бұл жайтты жақсы аңғартады.

Жібек жолына қатысты мүдделер сол кездегі тағы бір ірі держава Иранда да болды.Бұл мемлекет те жібек тасымалданатын үлкен сауда орталығы атанып үлгерді.Византияға жібек осы Иранның солтүстіктегі территориялары арқылы өтетін жолмен жеткізілетін.Бұл жайтты биліктегі сасанидтік әулет ұтымды пайдаланып, керуен саудасын бақылаудан шығармай ұстап отырды.Бұған байланысты, парсылар ылғи жібек шикізатының үлкен бөлігін алып қалып отырды, одан соң оны өндеуден шыққан дайын жібекті өздері қойған бағалары бойынша батыс елдеріне сатып, үлкен пайда тапты.

Иран Византияны саяси және экономикалық тұрғыда әлсіретуді мақсат тұтты.Бұған жету үшін парсылар, оларды барынша көп қаржы шығынына ұшырату ниетімен тауар айналымын азайтып, жібекке деген бағаларды өсірді.Нәтижесінде, Византия кез келген жоғары бағалар жағдайында жібекті сатып алып, европалық нарыққа қайта сату арқылы шығынның орнын толтырып отыру артықшылығынан айырыла бастады.

Византия өз кезегінде бұл сауда шектеулеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасауға тырысты.531 жылы Юстиниан I Эфиопия мемлекетіне елшілік жіберді, ол африкалық көпестерге делдал болып, Византияға жібек тасымалын Үнді мұхиты арқылы қамтамасыз ету туралы ұсыныс жасады.Екі жақты келісім орнайды, бірақ үнді порттары түгелдей парсыларға тәуелді болғаны сонша, эфиоп көпестері жібек сатып алу бойынша олардың құқығын тартып ала алмады.Византияның бұл қадамы сәтсіз аяқталады.

540 жылы Византия мен Иран арасында соғыс шықты.Екі арадағы сауда қатынастары да тоқтайды.Ал Ираннан келетін шикізатсыз византиялық жібек тоқу мануфактуралары шығынға батады.570 жылы I Хұсрау Ануширван Йеменді жаулап алып, Византияны Қызыл теңіз бен Үнді мұхиты арқылы шығысқа шығу мүмкіндігінен біржола айырған болатын.Византия қиын жағдайдан шығу үшін шығыстан одақ құруға болатын серіктес мемлекет іздеді.Бұл уақытта саяси-экономикалық қатынастардың жүйесіне үшінші күш – Түрік қағанаты қосылады.Түріктердің мүддесі алым-салық ретінде келген зор мөлшердегі жібектің артылған бөлігін керуен саудасы арқылы батыстағы нарыққа өткізіп, тұрақты пайда көзін ашуда жатты.Византия мен Түрік қағанаты мемлекеттік мәселелерін шешудің жолын өзара одақ құру әрекетінде көрді.Осылай, екі мемлекет арасындағы қатынастар бастама алады.

Эфталиттердің мұрасы.Иран мен Түрік қағанатының одағы эфталиттерге қарсы соғыста ортақ жеңіске жеткеннен кейін, бұл екі мемлекет арасындағы көршілік қарым-қатынастар бұзыла бастады.Қатынастардың шиеленісуіне экономикалық-шаруашылық фактор ықпал жасады.Алдымен, эфталиттердің территориясын бөлісуде қалаған үлесін ала алмаған түріктер, енді Иранға өзінің талаптарын қойды.Істемі қаған парсылардан, олар бұрын эфталиттерге төлеп тұрған салығын өзіне беруін сұрады.Иранның келіспейтіні белгілі еді, соғыстың ресми сылтауы да табылды.Қаған шабуылға шықты, түріктің атты әскері Әмударияны жылдам кесіп өтті де, Журжандағы парылардың қалалары мен порттарын басып алды.Бірақ ары қарай жылжуда кедергілер шықты, түрік әскері V ғасырда эфталиттерге қарсы салынған парсылардың шекаралық бекіністеріне кезігіп, өте алмай қалды.Шабуылды тоқтатуға тура келді, ал 569 жылы түріктер Соғдианаға қайтып кетті[14].

Соғыс әрекеттері тоқтаған болатын.Істемі жақсы үйретілген тұрақты әскерімен соғыс, әскери шығындарға батуды қаламады.Оның үстіне, ол Византияның Қосөзенде соғыс ашып, Иран әскерін сол жаққа қарай бұратынын біліп отырды.Ол күту стратегиясына көшті.Бұның нәтижесінде, екі жақ эфталиттер мұрасын бөлісу бойынша бітімге келді.Келісім бойынша, парсылар эфталиттер мемлекеті территориясының көп бөлігін – барлық дерлік батыс және орталық таулы аудандарды басып алады.Түріктер Соғдиана мен Бұхараға иелік етіп қалады.

Бітімнің жасалуы Иран үшін үлкен жетістік болды.Біріншіден, шығыстағы шекара тарихта болмаған территорияларға дейін кеңейді.Екіншіден, әскерін толықтай батыстағы соғыс әрекеттеріне жұмылдыру мүмкіндігі туды.Алайда, Иранның бұл жетістіктерінің басты себебі түріктердің Иранға қарсы

әрекеттерін тоқтатып қоюында.Істемі қағанның әскери қимылдарды бұл уақытта күшейген ескі жаулары аварларға қарсы бағыттағаны мәлім.Түріктер аварларды қоршап, қысымға алудың қадамдарын жасады.Сөйтіп, 567 және 571 жылдар аралығында барлық Солтүстік Кавказды жаулап алды және Босфор бұғазының маңында византиялық иеліктердің шекараларымен шектесті.

Иран мен аварлардың екі жақты өктемдігінде қалған Византияға түріктердің көмегі мен қолдауы ауадай қажет болды.Византия өз тарапынан одақ құру үшін бар амалды қарастырып бақты.Кейінгі жылдарда Түрік қағанатына Евтихия, Иродион, Павла Киликиялық және Анангаст бастаған бірнеше елшіліктер келген.

Соғдылықтар және елшіліктер тарихы.Эфталиттер күйрегеннен кейін, соғдылықтар енді түрік ханының құзырына көшті. Олар ерте кезден Шығыс пен Батыс арасын жалғаушы шебер делдал мен көпес ретінде танылған. Қожайындарының эфталиттерден түріктерге алмасуы, олар үшін қолайлы болды, ол Азияның ішкі аймақтарына қауіпсіз және кедергісіз жолдың ашылуын білдірді. Соғдылықтардың негізгі қызығушылығы,артық қалған жібекті өткізуді көздеген түріктер секілді жібек саудасында еді.Осыған байланысты, түріктер жібек өнімін батысқа экспорттау ісінде соғдылардың көмегін барынша пайдалануға тырысты[15].

Сонымен, соғдылық көпестер эфталиттердің күйреуін, өздерінің гүлденген кезінің басы ретінде қабыдады. Шын мәнісінде Қытайға жол ашық және қауіпсіз болды, түріктердің өзі құрмет ретінде алынған жібекті қайда жіберерін білмеді және соның арқасында делдал көп пайда көре алатын. Тапсырма тек қана жібекті Византияға жеткізу болатын, бірақ ол жөнінде парсы шахымен келісу қажет еді, өйткені парсылар мүделеріне сәйкес византиялық қалаларға баратын жолды бөгеп, жібекті өздерінің қалауынша шектеулі көлемде өткізіп отратын.Істемі қаған құзырындағы жаңа бағынышты халық соғдылықтардың тілегіне қарсы болмады, себебі, байқағанымыздай, оның мүддесі соғдылықтардыкімен сәйкес келген. Сондықтан Істемі қаған соғдылық Маниахтың Хосрой Ануширванға соғдылықтарда жиналып қалған жібекті Иран арқылы тасымалдауға рұқсат алу үшін өкілді елші ретінде жіберуі туралы ұсынысына келісті.

567 жылы елші ретінде Иранға Маниахтың өзі аттанады.Маниах елші парсы патшасына саудаға қатысуы туралы, яғни жібекті өзі сатып алып, оны Батысқа қайтадан сату жөнінде ұсыныс жасады.Мұндай жағдайда соғдылықтар тауардың құнын біраз жоғалтып, тауар айналымның жоғарылауына жағдай жасаушы еді.Тауар айналымының жоғарылауы пайданы да арттыратын.

Әрине, парсылық өкімет ұсынысқа үзілді-кесілді қарсы болды, себебі, егер барлық жібек Византияға жіберілсе, біраз жылдан кейін римдік жалдамалы әскер олардың территориясына басып кірері күмәнсіз болатын, ал Иранның барлық әскери күштерінің оған тойтарыс беруге шамасы жетпейтіні анық еді.Ал жібек саудасын мемлекет ішінде жүргізуге Иран халқының сатып алуға деген төмен қабілеттілігі мүмкіндік бермеді.Оның үстіне, парсылар шығыстан

жібектің теңіз жолымен Парсы шығанағындағы қалаларға келуіне қызығушылық танытты.

Жібекті сатып ала отырып, парсы шахы византиялық императорға батыстағы саясаты үшін жібек қажет болғандай, шығыстағы саясатын жүргізу үшін қажет алтынды жоғалтар еді. Иран билігіне бір шешімге келу қажет болатын және Хосрой қиын жағдайдан шығудың амалын табады, ол амалды одақтас эфталит билеушісі көрсетеді. Оқиға келесідей өрбиді. Катулфтың кеңесі бойынша, әкелінген жібектің құны төленіп, елшілердің көзінше отқа өртеледі. Бұл соғдылықтарға парсылықтардың жағдайды өзгертуге жол бермейтіндігін және жібек материалына мұқтаж еместігін көрсетеді. Соғдылықтар бірден Істемі ханға шағым айтады, ал ол кикілжінді бірден түзету керек деп шешеді [16].

Ол Иранға түріктерден тұратын жаңа елшілікті жібереді. Бірақ бұл елшілікте ешқандай келісімге қол жеткізбейді. Келіссөздердің соңында парсылар түрік елшілігінің өкілдеріне ас беріп, уландырып өлтіреді. Содан соң, парылар олардың климаттық жағдайға бейімделе алмай, аурудан қайтыс болды деген дақпырт таратады. Бірақ Л.Н. Гумилев түрік елшігі өкілдерінің біраз бөлігі ғана аурудан қайтыс болғанын және олардан төртеуі немесе үшеуі қайтып оралғанын жазады. Бұл арандатушы әрекеттің басында да Катулф хан тұрған болатын.

Істемі қаған Хұсраудың халықаралық құқық нормаларына жатпайтын зұлымдық ісіне қатулы еді, бірақ сабырға келіп, оған қатысты арнайы жоспар құруға кірісті. Ол тез арада Маниахтың кеңесімен Иранмен бітімді бұзып, Византиямен қарым-қатынас орнатудың орайын тауып үлгереді.

Алайда, Каспий теңізі айналасында Кавказ арқылы жібектің тасымалдануы қымбат әрі қауіпті болатын: угр тайпалары көпестік керуендерді оңай тонап, шауып ала алатын. Ал Иран арқылы өтетін жол қысқа және оңайырақ болатын. Иранның аумағынан жібек алып өту тек бір жолмен мүмкін болатын. Яғни Істемі қаған Иранмен арадағы дауды қару арқылы шешуге барады.

Ол елшілердің уланғанын жариялап, кек қайтарушы ретінде парсыларды жазалауға шығады. Бұл ретте, ұйымдастырылған соғыстың күрделілігін түсініп, қаған Византиямен одақтас болуға асығады.

тәуелсіз болып қала берді және сыртқы ықпалдарға берілмей, өзінің саясатын жүргізуді жалғастырды.

Естеми 567 жылдың соңында Константинопольға Маниахтың басқаруындағы елшілікті жібереді. Маниах Константинопольға Кавказ арқылы 568 жылы келіп жетеді. Оған маңызды әрі құпия тапсырмалар артылған болатын. Ол тапсырмалар византиялықтарға арналған келесідей ұсыныстардан тұрды:

- 1) Түрік және Византия мемлекеттері арасында Иранға қарсы одақ құру;
- 2) одақ құрғаннан кейін Иранның өз территориясынан сауда керуендерін өткізу үшін мәжбүрлеуге ат салысу;

3)Иран қысымға көнбей, екі елдің талаптарын орындаудан бас тартса екі тараптан бір уақытта соғыс ашу;

4)Иранның жеңілісі орын алатын шайқастан соң, оның территориясын екі мемлекет арасында бөліске салу;

Ол уақытта тақта 567 жылы қатыс болған әкесі I Юстинианның орнын басқан II Юстиниан отырған. Ол билікке келген кездегі мемлекеттегі жағдай күрделі болатын. Бұған байланысты ол тарихи шешім қабылдайды. 568 жылы лангобардтар Италияға басып кіреді, сондықтан Юстин II әкесінің билеген кезеңінде империяның қаржылық жағдайын құлдыратқан белсенді батыс саясатынан өз еркімен бас тартады. Оған қоса, парсыға қарсы соғыстың қайта жандануынан қашып құтылу мүмкін емес болатын және мықты одақтасты елемеудің қажеті де шамалы болды[17].

Юстиниан Маниахты бар сән-салтанатпен қабылдап, оған ерекше көңіл бөлді. Маниахтың қолында сенім грамотасы мен қағанның императорға жолдаған хаты болады. Екі құжатта түрі тілінде жазылған болатын. Оларды Маниах императордың өзіне тапсырады.

Одан кейін аудармашының көмегімен император елшіге бірнеше сұрақ қояды. Әңгіменің барысы эфталиттер тақырыбына ауғанда Юстиниан мен Маниах арасында төмендегідей диалог жүрді:

- Эфталиттердің билігі толығымен жойылып пе еді?

-Иә, Ұлы Мәртебелі, толығымен жойылды.

- Эфталиттер қалаларда тұратын отырықшы халық болды ма әлде қоныстарда тұратын егіншілер мен көшпелілер болды ма?

- Эфталиттер қалалық халық, олардың қалалары болды

- Демек, олардың қалалары енді сендердің, түркітердің, иеліктерінде ме?

- Ұлы Мәртебелі, дұрыс айтасыз, дәл солай.

- Авар деген еркін өмір сүріп жатқан халықтардың қазіргі санын айта аласың ба? - Ұлы Мәртебелі, аварлардың бір бөлігі әлі Азияда тұрады. Олар біздің билігіміздегі бағынышты халық болып табылады. Ал бізге қарсы бүлік шығарған Европадағы аварлардың саны 20 мыңның шамасында [18].

Сондықтан патша түрік елшілігін аса құрметпен қарсы алып, одақтастықты растау үшін 568 жылдың тамызында қайтып бара жатқан Маниахпен бірге, шығыс қалаларының қолбасшысы Земарх Киликиялықты жібереді. Истеми хан византия елшісін жылы шыраймен қарсы алады, және өзінің мақсаттарының шынайылығын білдіру үшін, оны Иранға қарсы бағытталған соғысқа қатысуға шақырады. Хострой соғысты қаламады. Талас өзенінің аңғарында түрік әскері парсы елшілігін күтіп алады, бірақта хан Земархты парсы елшілеріне қарағанда құрметті орынға әдейі отырғызып, оның көзінше парсылықтарға кемсіте қарайды. Парсы елшілері Иранға соғыс жайлы жаңалықпен оралады. Содан кейін хан Земархты жібереді және ол Константинопальға Маниахтың ұлы мен түріктің уәкілетті елшісі Тагма тарханның қарамғында оралады. Бұл кезде Маннахтың өзі қайтыс болады, бірақ Византия мен қағанат одағы, парсы патшаларын араб халифаттары ауыстырған кездеде созылған Иран соғысы секілді, хазар қағанаттарына берілді.

Византиямен қатынастар.Сырттан жібек тасымалына деген тәуелділіктен арылу үшін Византия 553 жылы жібек өндірісін іске қосты.Ал жібек өндірісінің басты шикізаты – жібек құрттарының Константинопольге қалай келгені туралы әр түрлі деректер кездеседі.Прокопий Кесариялықтың сөзіне сәйкес, оладыр екі христиан монахы жеткізген, ал Феофан византиялықтың сөзі бойынша, таяғы бар парсылық жеткізген.Тағы бір пікірге сәйкес, құрттар соғды қалаларынан алынған. М.Е.Массонның сөзі бойынша, олар Журжан қаласынан жеткізілген. Византия аумағында жібек өндірісі Константинопольден басқа, Бейрут, Тир қалаларында, Антиохияда өрістеді. VI ғасырдың соңына қарай жібек импортының Византия үшін маңызы төмендеді. Византияның түріктермен одақтық байланысты қолдауға қатысты қызығушылығы да кеміді.Түріктердің жібек сату монополиясын иемдену бойынша жоспары орындалмай қалды.Византияның ішкі нарығындағы бәсекелестік, оларды бағаларды төмендетуге мәжбүрледі.Солай түріктердің сауда жүргізуден алатын табысы едәуір төмендеді.

Түрік-византиялық қатынастардың нашарлауына тағы бір жағдай әсер етті.Бұл жағдай аварлар мәселесіне қатысты болды.Одақтастарының басты жауы болғандықтан, екі мемлекеттің келісіміне сай, Византия аварлармен бітімге және одаққа отырмауға міндеттелген болатын.Сондықтан, 568 жылы Юстинианға авар елшілігі келіп, бітім мен Паннония жеріне қоныстануды сұрағанда, император бас тартқан.Алайда, византиялық император 570 жылы келісімін беруге мәжбүр болады, өйткені аварлар Паннонияда орнығып алып, соңынара болған шайқас нәтижесінде жеңіске жетеді.

Бұл екі жағдай түрік-византия одағының өмір сүріне қауіп төндіріп қана қоймай, саяси күштердің қайта топтасуына әкелді.Түріктер Еділ маңындағы халықтарды сол уақытта теңдесі жоқ атты әскерінің күш-қуатымен бағындыра билігінде ұстап отырған болатын.Ал аварлардың күшеюі ол түріктерге өшпенді халықтарды, әсіресе кутургурларды өз жағына шығуға жетеледі.Дегенмен, бұл уақытта аварлар гректер т.б. жау халықтармен соғысып жатқандықтан және нәтижелер белгісіз болғандықтан, түріктер алдағы қауіп-қатерді тек болжаған .Бірақ кейін дұшпандарын жеңіп, қуатты дербес мемлекет құрған себепті, түрік билеушілерінің алаңдай бастауы орынды еді.

Қалыптасқан жағдайды талқылап, шешім табу мақсатымен түріктер 576 жылы византиялық елшілікті қабылдайды. Елшілікті Естеминің ұлы, батыстық қаған Түрксанфтың ордасына келеді. Қаған византиялық елшінің амандық сөзін қабыла ала отырып, суық қабақпен жауап береді. Оны мына мәтіннен көруге болады: « Сендер емес пе, он тілде сөйлесіп, бір өтірікті айтатын сол римдіктер?». Бұл сөздерді айтып, ол он саусағын аузына салып, келесідей сөзін жалғастырады: «Қазір менің аузымда он саусақ бардай, сендерде де көп тіл бар. Біреуімен бізді алдайсындар, басқасымен менің құлдарым аварларды алдайсындар... Сендердің пашаларың тиісті уақытында жазасын алады, өйткені менімен дос ретінде сөйлесе тұрып, қожайындарынан қашқан менің құлдарым аварлармен бітімге келді. Бірақ вархониттер (аварлар) мен қалаған кезде бағынышты болып қайтып келеді... Римдіктер, сендер неге Византияға жол

тартқан менің елшілерімді, бұдан басқа баратын жол жоқ деп сендіре отырып, Кавказ арқылы жүргізесіңдер? Сендер бұны жолдың қиындығынан мені римдік облыстарға шабуылдан бас тартуым үшін жасайсыңдар. Алайда мен Днапр өзені қайда екені, Истр өзені қайда құятыны, Эврдың қайда жер ағатыны және менің құлдарым вархониттер Рим империясына (Византияға) қалай өткені нақты білемін. Маған сендердің күштерің де белгілі. Ал маған шығыста күн шуағынан басталып, батыстағы шектермен аяқталатын барлық жер беті бас иеді. Бейшара алан халықтарына және де шексіз батылдықымен рухтанған, өз күштеріне сенім артып, жеңілмейтін түрік халқына қарсы шықса да, үміті жалған болып шыққан утигур тайпаларына қарап, зер салыңдар! Ал қазір олар біздің билігімізде, құлдарымызға айналды».

Түрксанф одақтас ретінде жағдайдан хабардар бола тұра, византиялықтардың Дунай түбіндегі ауыр жеңіліске ұшырағандықтан ғана аварлармен бітімге келгенін білмеуі екіталай болатын. Валентин елші ақталуға мүмкіндігі бар болса да, өзінің қауіпсіздігіне кепілдік берілуі тиіс елші ғана екенін және Естеми қағанмен жақсы қарым-қатынаста болғанын меңзеп, өзін кінәлі ретінде ұстайды. Бұның себебін жазбаларында араб тарихшысы ат-Табари түсіндіреді, бірақ ол оқиғаларды хронологиялық тәртіпте баяндамайды. Расында, Табари көрсеткендей, 575 жылға дейін түріктер византиялық елшіліктерді жылы шыраймен қабылдайтын, бірақ осы жылы Иран мен Византия арасында бітім орнағаннан кейін, парсылар соғыстан босаған әскерімен түріктермен есеп айырысуға мүмкіндік алды. Түріктер 570 және 575 жылдар аралығында Солтүстік Кавказды бағындыру үстінде болғаны белгілі. Бұл аймақтағы саясатында Византияға сүйенген түріктер, арттан соққы алуды күтпеген[1].

Ашуланған Түрксанф дереу байланыстарды үзді. Оның салдары бірден көріне бастады. 576 жылы түріктер утургурлардаың қолдауымен Босфорды басып алады, бұл «түріктердің римдіктердге қарсы соғысқа кіріскенін» көрсетті. Шабуыл әрмен қарай жалғасады. Түріктер Қырымға бұзып-жарып кіреді, бірақ одан ығыстырылған болса керек. Содан соң олар Византияға Батыс Кавказ арқылы жетуге тырысады, бірақ солтүстік шекарасы Кавказ тауының жоталарымен өткен Эгриси патшалығының қарсылығына кезігеді. Закавказьеға кіру де мүмкін болмағандықтан, түріктер 580 жылдың басында шегінуге мәжбүр болады. Олар Солтүстік Кавказдың жазықтары мен Дағыстанның таулы аймақтарында ғана тұрақты орныға алды. Географиялық және басқа да кедергілер түрік мемлекетінің жоспарын бұзып, Византия соғыстың қатерінен құтылып кетті.

Түрік қағанатының тарихында ерекше атайтын тұлғалар көп болмаса да, аз емес. Тізімнің ең басында тұратын тұлғалар, әрине, Бумын және Естеми. Бумын Түрік қағанатының негізін қалаған мемлекеттік қайраткер, мемлекеттің алғашқы қағаны, ашина руының көсемі. Ол 545-552 жылдары билік жүргізген болатын, билік құрған жылдары туыстас түрік тайпаларын біріктірумен қоса, өздері бағынышты болған Жужан қағанатын жеңу арқылы тәуелсіздікке қол жеткізді. Түрік қағанатының қалыптасуы Бумын қағанның қалыптасуы

Бумынның билігі уақытында басталды, сондықтан да бұл мемлекеттің өмір сүруінің өзі оның есімімен тығыз байланыста жатыр. Кең-байтақ территорияны қамтыған Түрік қағанатын (А қосымшасы) есімі әйгілі, тарихта қалдырған ізі зор, үлесі мол тұлға, Бумын қағанның інісі және беделді қолбасшыларының бірі Естеми қағанның (Ә қосымшасы) орны бір бөлек. Ашина руының өкілі Естеми Түрік қағанатында Бумыннан кейінгі екінші лауазымды тұлға болып табылды. Естеми ағасымен бірге Жужан қағанатынан қарсы жеңісті де жемісті соғысқа қатысуы арқылы атын шығарып, танымал болды. Естеми есімімен мемлекеттің іргесін нығайтқан, тұғырын биіктеткен, алыс-шақын және үлкенді-кішілі елдер мен халықтарға танылуына сеп болған оқиғалар, жалпы алғанда саяси шешімдер мен әрекеттер тікелей байланысты[20].

Естеми 10 түмен әскерге қолбасшы болып, баһадүр-жабғу лауазымын алған. 552-553 жж. ху елін (соғдыларды), Алтайдың солтүстігіндегі тайпаларды бағындырған. 554-555 жж. жужандарға жорық жасап, оларды Арал теңізінен ары қуып, аз уақыт ішінде Қытайдан Әмударияға дейінгі, Ташкенттен Сырдарияға дейінгі жерлерді жаулап алған. 558 жылы Еділдің жағасына, Орал тауына дейін жетті. Алайда, Орталық Азияның ішкі аймақтарына жасаған жорықтарында эфталиттерден қатты қарсылық көріп, бұл бағыттағы шабуылды уақытша тоқтатады. Эфталиттерге қарсы саяси одақ құру үшін Естеми Иран шахы I Хұсрау Ануширванмен келісімге келіп, Мұқан қаған қытайлық император Юйвынь Таймен құдандалы болады. Нәтижесінде 563-567 жылдары эфталиттер мемлекеті талқандалды. Естеми түріктердің батыстағы он ірі тайпасын бірітіргені үшін «он оқ бұдұн қағаны» атанды, бірақ ресми түрде қаған болып сайланбады. Өзара келісімге қарамастан, Түрік державасының Жібек жолының керуен маршруттарына бақылау орнатуы Иран шахына ұнамады. Сондықтан Естеми Орта Азиядағы өзінің саяси билігін біржолата нығайту үшін Иранға Маниах бастаған елшілік жіберді. Бірақ ол да, кейінгі елшілік те сәтсіздік табады. Сәйкесінше кейін Иранмен арадағы қатынасты үзіп, жауласады. Ал Иранның жауы Византиямен қарым-қатынасты дамыту үшін сол Маниах бастаған елшілікті Кавказ арқылы Константинопольға аттандырады. Нәтижесінде екі ел арасында сауда келісімі мен Иранға қарсы әскери-саяси одақ құрылды. Византия императоры Юстин II де Земарх басшылық еткен өз елшілігін жіберді. Бұдан кейін Естеми Иранға шабуыл жасап, Орта Азиядағы территорияларды басып алды.

4 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ САУДА МЕН КЕДЕН ІСІ

4.1 Қазақстан территориясында Ұлы жібек жолының пайда болуының алғышарттары

Қазақстан аумағында өмір сүрген ежелгі және ортағасырлық тайпалар мен халықтардың өркениетке қосқан үлесі тарихи сана-сезімнің қалыптасуының бастауын көрсетеді. Еуразия тарихындағы таңғажайып құбылыстардың бірі – Ұлы Жібек жолы – бұл жол бойынша антика және орта ғасырларда сауда

Қытай, Еуразия далалары, Үндістан, Алдыңғы Азия мен Еуропа: Византия, Венеция, Иберия, Скандинавия аралығында жүрді. Осы жол арқылы Қытайдан жібек тасымалданды, ал оған жауап ретінде Аспан асты империясына Рим және басқа елдерден шыныдан жасалынған аса көркем бұйымдар, құнды заттар мен басқа да тауарлар жеткізілді. Бұл жолмен бірнеше ғасырлар бойы халықтар, заттар мен идеялар жүріп өткен жол, яғни этникалық миграциялар кезең-кезеңімен, сосын керуен саудасы алдыңғы технологияда, идеологиялық көріністе тарап, Еуразияның әртүрлі халықтарының жетістіктері дүниежүзілік ағымға еніп, Ежелгі Әлемнің қоғамдық даму өркениетіне алып келді.

Бұл байланыс қашан орнады және олар қандай жолдар арқылы жүзеге асырылды? Жібек жолы сүрлеуін жылқы салған Ежелгі антик жаһангездері мен тарихшылары Көне Әлемнің шығыс аймақтарын білмеді, олардың жағрафиялық ой-өрісі Батыс Үндістанмен шектелді. Гекатей Милетскийдің «Жер шарына шолуында» да, Геродоттың (б.з.д. V ғ.) «Тарихында» да, Аристотельдің еңбегінде де, тіпті Александрия кітапханасының сақтаушысы атақты Эратосфеннің «Географиясында» да (б.з.д. III-II ғғ.) Қытай айтылмағанымен, Иранның солтүстігінде өмір сүретін халықтар – Окса (Әмудария) мен Яксарттың (Сырдария) жағасында тұратын бактриялықтар мен соғдылар және олардың солтүстігіндегі көшпенді көршілері скифтер (сақтар), Корей жартыаралынан Дунайға дейін созылып жатқан жер жөнінде ақпараттар біртіндеп тарай бастайды. Тек б.з. 43 жылы рим географы Помпоний Меланың «Әлемнің жағдайы туралы» еңбегінде Үндістанның солтүстігіне қарай, Бактрия мен Соғдының шығысына қарай орналасқан жібек елі, яғни «жібек елінің» («серикум» латынша – жібек) адамдары суреттеледі. Ал Үлкен (немесе Ұлы) жібек жолы атауының өзі тек б.з. IV ғасырында Аммиан Марцеллиннің жиырма үшінші «Тарих» кітабында айтылады. Осы атақты күре жолдың ашылуын б.з.д. II ғасырға жатқызады, яғни қытай императоры Чжан Цянь елшілігін аттандырып, ұзақ саяхаттан кейін Аспан асты империясына қайта оралып, өзінің сапары Тарим өзені бассейніндегі шөл мен Тянь-Шань тауы арқылы тамаша биік келген күрең жылқылар өсіретін, гүлденген Парфия, Бактрия және Ферғана елдерінің байлығын сипаттауынан бастайды.

Палеозоологтардың зерттеулері бойынша, бұл жылқылардың арғы тегі қола дәуірі кезіндегі несей тұқымдарына жатқан, ал қазіргі кездегі тектілері түрікмен жеріндегі ахалтеке жылқылары. Бұл ғажайып жылқыларды алдыру үшін қытай императоры Ферған жеріне елшілік жіберіп, бірқатар қантөгісті соғыстар жүргізеді. Қытай хроникасы мен антикалық авторлар: Плиний, Дионисия, Птолемейдің жазбалары, бірнеше ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында Ұлы Жібек жолы Лобнор көлінің солтүстігінен Куча мен Қарашар арқылы Тянь-Шань (Тәңір тау) тауын бойлай және Тарим өзенінен Кашғарға дейін, Терсек асуы арқылы Ферғанаға, одан ары Сырдария бойымен және Оңтүстік Орал даласымен, Төменгі Еділге, Солтүстік Қара теңізге немесе Ферғанадан Самарқанға, одан ары Әмударияны өтіп, Иран мен Алдыңғы Азияға жүрген. Оңтүстік жол Лобнордан Куньлунь тауының солтүстік баурайын жағалай Яркент-дария бойымен Памирдің Вахандағы Ташқорғанына

дейін және Мары асуы арқылы немесе оңтүстікте Үндістан арқылы Гильгит пен Кашмир арқылы Гандгарға барып Инд өзені сағасынан аяқталған. Ұлы Жібек жолы – ежелгі өркениеттердің жеткен тамаша жетістіктерінің бірі. Оның тарихы беймәлім елдердің аумағындағы шөл мен тауларды алғаш басып өтушілердің ерлігімен қызықты[21].

Осы континент аралық жолмен тек әртүрлі тауарлар ғана емес, мәдени құндылықтар да өтті. Ұлы Жібек жолы адамзат тарихында алғаш рет Жерорта теңізінен Тынық мұхитқа дейінгі алып кеңістіктегі әртүрлі елдер мен халықтарды біріктірді. Үш патшалық жылдарында (б.з. Шғ.) әрбір қытай патшасы мен атақты қолбасшылары атын өздері мұқият таңдаған сүйікті жылқылары болды. Қытай батырларының бірі Гуаньдидің жылқысы «Чи Туцзы», «Қызыл қоян» деп аталды. Бұл есім тобылғының түсі мен жүйрік жылқыны бейнелейді. Қытайда Гуаньди культі Соғыс құдайы және оның жылқысын білдіреді. Оның құрметіне храм тұрғызылып, ал оның батыры Пекин операсындағы поэзияда дәріптелген.

Тан дәуірінде Ұлы Жібек жолы әртүрлі өркениет арасын жалғаушы көпір болып, көшпенді немесе дала өркениеті Қытай өркениетімен тепе-тең әріптесі бола білді. VI-X ғасырларда Қытай Моңғолия, Алтай аумағында пайда болған Түрік қағанатымен қарым-қатынас орнатады, ал бұл кезеңде бүкіл Ұлы даладағы жылқы мәдениеті биік сатыда тұрған. С.Е.Малов аударған тасқа қашап жазған Күлтегін ескерткішіне көңіл аударайық. Мұнда Күлтегіннің он үш шешуші шайқасы баяндалған. Онда да ол өзінің алғашқы ерлігін 16 жаста жаяу әскер қатарында жасап, батырлықтың «ер» дәрежесімен марапатталады. Тек 21 жасқа толғанда ғана ол басқа бір батырдың әскери жылқысымен жауға шабуға мүмкіндік алған. Бұл жылқы Күлтегінге тиіп, ақ түсті жылқыға тоғыз рет, бір рет торы және екі рет құба, бір рет бөрте (сұр) жылқыға отырады. Оған бәрінен көбірек қызмет еткен ақ түсті Шалшы жылқысымен Күлтегін үш-төрт рет шайқасқа қатысқан. «Шал» сөзі көне түркі тілінде «алып, ержүрек адам, батыр, мерген» дегенді білдіреді. Осы уақытта патшалық еткен Тан әулеті түрік әскерлерінің көмегі арқасында тақты жаулап алады. Тан императоры мен оның нөкерлері жылқыларды үйретті. Қытайдың ақсүйек әйелдері ерлермен қатар жылқыны көлік етті. Жылқы культі қытай поэзиясына, прозасы мен сурет өнеріне жаңа эстетика әкелді. Императорлар суретшілерге өздерінің әскери тұлпарларын жібекке полихромды және монохромды тушьпен салдырды. Осы кезде қайтыс болған батыр мен оның өлген сенімді жылқысына айтылған жоқтау «Ақ жылқы туралы өлеңі» кеңінен белгілі болды. Сенімді адамдар туралы сол кезде «Жылқы секілді адал қызмет етті» деп айтылды[22].

Тан императорының ат қорасында бауырындағы ұзын жүнімен, түнгі қараңғылықта көру қабілеттілігімен және күніне бес жүз ли (бір ли өлшемі 500 метрге тең) жүретіндігімен ерекшеленетін жүйрік жылқысы болды. Әйгілі ақын Омар Хайям өзінің «Наурызлама» эссесінде былай деп жазады: «Төрт аяқтының ішінде жылқыдан күштісі жоқ, өйткені ол – барлық жайылатын төрт аяқтылардың патшасы деп айтылады». Омар Хайям сонымен бірге Хұсрау Парвиздің Патша жылқының жолбасшысы, ал жылқы төрт аяқтылардың

басшысы және Афрасиабтың (Алып Ер Тонға): «Ай аспан үшін секілді жылқы патша үшін» сөздерін келтіреді. Басқа аңыздардағы кейіпкерлердің пікірлері де бар. Әскери жағдайлардағы жылқының маңызы мынандай сөздермен келтірілген: «Жылқы – бұл соғыс тағы, ал түсі оның қару-жарағы». Жылқының бұл терең пәлсапалық бағасы көріністің түсімен ерекшеленуі парсы тілі мен парсы поэзиясына тән. Ирандықтар X ғасырда бір түсті жылқы, ерекшелігіне қарай ақ түстісі бәрінен артық және көңіл аударуға тұрарлық деп айтқан. Оның иесі соғыста әрқашан жеңімпаз болып табылған.

Ежелгі ирандықтардан шыққан дәстүр бойынша ақ жылқыға патша мен қолбасшыларды отырғызған. Ақ түсті жылқыны шайқас алаңында көтерілген қалың шаңнан көру оңай, оған қоса айтарлықтай анық түсі жылқы-альбиносқа тән. Ежелгі ирандықтарда күн мен отқа табыну Рустам-Рахшаның жасындай жирен түсте, ал мінезі «жалын от секілді» болған жылқысы кейпінде бейнеленеді. Сиявуш пен оның ұлының қара түсті әскери жылқысы бір мезгілде әкесі мен ұлына адал болған, ол ұлына бағынғанымен, өзінің бірінші иесінің ер-тоқым, жүгенін иіскеп білді. Иран аңыздарында жылқыны сипаттау исламға дейінгі кезеңде-ақ сол эпитетте, ал ежелгі түркі халықтарында «пырақты», «құрыш тұяқты» деп кездеседі. Дала жолы. Сақтар Б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында Қара және Азов теңіздерінің жағалауын Орталық Азиямен байланыстырып жатқан «Дала» жолы өмір сүрді. Бұл жол біздің заманымыздың бірінші ғасырынан бастап Боспор патшалығы билігі мен Рим империясына қараған Солтүстік Қара теңіз қалаларынан басталды. Осы аймақтағы негізгі қалалар: Тир, Ольвия, Херсонес, Пантикапей, Фанагория Жерорта теңізі елдерімен, скиф және сармат тайпаларымен, сонымен қатар шалғай аймақтармен сауда байланыстарын жандандырды. Қара теңіз бен Орта Азия арасындағы сауда және мәдени байланыстарда үлкен рөлді сақ пен сармат тайпалары, әсіресе Арал маңы мен Қара теңіз маңы аралығындағы алып аумақты алып жатқан аорстар мен аландар атқарды. Бұл тайпалар Алдыңғы Азиядан Кавказ маңы, Еділ мен Жайық бойы далаларына апаратын сауда жолын бақылауда ұстады. Дала жолы оңтүстік орыс даласын Төменгі Еділ бойы, Арал маңымен түйістірді, сосын Оңтүстік Қазақстан арқылы Алтайға және Шығыс Түркістанға шығып, шамасы Ұлы Жібек жолының негізгі трассасына жалғасқан. Осы жолдың тармақтарының бірі солтүстік Жайық бойынан Хорезм арқылы Согдианаға, одан оңтүстікке кеткен. Дегенмен, бұл жол белгілі бір уақыттарда біршама жемісті қызмет еткенімен ол жүріп өту үшін құрылған, өйткені ол қалалары мен қоныстары жоқ бірнеше ондаған шақырымнан өтті. Одан басқа, сауда керуені ешкімнің билігін мойындамайтын әртүрлі тайпалардың шапқыншылығына ұшырады[23].

У Ди император тұсында қуатты Хань империясының саяси және экономикалық өсуіне байланысты Қытайдың сыртқы саясатының негізгі мақсаты ғұндар мен үнділерді араға салмай батыс елдерімен тікелей сауда қарым-қатынасын орнату болды. У Ди императордың ғұндармен үздіксіз соғыс жүргізу саясатының және Вэй Цинь қолбасшының жемісті әрекеттерінің арқасында қытайлықтар стратегиялық маңызы бар Ганьсуй дәлізін бекітті. Бұл

б.з.д. II ғасырдың екінші жартысында болды және Орталық Азиядағы халықаралық жағдайды айтарлықтай өзгерістерге ұшыратты. Чжан Цзяньның саяхатынан кейін Қытайды Таяу және Орта Шығыспен тікелей жалғастырып тұрған Ұлы Жібек жолы жөнінде жеке айтуға болады. Хань әулетінің тарихында Ганьсуй дәлізінен шыға берісте әртүрлі бағытқа тараған батыс-оңтүстік және солтүстік деген екі жол жазылған. Оңтүстік жол Шаньшань (Лобнор өзені алқабы) арқылы оңтүстік таудың (Куньлунь) солтүстік баурайымен, одан ары өзен бойымен Шачэден батысқа өткен. Одан ары батысқа қарай Оңтүстік жол Цинлин (Памир) арқылы Үлкен Юечжи (Бактрия) мен Аньсиға (Парфия) барады. Солтүстік жол Чешьтен (Турфан оазисі) басталып, Солтүстік тау (Тянь-Шань) және Тарим өзені бойымен батыста Сулэге (Қашғар) дейін өткен. Одан ары батысқа кеткен. Солтүстік жол Цинминде түйісіп, Давань (Ферғана өңірі), Канцюй (Қазақстан) мен Яньцайға (Төменгі Еділ мен Жайық бойы) барған.

Екі өркениетті – батыс пен қиыр шығысты жалғастыруда Орта Азия мен Қазақстан халқы көрнекті рөл атқарды, олардың қай жағынан болмасын жолсерік болғандығы даусыз. Біршама уақыт өткеннен кейін Ұлы Жібек жолымен сауда керуендері мен дипломатиялық елшіліктер өткендігі жөнінде қытай және грек-рим деректері куәландырады. Қазақстан аумағындағы Жібек жолының тармақтары Ұлы Жібек жолы саудасында қазіргі Қазақстан аумағы маңызды рөл атқарды. VI-VII ғасырларда Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы батысқа шыққан сауда жолы айтарлықтай жанданды. Жолдың осылай ауысуын бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолын бақылауда ұстаған түрік қағанаттарының ордасы болды. Екіншіден, VIII ғасырда өзара соғыстар болып жатқандықтан Ферғана арқылы өтетін жол қауіпті болды. Үшіншіден, бай түрік қағандары және оның айналасындағылар теңіздің арғы жағындағы тауарлардың ірі тұтынушысы болды. Жібек жолы арқылы VI-XIV ғасырларда елшілік және сауда керуендердің негізгі бөлігі өтті. Жүз жыл бойы ол өзгерістерге ұшырады: бір бөлігі ерекше маңызға ие болды, екінші біреуі керісінше кетті, ал қалалар мен ондағы сауда-саттық орны құлдырады. Сонымен VI-VIII ғасырларда Сирия – Иран – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас өңірі – Шу өңірі – Ыстық көл қазаншұңқыры – Шығыс Түркістан негізгі трасса болды. Осы жолдың бір тармағына, яғни бір бағытына Византиядан Дербент арқылы Каспий маңы даласы – Маңғышлақ – Арал маңы – Оңтүстік Қазақстан кірді. Б.з. I мыңжылдығының бірінші жартысында Жібек жолы белсенді қызмет етті, осы кезде Қазақстанға рим шынысы мен монетасы, қытай жібегі, айнасы мен лакталған ыдысы, еуропалық фибула – ілгек пен Сасандық Иранда жасалған тас-мөрлер келді[24].

Осы кезеңде Шу, Талас пен Сырдария өңірлерінде егіншілік қоныстар орнында қабырға және мұнаралармен қоршалған қалалық орталықтар қалыптасты. Жібек жолының қазақстандық бөлігімен Батыстан Шығысқа жылжысақ Шаштан (Ташкент) Турбат асуы арқылы Сайрамға (Исфиджаб) өткен. Исфиджабтан құлдарды, ақ мата, семсер, мыс пен темірді тасыды. Ол

жерден керуендер шығыста Шараб пен Будухкет қалалары арқылы Таразға барған. Деректерде Тараз көпестер қаласы деп аталады. Одан басқа ол, одан кейін Қарлұқтар мен Қарахандардың астаналық қаласы болды. Тараздан сауда жолы қашық емес жердегі Талас бойымен төмен солтүстіктегі Адахкет пен Дех Нуджикет қалаларына барған. Талас өңірінің таулы бөлігінде әйгілі Шелжі, Сус, Күл және Такабкет қалалары орналасқан. Олар күміс кеніштері маңында пайда болған. Талас өңірінде керуендер Ферғана өңірінен шығып Чанач асуы арқылы Талас Алатауындағы Шатқал жоталары мен Қарабураға баратын жолға түсе алған. Жолдың осы бөлігі Жібек жолының «ферғаналық» және «жетісулық» бағытын біріктірген. Тараздан Құлғанға баратын жол Ақыртас, Күлшөп және Жолшөп қалалары арқылы өткен. Құлғаннан ары қарай шығыста бір-бірінен төрт фарсах қашықтықта Меркі мен Аспара қалалары тұрды. Одан кейін керуен Нузкет және Харражуван арқылы Жүлге өткен. Жүлден шыққан жол Сарығқа және Қырмырауға барған. Қырмыраудан шыққан жол Жетісудағы ірі қалалардың бірі Навакетке алып барған[25].

Навакеттен шыққан жол Бунджикет арқылы Баласағұн мен Суябқа апарған. Суябтан шыққан жол не солтүстікке, не Ыстық көлдің оңтүстік жағасына қарай кеткен. Оңтүстік бөлігімен керуен Жоғарғы Барысхан қаласынан өтсе, ал солтүстігімен анықталғандай аты бүгінгі күнге жетпеген шағын керуен сарайға, сосын осы жолдар Бедел асуында қосылып, Ташрабат арқылы Қашғар мен Ақсуға апарған. Ыстық көл шұңқырынан Санташ асуы мен Қарқара өңірі арқылы жол Іле өңіріне, сосын Іленің оң жағасындағы Алмалық арқылы Өсек пен Хоргосқа, ал Такла-Макан шөлінің солтүстік шеті бойынша Хами және Турфан оазистері арқылы Дуньхуанға, яғни Қытайға алып барған. X-XII ғасырларда Жібек жолы тармағының бірі Іле өңірінің барлығын оңтүстік-батыстан солтүстік-шығыс бағытында қиып өтті. Тармақ Навакеттен басталды, сосын Баласағұнға барған және Қастек асуы арқылы Іле Алатауының солтүстік баурайына өткен. Осы жерде көзге түсерлік бағдар ретінде қасиетті Урун-Ардж тауы болған. Трасса ортағасырлық Қастек (Қыстақ), Қаскелең, Алматы қалалары арқылы өтіп, қазіргі Талғар қаласының оңтүстік шетінде орналасқан Тальхиз (Тальхир) қаласына жеткен. Тальхиз (Тальхир) транзиттік сауданың ірі орталығы болған. Осы жерден Жібек жолы тармақталған. Оңтүстік бөлігі Есік, Түрген, Шелек арқылы Илиуэн асуына жеткен, сосын осында Ыстық көл өңірінен шыққан Хоргос арқылы Алмалыққа шыққан маршрутқа қосылған. Осы тармақтан археологтар Есік, Түрген, Лавар атты шағын қалаларды және үлкен келген Шелек қаласын тапты. Тальхизден шыққан солтүстік жол Талғар өзені бойымен жүріп отырып Іле өзенінен өтіп Қапшағай шатқалына жеткен. Одан кейін жол Шеңгелдіге, одан Алтынемел асуы арқылы Көксу өңірі мен Екіоғыз қаласына түскен. Вильгельм Рубрук мұны Эквиус деп атаған және онда «сарациндер» (ирандық көпестер) тұрғандығын мәлімдейді.

Екіоғыздан жол қарлұқ жабғуының астанасы – Қаялыққа (Қойлыққа) барған. Ары қарай жол Тентек өңіріне түсіп, Алакөлді айналып, Жоңғар қақпасы арқылы Шихьо өңіріне өтіп, осы жерден Бешбалық арқылы Дуньхуан мен ішкі Қытайға жеткен. Екінші бір трасса Шеңгелді ауданымен өтіп, Көктал

мен Бояулы асулары арқылы Балқаш маңына, одан Іле Ортасу өзендері ағысы бойымен, ондағы ортағасырлық Ақтам, Ағашаяқ, Қарамерген қалаларынан, яғни көлдің оңтүстік және солтүстік жағалауларын жалғап, бұғаздың 8 км-ден астам ендік жолын артқа тастаған. Керуен бұғаздың өткелінен өтіп, Тоқырау өзенінің сағасына, сосын оның жағасымен Ұлытаудың етегінен шыққан. Солтүстік Іле жолынан бір тармақ Алакөлді айналып өтіп, батыс жағындағы Тарбағатай арқылы Ертіске, сосын қимақ мемлекетіне жеткен. Тарбағатайда және Ертіс бойында қимақтардың Банджар, Ханауш, Астур, Сисан қалалары және бекіністі қабырғалармен, темір қақпалармен қоршалған ірі қаласы – «хақанның астанасы» орналасқан. Қимақтардың қалалары жол арқылы Енисейдегі қырғыздардың, ұйғырлардың, Моңғолия мен Шығыс Түркістан оазистерінің қалаларымен байланысып жатты[26].

Отырар көптеген керуен жолдарының тоғысында болды. Бұл жерден жолдың бірі Шауғарға, екінші бірі Сырдария арқылы Васиджге барды. Одан шыққан жол Сырдарияны жоғары өрлеп оғыздардың Сүткент қаласы арқылы Шашқа, ал төмен қарай Жент, Сарайшық, Сарай Бату мен Кафуға жеткен. Шауғар деректер бойынша VIII ғ. белгілі, оған Түркістан маңындағы Шойтөбе қала орны тура келеді. Шауғардан қашық емес қазіргі Түркістанның орнында X-XII ғасырларда әйгілі ақын сопы Ахмет Ясауи тұрған және дінді уағыздаған Яссы қаласы қалыптасты. Отырардан Арсубаникет арқылы Арыстанды, Шаян алқаптарымен Қаратауды асып, Шауғар мен Яссыдан Тұрлан асуы арқылы, Сауран мен Сығанақтан, Жаңакенттен шыққан жолдар Орталық Қазақстан даласына, Сарысу мен Кеңгірге, Торғай мен Есіл жағасына жеткен. Бұл жерден де Болған ана, Жаман қорған, Нөгербек дарасы, Домбауыл, Милықұдық, Ормамбет атты ортағасырлық қалалардың қалдықтарын ашты. Дәл осы жерлерден ортағасырлық деректерде кездесетін Жубин, Кангликет қалаларын, Ортау мен Кейтау жайлауларын, Гарбиана мен Бақырлытау кен өндіру орындарын іздестіру керек сияқты. Ұлы Жібек жолы жоғарыда аталып өткендей қытай жібегін Батыс елдеріне экспорттау үшін қызмет етті. Сонымен бірге Рим, Византия, Үндістан, Иран, Араб халифаты, кейінірек Ресей мен Еуропадан ол бойынша Қытайға осы елдерде өндірілген таңғаларлық, экзотикалық мол тауарлар тізбегі: мирра мен ладан, ақгүл суы мен амбра, кармодон мен жұпар жүзімді жаңғақ шырыны, женьшень мен питон өтті, кілем мен кенеп мата, бояғыш заттар мен минералды шикізаттар, алмаз бен яшма, кәріптас пен коралл және «балықтың азуы», күміс пен алтынның сомы, тері мен монета, садақ пен жебе, семсер мен найза тасылды. Жібек жолы бойынша саудада Ферғананың «асыл тұқымды» жылқылары, араб және нисийлік тұлпарлар, түйелер мен пілдер, мүйізтұмсықтар мен арыстандар, қабыландар мен қарақұйрықтар, ақ түйғындар мен ителгілер, тауыстар, тотықұстар мен түйеқұстар жүрді. Саудагерлер арқылы мәдени өсімдіктер: жүзім, шабдалы, қауын, көкөніс, сонымен бірге дәмдеуіштер мен қант таралды. Әйтсе де, саудада негізгі және тұрақты зат болып жібек қала берді, ол алтынмен қатар іс жүзінде халықаралық валютаға айналды.

Жібек – тауар, салым-салық пен сыйлық ретінде жоғары бағаланғандықтан, оны патшалар мен елшілерге сыйлады; ол жалақы ретінде жалдамалы жауынгерге берілді және мемлекеттік қарыздар төленді. Ол туралы бізге келіп жеткен деректерде көптеген мысалдар бар. Иранның шахиншахы Хосров I Ануширван қытай императорынан (басқа сыйлықтар жиынтығымен бірге) көкшіл шетіне тәжді және әшекейленген патша бейнеленген жібекті қытайлық ушари киімін алады. Жібекті қадір тұтуы Қытай, Орта Азия, Шығыс Түркістан билеушілері сарайларындағы сылаққа салынған суреттерден анық көруге болады: ақсүйектер киген жібекті киімдер оған тән қымбат бұйымдармен, әшекейлермен, бөлшектермен, тіпті тігістеріне дейін салынып көрсетілген. Импорттық бұйымдардағы көз тартар заттар Талғар қаласынан табылды. Көмбеден шыққан қытай кәрленінен (фарфор) жасалған төрт тостағанның ішіндегі балалардың фигурасы ойылған бейнелер саңырауқұлақ пішінінде – ұзақ өмір символындағы медальондармен жиектелген. Табақтағы символика ерлердің үрім-бұтақ тілегі ретінде түсіндіріледі. Көмбеде сонымен қатар фаянсты тостағанның сынығы болды. Ішкі фонында тау және теңіз көрінісінде қызыл фонда аспашам орындалып, он бір отырған ер мен әйел бейнеленген. Кәрлен тостаған Қытайда жасалған, ал фаянстың сынығы Талғарға XII-XIII ғасырдың басында Жапониядан әкелінген. Жібек жолы бойымен діни идеялар, яғни теңіздің арғы жағындағы елдерге миссионерлер өз діндерін таратты[27].

Үндістаннан Орта Азия мен Шығыс Түркістан және Қытай арқылы буддизм, Сирия, Иран мен Аравиядан – христиан, сосын ислам діні. Лазурит жолы Бүгінгі таңда осы жолдың жекелеген бөліктері қола дәуірінде-ақ қызметін бастағандығы анықталып отыр. Ұлы Жібек жолына кірген ең ежелгі сауда трассасының бірі, тарих ғылымында «Ұлы лазурит жолы» деген атауға ие болды. Ерекше әдемілігімен және сирек кездесетіндігімен құнды болып табылатын бұл көк тас көптеген халықтарда жоғары бағаланды. Бұл тас Еуразия материгінде тек Таулы Бадахшан, Байкал маңы мен Корей жарты аралының кейбір жерлеріндегі кен орындарында ғана кездеседі. Сонысына қарамай осы тастан жасалған бұйымдардың таралу аймағы өте кең. Мұны төмендегідей археологиялық жәдігерлер дәлелдейді: 1) Оңтүстік Түркмениядағы Алтын-депе, Намазга-депе, Анау, Геоксюр-1 ежелгі егіншілікпен айналысатын қоныстарынан табылған лазуритті моншақтар мен кішкентай фигуралар (б.з.д. IV мыңжылдықтың ортасы – III мыңжылдық); 2) Ауғанстандағы Мундигақ қонысынан табылған моншақтар (б.з.д. IV мыңжылдықтың аяғы – III мыңжылдық); 3) Ежелгі Иран ескерткіштерінен табылған көптеген лазуритті әшекейлер; 4) Б.з.д. III мыңжылдықтың екінші жартысы – II мыңжылдықтың бірінші жартысына жататын харапп мәдениетінің лазуриттен жасалған бұйымдары (Белуджистан мен Инд алқабы); 5) Месопотамия көкшіл тасты немесе шумерліктердің тілінде «ункуды» Убейдтік мәдениеттің дамыған уақытында тасып әкелуді бастаған. Шумерлік дәуірде пайда болған «Энкерман және Араттаның жоғарғы абызы» дастанында Урука Энкерман хабаршыны Аратта еліне алтын, күміс пен унку-тасы үшін

жібергендігі айтылады; 6) Египетте лазуриттен Маат әйел құдайының бейнесі мен әртүрлі зергерлік әшекейлер дайындалған; 7) Анатолиядан (Троя мен Дарак) б.з.д. III мыңжылдықтың ортасына жататын бай жерлеу орнынан лазурит табылған; 8) Бактрия мен Согдианадан әкелінген моншақтар б.з.д. II мыңжылдықтардағы бақташы тайпалардың қорымдарынан, яғни Орал маңынан, Сынтас пен Ушкаттан лазурит, Алабұғадан көгілдір ақық, Бұқара маңындағы Гурдуштан мальтийлік крест пішінінде лазурит, ақық, көгілдір ақық, керек десеніз, Сібірдегі Ростовкадан, Сопка II-ден малтийлік крест пішінінде көгілдір ақық табылған. Олай болса, мұның барлығы көне дәуірде (б.з.д. III-II мыңжылдық шегінде) Бадахшанның қымбат тасы Ежелгі Шығыстың әртүрлі аудандарына жеткендігін дәлелдеуге негіз болды. Лазуритті тасымалдау бағыты былай болған, Бадахшаннан алынған тас Мундигак қонысына жеткен, одан Сиалк арқылы Иранның таулы өлкесі – Месопотамияға, ол жерден Сирияға, Египетке, Анатолияға тараған. Лазуритті теңіз арқылы да тасымалдау жолы болған (б.з.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысы), Бадахшаннан Инд өзені арқылы Аравия теңізіне, онан Парсы шығанағы бассейніне жеткен[28].

Нефрит жолы Қытайдан батысқа дейін қызмет еткен жолдың ең ерте кезеңі «Нефрит жолы» деп аталды. Нефрит – майда-шүйде жасайтын көк тас, сирек жағдайда ақ, сұр, қара түсті болады. Әдемілігі, беріктілігі мен тұтқырлығы жағынан ежелгі халықтарда айрықша жоғары бағаланды. Көне Қытайда бұл минерал ізгілік әкеледі деп есептелді. Одан әртүрлі табыну заттарын: мосы, литфон, ваза, құрбандық тостағаны мен басқа да көптеген нәрселер жасады. Сыма Цянь нефритті тас ретінде түсі бойынша қармен, дымқылдығын – жаңбырмен, жылтырақтығын – маймен, жарқылы бойынша – шырақпен салыстыруға келмейді деп сипаттаған. Дегенмен, оны алу өте қиын, ол үшін Куньлунь тауындағы нефрит шығатын жерге бару үшін екі өзен мен алты көлден өтуге тура келген. Тек мыңнан жүз, ал жүзден он ғана саяхатшы үйіне аман-есен оралған. Осы қысқа ғана хабарламаға екі факті ақиқат. 1) нефрит ежелгі қытайлықтар үшін ерекше бағаланды. 2) нефрит Қытайға Куньлунь тау тармағында орналасқан Хотаннан әкелінді. Чжан Цзянь Орталық Азияда б.з.д. 140-130 жылдары болған кезде Хотанда Хань империясына жөнелту үшін нефрит өңдеу өркендегенін атап өткен. Сыма Цяньның жазбасында Цинь Ши Хуан императордың төрешісі Ли Сыдың Куньлуньның мемлекеттік қазына қоймасына нефриттің түсуі жөнінде рапорт берген мазмұндағы баяндамасы сақталған. Хотан және ондағы нефрит өндірісі «Таулар мен теңіздердің каталогінде» айтылады. Хотан мен Қытай арасындағы нефрит саудасындағы делдалдар ретінде б.з.д. III ғасырға дейін Орталық Азияның алып кеңістігін алып жатқан юэчжилер алда тұрды.

4.2 Ұлы жібек жолындағы сауда қатынастарының дамуы

Сонымен Қытай ежелгі дәуірден бастап Ганьсуй дәлізі, Тарим ойпатымен өтетін сауда жолы арқылы юэчжилерден нефрит алатын Хотанмен байланыста

болды. Осы минералдың сауда-саттықтағы балама өнімі – жібек болды, ол батыс елдеріне сыйлық, тасқа айырбастау ретінде жөнелтіліп отырған. Олай болса, қытай жібегі б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысында Орта Азияға әкелінгендігін археологиялық зерттеулердің деректері дәлелдейді. Қытай батыс көршілерімен жібекті саудалауды шамамен Чжань Го кезеңінің аяғында бастады. Ең алдымен Қытай жібегі Персияға және Инд алқабына (б.з.д. V ғ.) тарады. Мұны Геродот пен Ксенофонт хабарламалары негізінде дәлелдеуге болады. Олар парсылар өте қымбат, сәнді де, әдемі болып есептелетін үнділік киімдерді киетіндігін жазған. Осы хабарламаларды айқындай келе, Прокопист бұл киімдер жібектен болған деп пайымдады, одан парсылар дайындаған кәдімгі киімдерді гректер үнділік деп атады, бүгінде оны серик деп атайды. Осы уақытта батыс меридиональды жол – оңтүстік қытай аудандарын Орталық Азия, Оңтүстік Сібірімен байланыстыратын трасса болды.

Бұл жол Шығыс Түркістан, Цайдам арқылы, Миньцзян мен Даду өзендері бойымен Юнаньға, одан ары Бирма мен Вьетнамға барған. Жолдың солтүстік тармағы – Қырғыз жолы Жоңғариядан Минусин шұңқырына дейін барған. Осы жолдың болғандығы жөніндегі мәліметтер Сыма Цяньда кездеседі. Б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында Қытай меридиональдық жол арқылы Сібір, Орта және Оңтүстік Азия аймақтарымен байланыста болды. Б.з.д. III ғасырдың аяғында Шығыс Азияда екі алып империя: Сюнну (ғұндар) мемлекеті мен орталықтандырылған Цинь-Хань империясы құрылды. Мөде шанью тұсында ғұндар солтүстікте Байкалдан оңтүстікте Ұлы қытай қорғанына, шығыста Ляохэ өзенінен батыста Серендия оазистеріне дейінгі аумақты жаулап алады. Чжичжи шанью тұсында (б.з.д. 53-34 жылдары) ғұндардың саяси ықпалы Орал маңы мен Төменгі Еділге дейін жүрді. Азияның кіндігінде орталықтанған осындай империяның құрылуы және ғұндардың Батыстың қиырына дейін өктемдік жүргізуі сауда қарым-қатынастарын айтарлықтай кеңейтті.

Ғұндар жеріндегі таяу шығыстық шеберлердің бұйымдар жолы Шығыс Түркістанның солтүстік бөлігіндегі оазистер арқылы шанью ордасы орналасқан Моңғолияның солтүстігіне барды. Ол арқылы Қытайдан сыйлық ретінде жібек мата, күріш, әдемі заттардың көп мөлшері түсіп жатқан. Ғұндар жібектің бір бөлігін Жерорта теңізі шеберлерінің бұйымдарына айырбастау үшін Қара теңіздегі грек отарлары мен Боспор патшалығына сахара арқылы жіберіп отырған. Жібектің құдіреті «Ұлы Жібек жолы» атауының шығуы осы уақытта Батыс елдері үшін қымбат тауар – жібекпен байланысты. Жібек құртынан жібекті дайындау құпиясын қытайлықтар шамамен 5 мың жыл бұрын ашса, белгілі жібек шаруашылығын зерттеуші А.А.Тихомиров оның нақты уақытын – б.з.д. 298 жыл деп атап өтеді. Қытай аңыздары бойынша ең алғаш алынған жібек жіп Си Линг-чи патша ханымға тәуелді болды. Шай ішу кезінде патша ханым шыныаяғына ағаштан жібі шығып тұрған құрт түсіп кетеді, сосын құрттың жібін тарқатып алады, солай алғашқы жібек жіп алынады, ал Си Линг-чи император әйел осы үшін ризашылық ретінде Аспан асты империясының құдайын тұрғызды, оның құрметіне осы күнге дейін Қытайдың көптеген аудандарында жыл сайын ғұрыптық мейрамдар өткізіледі.

Бірқатар зерттеушілер жібек шаруашылығының отаны Шан-дунь провинциясы, өйткені б.з.д. 2255 жылдың өзінде-ақ қытай патша ханымына салық ретінде жібек мата төлеген деп есептейді. Әсіресе, жібек шаруашылығы б.з.д. 1-мыңжылдықтың 2-жартысында ақша, мата дайындау, салық төлеу, сауда келісімдері барысында есептесу жібектен болған кезде кеңінен дамыды. Бірқатар ғалымдар таза жібектің отаны Үндістанның таулы аудандары десе, келесі біреулері – Батыс Гималай, тіпті Иран деп есептейді. Дегенмен, бомбикстің отаны, осы күнге дейін жібек құртының жақын аталасы – теофиль мандарин көбелегі өмір сүретін Солтүстік Қытай болып табылады. Табиғаттағы жібек құртын қарапайым жинаудан қолға үйретуге дейінгі сатыда бірнеше жүздеген жылдар өткен. Жібекті алу үдерісі ежелгі уақытта қалай болса, бүгінде де тура сондай. Екі құрт шағылысқаннан кейін, аталығы өліп, аналығы 600-700-ге дейін жұмыртқа-ұрық тастайды.

Көктемде (сәуір айында) ұрық жылы бөлмеге кіргізгеннен кейін, 10-12 күнде одан кішкентай қырықбуынды жібек құрты шығады. Олар өте қомағай болып келеді. Негізгі қорегі тұттың жапырағы болған олар өзінің салмағынан анағұрлым көп жейді. 30 күнге созылатын өзінің өмірінде қырықбуынның салмағы 10000 есе артады. Өзінің өсуінде ол бес жастан немесе түлеуден өтеді. Бесінші жасында жібек жібінің өзі жасалынады. Жібек бөлетін бездің нәрселері сыртқа шығып екі қабатты жіпке айналады, сосын қырықбуын үш күн бойы өзіне орауында жібек құрты пайда болады. Бір жібек құртында жібек жіптің ұзындығы есеп бойынша 100-2000 метрге дейін жетеді. Ежелгі дәуірде айтулы тауарлардың арасында бірінші орынды қытай жібегі алды. Жібек мата – жұқа мата, салмақсыз, жеңіл, жұмсақ және әдемілігімен көне заманда табиғаттың кереметтілігі деп есептелді. Сыры көп жібек жіп айқын әрі төзімді, әртүрлі түсті не түрлі керемет мата берді, ал түрлі түсті күрделі өрнекті осы маталар өздігінше бағаланды. Батыста олар алтыннан жоғары бағаланып, саудаға қымбат тастармен бірге жүрді. Жібекпен алым-салық, әскери және дипломатиялық қызметтер төленді. Оның қиындылары патшалар мен храмдарға, жауынгерлер мен ақсүйек сұлуларға сыйға тартылды. Мұның барлығы синолог Фридрих фон Рихтгофеннің 1877 жылы Қытайдан Еуропаға дейінгі сауда трассасын Ұлы Жібек жолы деп атауына толығымен дәйекті құқық берді. Бұл атау Еуразияның қазіргі елдерінің барлық қоғамдық қызметтері мен ғылымында қабылданды. Шынайы әрі нәзік түрдегі түсті және өрнекті жібектер Әлемнің байлығы символына айналды. Оның сапалығы мен жеңілдігі жүзік көзінен өтетін мата деп анықталды. Оны құрыш болаттың өткірлігімен сынады, оның жүзі жібек орамалды қиып өту керек болды. Александр Македонскийдің шығысқа жорықтарынан кейін антикалық әдебиеттерде қытай жібегі туралы нақты мәліметтер пайда болады. Александрдің ұстазы Аристотель өзінің «Жануарлар тіршілігі» атты еңбегінде жібек өндіру жөнінде былай деп жазады: «Үлкен құрттан кішкентай қуыршақ, сосын жібек құрты шығады. Мұның барлығы алты айда болады. Осы жәндіктен әйелдер жібек құртын бөліп алып, тарқатады, одан кейін оны иіреді. Платестің қызы Полифония Кос аралында алғаш рет иірген деп айтады». Б.з.д. I

ғасырында жібек Клеопатрия патшайым үшін арнайы шеберхана жібектен салтанатты киім-кешек тіккен Александрияға жеткен.

Октавиан Августтың билігі уақытында рим поэзиясында жібек туралы көптеген ескертпелер пайда болады. Римде *Viscus Tuscus* ауданында сириялықтар Ннтиохи мен Пальмирден сатып алынған жібектерін саудалайтын арнайы базар болды. Жібек жолы бойындағы саудада айтарлықтай рөл соғдылықтарға тиесілі болды. Олардың Шығыс Түркістанға баруы б.з.д. IV-III ғасырларға жатады. Айтарлықтай соғды отары мен қоныстары б.з. бірінші ғасырына жататын Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Шығыс Түркістан мен Солтүстік Қытайдың керуен саудасының басты орталықтарынан анықталды. Соғды қауымының Жібек жолы торабындағы елді мекені – Дуньхуанда болғандығы жөніндегі жазба дерек IV ғасырға жатады. Соғдылық «көне жазба» мәліметтері бойынша олардың саны бір мың адамдай делінген. Айтарлықтай соғды отары Батыс Қытайдың сауда орталықтары Лянчжоу мен Сучжоуда болған. Бұл мекендер Тан уақытында да белсенді сауда қызметтерін жүргізуді жалғастырған. Соғды саудагерлерінің едәуір бөлігі тандықтардың астанасы Чаньань қаласында тұрған.

Оңтүстік жолдың басты орталығы Шаньшаньнан (Лобнор көлі маңында) VII ғасырдың бірінші жартысында Самарқанд пен Тараздан шыққандар бірнеше қоныстан тұратын өз отарын құрған. Жібек жолындағы Түркі өркениеті VI ғасырдың ортасында Орталық Азияның саяси аренасына жаңа мемлекеттік құрылым – Түрік қағанаты шығады. Түркілер алғашында Алтайдан Сырдарияға дейінгі аумақты қамтып, Иранмен одақ орнатып, эфталиттер мемлекетін талқандайды, сосын Қара теңіз жағалауына дейін жылжиды. Қытайдан алым-салық ретінде алған үлкен байлықты иеленіп, олар соғыс уақытында соғдылық көпестерді қолдай отырып, Ұлы Жібек жолындағы сауданы қарқынды дамытуға қызығушылық танытады. Дегенмен, оңтүстік трассаның айтарлықтай бөлігі Иранның бақылауында болғандықтан, қаған 567 жылы Иранға сауда трассасын бірігіп бақылау мақсатымен соғды көпесі Маниахты басшы етіп елшілік жібереді. Бірақ Хосров I шах елшілікті қабылдап, әкелген жібектерін сатып алып, оларды наразылықпен астана алаңында өртеп жібереді[29].

Қағанның бес айдан кейін жіберген екінші елшілігінен де нәтиже болмады. Бұл тікелей соғысқа алып келді. Осыдан кейін қаған елшілікке тағы да басшы етіп Маниахты Тараздан тікелей Византияға Бұқара, Хорезм арқылы, Каспий теңізінің солтүстік жағалауын айнала, Кавказ арқылы жіберген болатын. Сауда және әскери келісім жасалып, Византияның императоры Юстин II шығыс жерлерінің стратегі, тіпті ол түркілердің Иранға жасаған жорығына қатысқан Земархты басшы етіп әскери елшілігін жібереді. Осылай солтүстік жол бойынша Орталық Азия мен Византия арасында тұрақты сауда қарым-қатынасы орнады. Испиджаб, Отырар, Самарқандтан шыққан керуен Арал теңізі бойымен Хорезмнен өтіп, Еділ арқылы солтүстік кавказ тайпалары арқылы Кавказ жоталарының Қара теңіз жағалауына жетіп, одан ары Византия шекарасына барған. Бұл жол VI ғасырдағы грек тарихшысы Меандрда

жазылған. Византиямен және осы жолдың торабындағы саудадан таңғаларлықтай қызықты заттай қалдықтар сақталған. Ортағасырлық Самарқанд, Мерв, Тараз, Андижан, Ташкент қалаларынан б.з. VI-VII ғасырларындағы византиялық және солардікіне ұқсас алтын монеталар табылды. Қолөнер өнімдерінің қалдықтарымен бірге монеталар Орта Азия мен Қазақстанның қалалары мен қоныстары қарапайым транзиттік елді мекен болмағандығы жайлы айтады. Олар өз өндірістері мен қолөнері және ауыл шаруашылығындағы көпшілік мөлшердегі әртүрлі тауарларды экспорттаушылар болды.

Жазбаша деректердегі мәліметтер бойынша Орта Азия мен Қазақстан иеліктерінен металл мен дайын металл бұйымдарындағы салтанатты ыдыстар мен қымбат металдардан қару-жарақтың әртүрлі түрлеріне: садақ пен жебе, семсер мен сауыт-сайман, тері бұйымдар, олардың ішінде, әсіресе шаштық киіз, мата мен киім бағаланды, асыл тас пен түсті шыны әшекейлер, дәрілік және бояу заттарына дейін тасыған. Егер бұрын айырбас өнімі тек қытайлық жібек болса, б.з. бірінші мыңжылдығының ортасында соғдылық шеберлердің өзіндік жібек мата өндірісі болғандығы жөнінде ауыз толтырып айта аламыз. Бұл жаңалықты күтпеген жерден жібекті зерттеуші француз Д.Шеперд жасады. Бельгияның Юн қаласындағы храмның құлпытасын жапқан ежелгі жібекті зерттеуде ол белгілі шығыстанушы В.Хеннинг оқыған беймәлім жазудың бірін тапты. «Занданашы» деп жазылған жазу оның өндірілген әйгілі ортағасырлық Шығыстың тоқымашылық орталығы – Соғдыдағы, Самарқанд пен Бұқара арасындағы Зандана қонысын нақты көрсетіп тұр. Бұл қоныстың келесі жүзжылдықтарда өте әдемі жұқа матасымен даңқы шыққан. Зандананың әйгілі матасы туралы араб деректері де атап өтеді. Ол жөнінде «Бұқара тарихының» авторы Мұхаммед Наршахи Юн қаласындағы храмнан шыққан жібектегі суретке ұқсас өрнекті жібек мата Муг тауындағы соғды билеушісі Деваштич қамалының қоймасынан табылғандығын жазған. Солтүстік транзит жолы б.з. VI-VII ғасырларда тармақтары толық қалыптасқан керуен жолының құрлықтағы трассасымен толықты.

IX-X ғасыр басындағы араб-парсы географтарының географиялық еңбектерін талдаған шығыстанушылар олардың алғашқы еңбектерінің негізінде осы уақыттың жолшылары өздері болған деп есептейді. Ежелгі жолдар мен елдерді жазған 820 жылы туған Ибн Хордадбех б.з. IX ғасыр басындағы Табаристан билеушісінің ұлы болған. Оның өзі Джибал аймағының бастығы болған, осы лауазым құрамдас бөлігі шығысында Бағдаттан Орта Азия мен Үндістанға, батыста Испания мен Византияға, солтүстікте Кавказға дейінгі сапары болған «Мемлекет және саяхат кітабын» жазуға түрткі болған болуы мүмкін. Жеке Құрлықтағы және теңіздегі бірқатар трассасы, Дон, Еділ және Каспий бойынша орыс көпестерінің бағыттарына шейін көрсетілген. Басрадан шыққан Кудама ибн Джафар – халифат поштасының бастығы болған. Оның «Харадж және хатшылық өнер жөніндегі кітап» атты еңбегі жарым-жартылай сақталғанымен, оған пошта бағыты түскен. Пошта басшысы барлық жолды білуге тиісті болды, себебі халиф бір жақа баруға жиналуы немесе әскерді

бағыттауы мүмкін. Сондықтан ол трасса бойынша орындардың аттарын, жол, тұрақ, миль мен фарсах саны, жолдың қиыншылығы мен оңайлығын, судың барын және т.б. тізіп шыққан. Біршама кейінгі географтардың еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстан облыстары, оның ресурстары, қалалары, қолөнері, иеліктің өнімі, сауда трассасы жақсы берілген.

Жаһандану кезіндегі сауда-экономикалық мәдени байланыстар Олай болса, Ұлы Жібек жолының далалық трассасы оның дамуы мен қызмет етуіне өз ерекшелігімен қайталанбас айрықша колорит енгізді. Көшпенді дала мен отырықшы аудандардың өзара қарым-қатынасы Ұлы Жібек жолының арқасында күшейіп, көшпенді мен отырықшы-егіншілік мәдениеттер бір-бірін өзара байытуға септігін тигізді. Отырықшы қалалықтар мен көшпенді тайпалар бірін-бірі түсінуі нәтижесінің барысында адамзаттың алуан түрлі ежелгі мәдениетінің ішіндегі өзіндік мәдениетті құрды. Ұлы Жібек жолын қайта қалпына келтіру бүгінгі таңның ең өзекті мәселелерінің бірі және бұл ірі халықаралық жобаны, оның ішінде Ұлы Жібек жолы бойымен халықаралық туризмді дамытуға Қазақстан белсенді қатысып келеді. Туризм халықаралық қатынаста ұлттық масштаб шеңберінде қарастырылмайды. Орталық Азия мемлекеттері ғаламдық туристік жоба тізбегіне біріккен. «Ұлы Жібек жолы» Жапониядан Еуропаға дейінгі (шамамен 20 ел) елдер өз кезегінде 138 елдің мүшесі бар Әлемдік туристік ұйым жобасына кіреді[30].

Археологиялық ескерткіштер өз кезегінде туризм нысанына айналып, туризмнің инфрақұрылымдық доминанты болып, оның дамуы Қазақстан экономикасының басымдықтарының бірі болды. 1998 жылы Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи орталықтарды қайта өркендету, түркітілді мемлекеттердің мәдени дамуының сабақтастығын сақтау, туризм инфрақұрылымын құру» бағдарламасын бекіту жөніндегі Жарлыққа қол қойды. Жібек жолын қайта жандандыру – бұл ұқыпты стратегиялық жоспарлауды талап ететін күрделі көп жақты жоба. Жібек жолы – бұл ежелгі маршрут бойындағы жай ғана құрылыс жолы емес, бұл инфрақұрылымның дамуы, тиімді ынтымақтастық үшін ең жоғарғы деңгейдегі қолайлы жағдайда құруды толық жетілдіру заңнамасы, сонымен қатар елдер-қатысушылар арасындағы өзара түсіністік жетістіктері үшін шебер дипломатия. Жібек жолы жүйесін қайта жандандырып, қалпына келтіру тек Қытайдың батыс аудандары үшін ғана емес, Қазақстан және Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның басқа да елдері үшін маңызды болып табылады. Бұл континент ішіндегі аймақтар үшін жаһандық ықпалдастықтағы бірден-бір, тіпті жалғыз ғана мүмкіндік болуы мүмкін. Жібек жолын қайта жаңғырту оның бойында орналасқан барлық елдердің экономикасына өзгеріс алып келетіні сөзсіз. Қытай Жібек жолының өз бөлігін қалпына келтіріп, Орталық Азия елдерінің аумағындағы автожол құрылысы мен инфрақұрылымдық жобаларға көлемді қаражат жұмсап келеді. Жобаның негізгі мақсаты ежелгі сауда жолының күретамырын қалпына келтіріп, Жаңа Жібек жолын Роттердамға (Нидерланд) дейін созу. 2008 жылы Женевада 19 елдің, оның ішінде Қазақстан, Қытай, Ресей, Түркия мен Иранның министрлері Жібек жолының бір бөлігін қалпына

келтіру бойынша көлемді жоба қабылдады. Шамамен 7000 км созылған Жаңа Жібек жолының жаһандық перспективасы тек ежелгі маршруттар ғана емес, жаңа бағыттарды да қамтыған автокөлік және темір жолдардан тұрады. Келешекте Қытайдан Еуропаға дейінгі, Ресейден Оңтүстік Азия мен Түркияға дейінгі негізгі континент аралық жолды ашу жоспарланып отыр. Жібек жолының басым бөлігінің бойындағы континент іші көлік жүйесінің дамымағанына қарамастан, бұл аймақтарды дамытудың келешегі өте жоғары. Мұнда бай табиғи ресурстар, пайдалы қазбалар және көп халық, мысалы еуразия континентінің барлық аумағының 3/5 бөлігін құрайтын Шанхай Ынтымақтастық ұйымына қатысушы (Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан) елдерінде әлемнің 1/4 тұрғыны шоғырланған. Еуразия елдерінің экономикалық күре тамырын қайта жандандыру тек мәдени-экономикалық айырбас пен өрбуге мүмкіндік туғызып қана қоймай, аймақтағы бейбітшілік пен бірлікті орнықтыруға септігін тигізеді. Жаңа Жібек жолын қалыптастыру Орталық Азия елдері үшін ерекше маңызға ие. Орталық Азия елдеріне географиялық тұрғыдан қарасақ, ол материктің ортасында орналасқан, мұхитқа дейінгі ең жақын қашықтығы 1700 км құрайды, бұл халықаралық сауда үшін табиғи негізгі тосқауыл болып табылады. Жаңа Жібек жолы материк ортасындағы елдерді біршама дамыған Қытай және Еуропамен жан-жақты ықпалдастыққа, сауданың дамуына мүмкіндік туғызып, аймақтағы кедейшілік, қауіпсіздік пен жұмыссыздық мәселелерін шешуге септігін тигізетіндігі сөзсіз. Бүгінде ежелгі алып мемлекеттер жоқ және географиялық шекаралары да өзгерген, ал онда тұрып жатқан адамдар әйтсе де өмірлік маңызы бар экономикалық өзара әрекеттесуге мұқтаж әрі көрші халықтардың өмірі мен мәдениет танымын көксіп келеді. Тарихи, экономикалық және табиғи байланыс, сонымен қатар діни ортақтық халықтардың жақындасуында маңызды рөл атқарады. Елдер арасындағы жан-жақты байланыстарды орнату шеңберінде Жаңа Жібек жолын құруды күшейту, шын мәнінде, үйлесімді дамуға, бейбітшілікке жетуге және халықтардың жарасымды өмір сүруіне бағытталған.

5 АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ІСІ

5.1 Алтын Орданың пайда болуы және дамуы

Жошының екінші ұлы, Шыңғыс ханның немересі Батый хан тұсында монғолдар орыс елінің көп жерін басып алды.(1236-1241 ж) Польшаны, Венгрияны, Дальмацияны шапты, Грузияны жеңіп, Кавказдың басқа да кейбір халықтарын бағындырды. Алтын Орда шекарасы Ертістен Днестрге дейін созылды. Шығыс Еуропада болған Еділ бұлғарларының жері, Дешті Қыпшақ,Қырым және Дербентке дейінгі Солтүстік Кавказ (кейде Бакуге дейін), Орта Азияда Үргеніш қаласымен қоса Солтүстік Хорезм, Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі аймақ түгел қарады.

Алтын Орда астанасы Еділ сағасындағы Сарай қаласында болды; көп кешікпей ол Азиядан Еуропаға баратын керуен жолындағы аса ірі сауда орталығына айналды.

Алтын Орда XIII-XIV ғасырларда күшті мемлекет болып тұрды. Бұл тұста оны мемлекет ретіндегі беделі өсіп, көрші елдермен қарым-қатынасы нығайды, шаруашылық, мәдениеті өркен жайды. Осы кезеңдерден Алтын Орданың қол астындағы жерлерде, әсіресе Батый сарайы, Берке сарайы, Керчь, Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты кенттерде қолөнер, ғылым, әдебиет салалары өсті. Оған біріншіден түркі текті ру-тайпалар мен халықтардың мәдениеті, Әл – Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әл-Бируни, Ас-Сығанақи, бин Исақ, Фердауси, Низами, Ахмед Йассауи, Сүлеймен Бақырған тәрізді ғалымдар мен ақындардың мұраларын пайдалану мен ілгері дамыту оның әсерін тигізсе, екіншіден, көрші елдер мәдениетінен үйренудің езгі ықпалы болды.

Алтын Орда хандары Батый (1256ж өлді), Берке (1257-1266 ж), Мөңке-Темір (1266-1280 ж), Туда-Мөңке (1280-1287 ж), Төле-Бұқа (1287-1291 ж), Тоқты (1291-1312 ж), Өзбек (1312-1342 ж), Жәнібек (1342-1357 ж) хандар тұсында Алтын Орданың қуаты арта түсіп, билігі мейлінше күшейді. Егер Жошымен Батый Монғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бас иген болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін толықтай тәуелсіз деп есептеді. Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда – саттығы өркендеді, әр түрлі кәсіпшілік пен қолөнер дамыды. Берке тұсында Алтын Ордаға ислам діні ене бастап, Өзбек тұсында ол үстем дінге айналды. Саяси өмірдің ерекше маңызды кезеңдерінде билеуші әулеттің өкілдері бастаған әскери феодалдық алпауыт – бектердің құрылтайы шақырылып тұрды. Мемлекеттік құрылыс әскери негізде болды, шет аймақтарды әскери әкімшілік биледі. Қарулы күштер- оң қол, сол қолға бөлініп, оларды ханзада – оғландар: түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, оңбасы басқарды. Аса маңызды әлеуметтік қызметтерді атқаруға билеуші топтың өз адамдары – оғландар, әмірлер, даруға-бектер қойылды. Мемлекеттік мекемелердің басында атақты билер мен олардың дуван бітікшілері, талғамшылар отырды. Қалар мен бағынышты аймақтар басқару үшін губернаторлар – жаруғашылар, басқақтар тағайындалды. Олардың неізгі міндеті жергілікті халықты бұғауда ұстау, әскери күшімен алым-салық жинау еді. Ақ Орда халқының қоғамдық және мәдени даму дәрежесі әрқелкі болды. Көшпелі халықтарда жартылай патриаирхтық, жартылай феодалдық қатынастар үстемдік етті. Шаруалардың жағдай мейлінше ауыр болды- олар екі жақтан бірдей қан алды: ханға жергілікті алпауыттарға да алым-салық төледі. Бастапқыда салықтың дені хан қазынасына түсті. Кейіннен Алтын Орда хандары жергілікті билеушілерге тархандық жарлық үлестіруді кеңірек қолданды. Мұның өзі феодалдардың бағынышты халықты шексіз билеуіне және салықты өз қалауынша жинауына ерік берді. Екінші шаруалар өңдеген жерден заттай алынатын салық төледі. Серіктес шаруалар феодалдарға еріксіз жұмыс істеп, салықтарын өтеді. Бұлардың үстіне жол, көпір, көлік, арық жүзім т.б. салықтар болды. Жеке меншікті қорғау үшін мемлекеттік заң мен мемлекеттік идеология қалыптасты.

Ол туралы Лев Гумилев «Мені Евразиялық деп атайды» атты еңбегінде : «Жошы ұлысына қарайтын бүкіл елге-Еділдегі, Алтын ордадан,Тюмендегі Көк Орда мен Ертістегі Ақ Ордаға дейін ислам дінін қабылдауға мәжбүр етілід» , - дейді.

Аңғал да , ақкөңіл көшпенділер өзінің хандарына қалтқысыз сенді, ал хандар болса, ақылды әмірлерге зәру еді. Әмірлер сауда орталығы болған қалалардың тұрғындарымен тығыз байланыста болып, 100 жыл ішінде шынайы мұсылмандарға айналып шыға келді. Ал бұл Шыңғыс тұқымының жауына айналды деген сөз еді. Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда Еділ бұлғарлары қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазар мен алан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірде негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес қыпшақ, қаңлы, арғын, найман,қоңырат,керей, уақ т.б. тайпалар мекендейді. Дешті Қыпшақ аймағы мен Еділ бойына қоныс аударған монғолдар мүлде аз болды.

Монғолдар жергілікті түркі тілдес халықтармен сіңісіп кетті. Алтын Орданың орталық аймағы – Еділ бойы, басты астанасы – Берке сарайы, неізгі әскери феодалдық күші – қыпшақ тайпалары болды.

Алтын Ордада 132 жыл үстемдік еткен Батый династиясы сыртқы қақтығыстағы жеңістерімен династия ішіндегі тыныштықты сақтаудағы өздерін Алтын Орда хандығының ішіндегі ең белсендісі екендігін көрсетті. Сарай тағымдағы Батый ұрпағының соңғы мұрагері өлгеннен кейін Жошы ұлдары Орда – ежен, Шайбан және Тоқа-Темір арасында таққа отыруға деген ұмтылыс өріс алды. Осындай қат-қабат қайшылықтар ең алдымен Ақ Ордада басталды.

5.2 Бату хан мен Александр Невский арасындағы одақтық қарым-қатынастардың пайда болуының бастамалары

Тарихи, фольклорлық және әдебиет негіздерінде Алтын Орданың кедендік және салықтық қызметінің пайда болуы туралы көп мағлұматтар берілген. Қазақ аңыздары, хан жарлықтары, араб, парсы және қытай құжаттары, орыс шешірелері, Карамзин, Костамарова және Соловьева еңбектері өткен дәуірді айқын суреттейді.

Үш ғасыр бойы Дешті Қыпшақ, Киевтік Русь, Литва, Польша, Хорезм, Крым, Солтүстік Кавказ және Батыс Сібір Алтын Орданы құрап, Орталық Азия мен Шығыс еуропа елдерінің арасында мықты мемлекеттің бірі болды.

Ұлы Шыңғыс хан қазақ хандары мен сұлтандарының арғы атасы. Оның атымен қазақ қоғамының « ақсүйек қоғамы» және «қарапайым халыққа» бөлінуімен байланысты. Шыңғыс ханның « Жаса» заңы көптеген жылдар бойы қазақ тайпасының негізгі заңы болды.

Қазақ аңыздарында, Сары-арқада болған құрылтай жиналысында қазақ тайпаларының билері мен сұлтандары Темучинді ақ киізге отырғызып хан етіп жариялайды. Осыдан кейін Темушинді Шыңғысхан деп атап кетті.

Қазақ даласының жаңа дәуірі таққа Батый ханның келуімен байланысты.

Батый Жошы ханның ең сүйікті ұлы болатын. Жошы хан өзінің ұлысын Батыйға өсиет етіп қалдырды, Шыңғысханға ханзада ретінде және ержүрек батыр ретінде таныстырылды. Шыңғысхан Батыйға «алтын табалдырығы бар ақ киіз үй» сыйлады, бұл жоғарғы биліктің нысаны еді.

Батый хан билік еткен кезде «Сайынханның құс жолы» және «Сайынханның ақ жолы» деген түсініктер болды. Батый ханның осы түсініктерін қазақтар әлі күнгедейін «млечный путь» деп атайды.

Александр Невский (1219-1263), тарихи шежірелердекөрсеткендей, Алтын орданың ең маңызды тұлғасы болды. Александр Ұлы князь Ярослав Всеволодовичтың бірінші некеден туған ұлы болды. Александрдің шешесі, қыпшақ князінің Юрий Кончаковичтің қызы болды. Александр Ярославович өзінің далалық бауырластарының тілін, салт- дәстүрін жақсы білді.

Батый хан Александр Невскийдің көзінде далалық бауырласын және одақтасын көрді. Ол Новгород пен Песков қалаларына тиіспеді, себебі онда Александр невский билік етті, бірақ өзіне қарсы шыққандарға аяусыздық танытқан жоқ.

1235-1242 жылдарда болған оқиғалар Батый мен Александр Ярославовичтің еуропалық мемлекеттерге қарсы үйлесімді әрекеттерін көрсетеді. Батыйдың әскері венгер, польшаның және чехтардың жерінде болғанда, Александр 1236 жылы Невада швед Биргердің крестші жауынгерлерін талқап жатты, сол кезде оған Невский атағы берілді.

Батый жаулаған жерлерінде өз билігін орнатып, енді орыс князьдердің жеріне ауысты. Ұлы князь Ярослав всеволодович (Невскийдің әкесі) 1243 жылы Батыйдың Ордасына аттанады. Батый Ярославты абыроймен қарсы алып, « Сен барлық орыс князьдердің арасында ең үлкені бол» деп айтады.

Ұлы князға ең бірінші билікті хан ұсынады. Кейіннен Ордаға басқа да княздар келе бастады.

1246 жылы Ярослав Всеволодович Ордада құрметті аманат ретінде болып, қайтыс болады. Өзінің орнын ол ұлы Андрей Ярославовичке (1249-1252) аманат етеді.

Александр Невский ұлы князь болмасада, Алтын Орда империясының жақтаушысы болды. 1248 жылы ол өзінің ағасын Михаилды хан төлемдерін төлемегені үшін жазаға тартты. 1252 жылы Александр Невский Ордаға князь Андрей Ярославович хан төлемдерін төлемегендігі туралы арыз айтуға ааттанады.

Орталық мемлекеттің құрылуы, яғни Алтын Орда, әскер мен шенеуніктерді асырау үшін қаражат қажет болды. Ұрлау саясаты мен соғыс шығынын толтыру үшін Батый хан алым жинау саясатын енгізді. Осы қызметтің жүзеге асырылуына қатаң бақылау мен қадағалауды жүргізді. Халық санағын жүргізуге және мүлікті тіркеуге шенеуніктерді жіберді, олар **писцовые** кітаптар жазып, онда тұрғындардың аты-жөні, олардың мүлкі, өңдейтін жерлерін және олардан түсетін табыстарын тіркеп, жазып алды. Осы табыстарға қарап оларға әртүрлі салықтар мен алымдар салынатын. Бұлардан басқа, Орда қызметкерлері көптеген баждарды да төлейтін. Ішкі саудаға да аз

мөлшерде алымдар мен салықтар салынатын. Бір жерден бір жерге көшкенде немесе бір қаладан бір қалаға көшкенде саудагерлер, ұсақ салықтардан басқа, кедендік және көші-қондық баждарды төлеуге міндетті болды.

Православяндық шіркеу Алтын Орданың көмегі арқылы жерді иеленді, ауылшаруашылық жерлерінің, жайылым, шіркеудің және тұрғын жерлерінің құрылысына айналды. Шіркеу қызметкерлері Ұлы ханның ойы мен рухының қаруы болды. Олар халықты салық пен алымды төлетуге және соған бойсұнуға шақырды. Шіркеу мен монастырларда Ұлы ханның тыншылары жүретін, олар Ордаға халықтың толқулары туралы, қастандықтар, хандық төлемеулер мен т.б. туралы айтып отырды.

Жоғарыда айтылғандай, Алтын Ордада көптеген және әртүрлі алымдар мен салықтар болды. Жаулап алынған жерлердің халықтарынан ондықтар (нан алымының оныншы бөлігі), тамга (саудагерден алынатын баждар), яссы, баждар, хандық баждар және т.б. Ұлыстарда да (Солтүстік Кавказ, Крым, Қазақстан, Батыс Сібір) табиғи салық, кедендік баждар, егіс үшін төлем, жергілікті салық, жиналған өнімнен салық, тауар салығы, мал басына салық, жерді пайдаланғаны үшін салық, қаржы операциялары үшін салық, күзет үшін салық, жол үшін салық, еркін азаматтардан алынатын жеке салық және т.б. салықтар мен алымдар алынып отырды. Сонымен қатар әскери міндет те болды.

Алтын Орда хандары саудаға және сауда қатынастарына көп көңіл бөлететін және орда саудагерлерін мадақтап отырды. Бай саудагерлер кейде ханның салық жинаудан кеңесшілері болды. Олар жай салық жинаушылардан әлдеқайда айрықшаланатын. Түркістандық саудагерлер Ұлы ханға ресей жерлерінен алынып жатқан барлық алымдарды өтеп алып, кейіннен ханға өзінің салық жинаушылардан гөрі көбірек беретіндерін айтты. Хан, салықтың басым бөлігі шенеуніктерге түсетінін біліп, шығыс саудагерлернің ұсыныс қабылдады.

Түркістандық саудагерлер үлкен көлемде түсім алу үшін бір жүйені ойлап тапты. Салық төлеушілердің ауыртпалығын жеңілдеткен кейпінде, олар салық төлеудің мерзімдерін енгізді, үлкен пайызбен оларға пайыздық төлемдер берді. Дер кезінде алым мен пайызды төлемеген жағдайда, оның көлемі одан да арта түсетін, кейіннен салық төлеушілер қарызға бататын.

Алтын Орда хандары өздерінің ұлыстарының алымдарына шектелмей, орыс, парсы жерлеріндегі және Кавказ жерлерінде өздерінің қызығушылықтарын танытатын.

Салық жинаушылардың дөрекі қылықтары, салық төлеушілердің наразылықтарын тудырып, көтерілістер мен башқұрттарды құғынға ұшыратты. Бірақ, халықтың наразылығы, мұсылман ішіндегі башқұрттар, кешірім сұрап, шоқынуға ниет білдіргенде.

Алтын Орданың қаржы саясаты өзінің жаулаған жерлерінде ақша жүйесін қалыптастырды, кейіннен ол Русьте тамырын жайды.

Орыс тіліндегі қазына, қазынашы, қазынашылық, құн, ногата (ұсақ араб монетасы), деньга (тенге сөзінен шыққан), алтын, тамга, тариф, кеден, тауар

сөздері Алтын орданың қаржы жүйесінен алынған сөздер. Русьта көп уақыт бойы ұлы орда хандарының аттары мен лауазымдары бар монеталар шығатын. Мәскеуде ең алғаш монета Тоқтамыс ханның атымен шықты.

Сол кезгі тарихи деректерде Алтын Орданың салық және кедендік шендері қолданылатын: тархан (салық пен кеденнің жоғарғы шені); даруга (басты салық жинаушы); баскак (жаулап алынған жерлерден жинайтын салық жинаушы); алпаут (мемлекеттік шенеунік); киличей (ханның ерекше бұйрығымен жүретін елші); шагаул (салық жинаудың басты есеп жүргізушісі); шабарман (күш көрсету арқылы жинайтын салық төлеуші).

6 ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ КЕДЕН ІСІ

6.1 Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары

Моңғол шапқыншылығынан кейін барлық қазақ рулары мен тайпалары Жетісуда алғаш рет бір мемлекетке біріктірілді. XVI-XVII ғ. қазақ хандығының шекарасы едәуір ұлғая түсті. Өз кезінде “Жерді біріктіру” процесін жедел жүзеге асырып, неғұрлым көзге түскен қазақ хандарының бірі – Жәнібек ханның ұлы Қасым. Қасым ханның тұсында (1511-1523) феодал ақсүйектердің қарсылығы әлсіреп, әскери қуаты артты. “Тарихи – Рашиди”, “Шайбанинама”, т.б. деректерге қарағанда, қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары қазақ хандығына Қасым хан тұсында біріктірілген. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа, оңтүстік – батыста Сырдың оң жағалауына, Аралдан Маңғыстауға дейінгі жерлерді алып жатты. Оған Сыр бойындағы қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлау қоныстары Ұлытаудан асты. Оңтүстік – шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері) қарады. Бастапқы кездерде қазақ хандығының саяси-әкімшілік және сауда экономикалық орталығы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болды. Кейіннен Түркістан қаласы қазақ хандығына өткеннен кейін қазақ хандығының астанаы Түркістан қаласы болды. Қазақ хандығы Түркістандағы Ақ сарайда отырып билік жүргізген.

Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттік беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қазақ хандығы өмір сүрген Орта Азия хандарымен, Еділ бойындағы елдермен, батыс Сібір хандығымен және орыс мемлекеттерімен сауда және дипломатиялық қатынас орнатты. Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек, Керей, Бұрындық хандар – Ақ Орданың атақты ханы Ырыс ханның мұрагерлері, Алтын Орда мен Ақ Орданың 200 жыл ел билеген дәстүрін дамытушы, әскери-саяси және дипломатиялық күрес тәжірибесіне бай адамдар болды. Ал Қасым хан өте үздік шыққан мемлекет қайраткері болды.

Қазақ хандығы алғашқыда Моғолстан мемлекетімен достық қарым-қатынас орнатып, Әбілхайыр ханның Жетісуға төндірген қаупіне және ойрат-

жоңғар тайпаларының Моңғолстанға жасаған шабуылына қарсы күресті. Жошы тұқымынан шыққан хандармен одақтасып Әбілхайыр ханның мұрагері Шаих Хайдарды жеңді.

Қазақ хандығы Қасым хан тұсында орыс мемлекетімен дипломатиялық қатынас жасап, батыс Еуропаға танылды. Ұлы князь Василий III тұсында (1505-1533) Москва князьдығымен дипломатиялық байланыс орнатты.

Қасым хан алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Сол үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати Тарихи Рашиди кітабінде: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес» дейді. Қасым хан өлгеннен кейін сұлтандар мен феодалдардың өзара бақталасы, қырқысы күшейді. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде, өзара қырқысуының зиянды зардаптары хандықты әлсіретуге әкеп соқты.

Өзара тартыс кезінде Қасым ханның ұлы және мұрагері Мамаш қаза тапты. XVI ғ. – II жартысында әлсіреген хандықты біріктіретінде Қасым ханның баласы Хақназар (Ақназар) (1538-1580) өз үлесін қосты. Ол 42 жыл биледі. Хақназар хан – таққа отырған соң хандық үкіметінің билігін нығайтуға қажырлы күш жұмсады. Өзінен бұрынғы Таһир хан мен Бұйдаш хан тұсындағы бытыраңқылықты қайта қалпына келтірді.

Ол билік құрған кезде сыртқы саясатта аса ірі тарихи оқиғалар болды. Бұл кезде батыста күшейе түскен орыс мемлекеті шығысқа қарай іргесін кеңейтіп 1552 жылы Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахань хандығын Россияға бағындырды. Осыған байланысты, Еділ мен Жайық арасында ұлан-байтақ өңірді мекендеген Ноғай Ордасы ыдырай бастады. Ноғай ордасын билеген маңғыт мырзаның арасында үкімет билігіне таласқан феодалдық қырқыс күшейді, бұл халық бұқарасын күйзелтті. Хақназар тұсында Қазақ хандығының күшеюі Ноғай ордасындағы қазақ тайпаларын қызықтырып өзіне тартты, кейіннен келіп қосылды. Хақназар хан қаза болғаннан соң, оның орнына Жәдік сұлтанның баласы Әз Жәнібек немересі Шығай (1580-1582) хан болды. Ол билік құрған кезінде Хақназарды өлтірген Бұхар ханы Абдолла II (1557-98) тұсында Ташкент маңын билеген Норазахмет (Барақ) ханның баласы Баба сұлтанның өш алумен болды. Сол жорық кезінде қайтыс болды. Шығай ханның орнына отырған Тәуекел хан (1586-1598) тұсында Ресей мемлекеті мен қазақ хандығы арасында дипломатиялық қатынас күшейе түсті. Ресейдің мұндағы мақсаты: Қазақ хандығымен одақтасып, Сібір ханы Көшімге қарсы күресу, осы одақтасты пайдаланып, Орта Азия хандарымен келіссөз жүргізу еді. Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына шығу үшін белсене күресті.

1583 жылы ол бұрынырақ Бұқарамен жасалған шартты бұзып, Сырдария бойындағы қалаларды алып, Ташкент, Андижано, Акси, Самарқанд сияқты қалаларды қазақ хандығына қаратты. Бұқара қаласын қоршауға алған кезде Тәуекел хан жараланып қайтыс болды. Тәуекел алғаш рет 1594 жылы Мәскеуге достық қарым-қатынас орнату мақсатында Құлмұхаммед бастаған қазақ елшілігін жіберді.

Одан соң хандыққа Есім хан Шығайұлы (1598-1628) билік етті. Ол 1598 жылы Бұқарамен бітім шарттын жасасты, - шарт бойынша өзбектер бұрын тартып алған Сыр бойындағы қалалар мен Ташкент қазақ хандығына бекітіп берілді. Ол қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. Есім ханның бұл саясатына қарсы болған сұлтандар Қазақ хандығын бөлшектеуге тырысты.

Ташкент қаласы қазақ хандығына қараған соң, оны Жәнібек ханның немересі, Жалым сұлтанның баласы Тұрсын Мұхаммед сұлтан басқарған еді. Екеуінің арасында билік үшін саяси күрес болды. Есім хан елді жуасытып бағындыру саясатын жүргізді. Сондықтан ол қанға-қан, кек алу, құн төлеу, әмеңгерлікті сақтау, зекет, ұшыр жинау, айып салу, діни патриархалдық екі салтқа арқа тіреу және т.б. уағыздады. Халық Есім хан заңдарын «Есім хан салған ескі жол» деп атады.

Ол ел арасында Еңсегей бойлы – Ер Есім деген атпен белгілі болды. XVI ғасырда қазақ хандығы солтүстікте құрылған Сібір хандығымен (орталығы Түмен) шектесті. 1563 жылы Шайбани әулеті мен Тайбұғы руы арасындағы ұзақ жылғы күрестен кейін Сібір хандығы Шайбани әулеті Көшім ханның қолына көшті.

Сібір хандығының халқы түркі тілдес қырық рудан құрылған және угар тайпаларының ала-құла жиынтығынан тұратын еді. Хандықтың негізгі халқы Батыс Сібірдің орманды далалық бөлігінде, Есіл, Тобыл және Тура өзендерінің орта ағысын, Ертіс пен Обь өзендерінің алқаптарында қоныстанған түркі тілдес «Сібір тайпалары» деген атпен белгілі. 1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған. Ол басы үлкен, кеудесі кең, аласа адам болған екен. Сол себепті халық арасында оны «Салқам Жәңгір» деп атаған. Оның тұсында ойрат-жоңғарларының көсемі батыр Хұнтайшының күшейген кезі еді. Олар қазақ хандығына бірнеше рет жорық жасады. Жәңгір хан Бұхара хандығымен одақтасып, Жоңғар феодалдарының шабуылына қарсы күресті. «Қазақ-ойрат қарулы күресінің тууына мынадай жағдайлар себеп болған еді. Біріншіден көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан екі жақтың билеушілері үшін көшіп-қонатын жерді кеңейту керек болды; Екіншіден Жоңғар феодалдары Сырдария бойындағы сауда орталықтарын басып алғысы келді. Жәңгір хан тұсында ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас – біріншісі 1635 ж., екіншісі 1643 ж., үшіншісі 1652 ж. болған. 1643 жылы екінші шайқаста қазақтар жеңіп шықты. Осы жылдың қысында батыр Хұнтайшы қазақ жерлеріне шабуыл жасайды, ол сәтсіздікпен аяқталады. Бұл шабуылға Жәңгір 600 адаммен аттанады.

Жәңгір хан екі таудың арасындағы тар жырауда ор қазып, бекініс жасайды. Өзі екінші бөлігімен таудың екінші бетіне жасырынады. Хұнтайшы ор қазып алып, ерлікпен қорғанып жатқандарға қарсы күрес жасайды. Осы кезде Жәңгір жаудың ту сыртынан соққы береді. Сөйтіп, жоңғарларды қатты жеңіліске ұшыратып, 10 мыңдай адам қырылады. Ұрыс бітуге жақындағанда 20 мыңдай әскермен Самарқан билеушісі атақты Жалаңтөс батыр Жәңгірге көмекке келеді. Хұнтайшы шегінуге мәжбүр болады. Одан кейін ол жан-жақты дайындалып 1652 жылы қайтадан қазақ даласына аттанады. Осы шайқаста Жәңгір қаза табады.

Бұл дәуірде қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы ауыр еді. Феодал шонжарлардың арасында алауыздықтар мен бақталастық өршіді. Ал Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680-1718) тұсында қазақ хандығының бірлігі күшейе түсті. Ол қазақ тарихында «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы» деп аталды. Ол бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға күш жұмсады. Феодал шонжарларының өкілдері мен билерден құралған «хандық кеңестің» және «билік кеңесінің» рөлін арттырды. Жыл сайын Ташкент қаласының түбіндегі Күлтөбеде үш жүздің басын қосқан құрылтайын ашып отырды. Тәуке хан беделді билерге арқа сүйеп, феодал ақсүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы үлкен даулар билер кеңесінде, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер алдында шешілетін болды.

Тәукенің тұсында «Жеті жарғы» деген атаумен әдеттегі құқық өлшемдерінің жинағы құрастырылды. Мұнда феодалдық құқық тәртібі мен мемлекеттік құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Сөйтіп, қазақ халқының тарихында ірі құқықтық өзгерістер енгізді. «Жеті жарғы» сол заманға сай құқықтық құжат қана емес, сонымен қатар көшпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру және жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш. Бұл көшпелі қазақтардың ел билеу заңы болып табылады. Онда әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық өлшемдері, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізіліп, ол қазақ қоғамы өмірінің барлық жағын қамтыды. Оның жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ қоғамында заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы рөлі де зор[37].

Қазақ хандығы – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы- мен айналысқан феодалдық мемлекет болды. Оның көшпелі және жартылай көшпелі далалық өңірінде патриархалдық – феодалдық қатынас басым болды, ал отырықшы, егінші аймақтарда феодалдық қатынас қалыптасты. Қазақ хандығында облыстық басқару жүйесі емес, ұлттық (ру-рулар бойынша) басқару жүйесі қолданылды. Басқару жүйесінде ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түтін бір ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болды. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құралды. Қазақ қауымы үш жүзге бөлінді. Ол қазақ хандығына бағынды. Хан – қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқын қолына ұстады.

Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды билер, руларды ру басылары, аймақтарды (аталар) ақсақалдар, ауылдарды ауыл ағалары

басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі көшпелі екінші қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар далалық өңірлерде қой, жылқы, түйе және сиыр өсірді. Мал – жылдың төрт маусымында табиғи жайылымдарда бағылды. Талай ғасырлық тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілі жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды. Бұл: жаздағы жайлау, қыстағы қыстау, көктемдегі көктеу, күздегі күзеу. Көшіп-қону өрісі түрліше болды, малы көп, әсіресе түйесі мен жылқы-сы бай малшылар алысқа көше алды (кіші және орта жүз жерінде жылына 700-1000 шақырым артық жерге көшіп отырды), 200-300 шақырым жерде әр түрлі жайылым жерлер кездесіп отыратын Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда көшіп-қону әлдеқайда шағын болды. Әрбір рудың өзінің көш жолдары болды. Басқа рулар қол сұға алмады. Малдың дені қой мен жылқы болды. Қазақтар көбінесе еті семіз, қылшық жүнді, құйрықты қойлар өсірді. Қой еті негізгі тамақ болды. Қойдың сүтінен құрт, ірімшік, сүзбе, айран, сары май алды. Қой ең бағалы шикізат –жүн, тері, елтірі өнімдерін берді. Оңтүстік Қазақстан өңірі ертеден бері егіншілік мәдениетінің бесігі болған орын. Қазақ хандығы тұсында бұл аймақтардың дәстүрлі егін шаруашылығы үздіксіз өркендеп отырды.

Сырдария Арыс, Шу, Талас өзендерінің алқабында суармалы егін шаруашылығы жақсы жолға қойылды. Өзен суларын тартып жер суландыратын каналдар мен арықтар болды. Қазақ егіншілері арпа, бидай, жүгері екті. Егіншілік саймандары тесе, кетпен, қарапайым соқа, тіс ағаш, тырма, қол орақ болды.

Үй кәсібі мен қолөнер дамыды. Өрмек тоқу, тері илеу өнері, қойдың жүнінен шидем, түйенің жүнінен шекпен тоқылды. Ұсақ мал терілерінен тон-шалбар, жарғақ киім жасалды. Ірі қара терілерін илеп, кебіс-мәсі, саптамалар тігілді. Торсық, саба істелді. Киіз басу, текемет, сырмақ жасауға қой жүнін пайдаланды. Мүйізден қасық, түйме, шақша жасады. Едәуір кең тараған қолөнер ұсталық еді, олар темірден тесе, күрек, балта, шот, орақ, пышақ, қырғыш, таға т.б. жасады. Өндіріс саймандарынан басқа соғыс қару-жарақтарын: қанжар, қылыш, семсер, айбалта, найза, жебе, сүңгілер соқты. Алтын-күміс сияқты асыл металдардан әшекейлі бұйымдар: білезік, жүзік, сырға, кемер белбеу, ер-тұрман саймандарын жасайтын шеберлер – зергер деп аталды.

Орман тоғайлы жерлерді мекен еткен қазақтар ішінде ағашшылық қолөнері өріс алды. Қазақтар көктемде 22-наурызлы күн мен түннің теңелетін кезеңін «наурыз тойы» –деп атап өтуді әдетке айналдырған. XV-XVII ғасырларда қазақтар арасында ислам діні тарады. Алайда, ислам діні еңбекші халық арасында терең тамыр жойған жоқ. Оған себеп дүркін-дүркін жүргізіліп отырған қақтығыстар, соғыстар т.б. Сондықтан халықтың бір бөлігі ислам дінін көпке дейін қабылдамай, тәңірге табынуға негізделген нанымды ұстады. Қазақтар өмірінде отты қасиеттеу үлкен рөл атқарды.

XVI-XVII ғасырларда ауыз әдебиеті кең өріс алды. Ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жасаған, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырған халық арасынан

шыққан дарынды-ақындар, сал, серілер, жыраулар еді. Сол кездегі қазақ поэзиясының аса ірі тұлғалары – Шалкиіз (XV ғ.), Доспамбет (XVI ғ.), Жиёмбет (XVII), т.б. жыраулар. Қазақтың батырлар жыры мысалы: Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Ер Сайын, Қамбар дастандары тарих шындығымен қабысып келе жатқан шығармалар. Қазақтың әлеуметтік – тұрмыстық дастандары да (Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қыз-Жібек т.б.) феодалдық-рулық қоғамның өмірін үлкен шеберлікпен көрсетеді. Халық арасында ана тіліндегі жазба әдебиет діни және тарихи мазмұндағы кітап түрінде тарады. “Тарихи-и Рашиди” – Орта Азия мен Қазақстанның XIV ғ. II-жартысы-нан XVI ғ. басына дейінгі тарихы баяндалған шығарма. Бұл шығарма 1541-1546 жылдары жазылған. Оның қолжазбасы екі дәптерден құралған. Бірінші дәптерде Шағатай әулетінің тарихы баяндалады, екіншісінде XV-XVI ғ. Шинжаң өлкесінде, Орталық Азияда, Индия мен Ауғанстанда өткен тарихи оқиғалар баяндалады. Онда қазақ тарихына қатысты құнды деректер бар. XV ғасырдың ортасында батыс Жетісуда қазақ хандығының құрылуы, қазақ-қырғыз, өзбек халықтарының қатынасы. Шығыс Қазақстанның қоғамдық шаруашылық жағдайы берілген.

Ол еңбекті жазған Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) тарихшы, әдебиетші. Ол араб, парсы тілдерін жетік білген. Хан сарайында сақталған құжаттарды пайдаланған. “Жамих ат-тауарих” (Жылнамалар жинағы) – ерте кездегі қазақ тілінде жазылған тарихи шығарма. Онда: ерте кезден бері қазақ даласын мекендеген қаңлы, жалайыр, қыпшақ, найман, керей, қоңырат, алшын, т.б. тайпаларының шежіресі беріледі. XI ғ. Орта Азия мен Қазақстан территориясында өмір сүрген қарахандар әулетінің, оғыз-қыпшақ тайпалар одағының дәуірінен бастап 1600 жылға дейінгі тарихы баяндалады. Әсіресе XIII ғ. мен XVI ғ. арасындағы қазақ жерінде болған ірі тарихи оқиғалар баяндалады.

Қазақ қоныстанған жерлердің жағдайы, ондағы қалалар, қазақ хандығы мен хандардың өмірбаяны, қазақ хандығының заңды ережелері жайында деректер берілген. “Жамих ат-тауарих” кітабының жазушысы Қадырғали Қосынұлы Жалайыр (1530-1605) Сырдария бойын мекендеген жалайыр тайпасынан шыққан, сол себептен “Жалайыр” аталған. Ол қазақ хандығының орда-сарайында ханның ақылшысы және ханзадалардың тәрбиешісі болып қызмет істеген. Бұл еңбек алғаш рет 1854 ж. Қазанда жарық көрген.

6.2 Қазақ хандығының кедендік қатынастары

Қазақстанның Ресейге қосылуы олардың арасындағы маңызды саяси байланысты үдете түсті. Ресей мемлекеті Шығыстағы өзінің мемлекеттік шекарасын кеңейтуге мүддесін білдірді. Мемлекеттік билікті орталықтандыру және күшейту шаралары бойынша шығыс мемлекеттермен көршілес жатқан халықтармен сауда айырбастау және өзге де қарым-қатынас жасау нысандары айтарлықтай өсті. Ресейдің орта Азия хандықтарымен сауда және дипломатиялық қарым-қатынасты Иван IV Қазан (1552), Астрахань (1556)

хандықтарын, Сібірдің Оңтүстік-Батысын жаулап алуы, Қам сауда жолдарын салу Қазақ хандықтарымен тікелей байланысқа түсуді жеңілдетті. Ресей мемлекетінің Қазақстанға деген қызығушылығы орнатқаннан кейін, XVI ғасырдың 2-жартысында ерекше өсті.

Қазақстан арқылы орта Азия хандықтарымен транзиттік сауда жолдарын дамытуға мүдделі және көпестік керуендердің қауіпсіз өтуін қамтамасыз етуге тырысқан Ресей мемлекеті Қазақ хандығының көршілес елдермен саяси жағдай және өзара қарым-қатынас жасауына нақты мүдделер білдірді. Мәскеу патшалары қазақ хандықтарымен тікелей байланыс жасауды орнатуға ұмтылды. Бұл жерде елшілік байланыстар үлкен рөл атқарды. 1573 жылы қазақ даласына Третьяк Чебуков басқарған орыс елшілігі жіберілді. Елшілердің міндеті қазақтармен сауда жасауды қалыпқа келтіру болды. Алайда Чебуковтың дипломатиялық миссиясы Қазақстанның шегіне жете алмады, себебі сібірлік Кучум Маметқұл ханның рулары оларды талқандап тастады. 1577 жылы Ноғай Ордасынан оралып келе жатқан орыс елшісі Борис Доможиров, ол кездегі ноғайларға қоқан-лоққы көрсеткен және Ташкентпен және Үргенчпен байланыста болған қазақ хандығы «әлемдегі патша және ұлы князь» екендігіне көз жеткізді. 1594 жылы Мәскеуге 1-ші қазақ елшісі келді. Тәуекел Құл-Мұхаммед ханның елшісі оның Мәскеуде «аманат» ретінде қалдырылған немересі Ораз-Мұхаммедті босату және Орыс үкіметімен достық келісімшарт бекіту туралы тапсырмамен келген болатын. Бұдан басқа, ол Борис Годунов арқылы көршілес және жауласып жатқан феодал хандықтарына қарсы күресу үшін «жалынды шайқасқа» қол жеткізуге міндетті еді.

Орыс ханының Тәуекел ханға берген кері грамотасында «жалынды шайқасқа шығу» және қазақтарды олардың барлық қарсыластарынан «қорғау» туралы сөз берілген болатын. XV-XVI ғасырдың аяғында экономикалық және саяси дамуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген Ресей мемлекеті саяси мақсаттарға ие бола отырып, шығыс шет елдің саудасын марапаттады. 1574 жылы 30 мамырда Яковқа және Григорий Строгановқа Иван Грозныйдың сыйлыққа берген грамотасында Қазақстан және Орта Азия елдерімен сауда жасауға рұқсат етілген. Сауда-экономикалық байланыста екі тарапта бірдей мүдделі болды. Сауда айланымы арқылы қазақтар үй дағдысының заттарын, оқ қаруларын сатып алды, ал орыстар олардан әртүрлі шикізаттар, малдар алды. Орыс мемлекетіне Кучум руларына қарсы күресу үшін одақтар, Қазақстан аумағы арқылы өтетін керуен маршруттарына қауіпсіздік, Орта Азия нарығына кедергісіз шығу қажет болды. Өз кезегінде, Орта Азия хандықтарынан үнемі жоқшылыққа ұшырататын шабуылға тап болатын қазақтар Мәскеумен байланысты кеңейтуге мүдделі болды.

Қазақстанмен, Сібірмен, Орта Азиямен сауда байланысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Орыс мемлекеті жер аударушылармен, көпестермен, елшілермен және әскери жасақтармен бірге Қазақстанға іргелес жатқан шекараға бекітілген бекініс-бекеттерін қарқынды түрде салуды бастады. Қазақстан шекарасына жақын орналасқан Батыс Сібір аумағындағы орыстардың алғашқы қаласы «Үлкен Обск Қалашығы» болды, ол Ертіс өзені

құйылатын Обь өзенінің оң жағалауында орналасты. Өзінің аз уақыт ішіндегі тіршілігінде (1594 жылы құлатылды) орыс әскери жасақтарының Сібірге және Қазақстан шекарасына терең енуіне қызмет етті. Содан соң Тюмень (1586), Тобыл (1594), Томск (1604) қалалары салынды.

Жоңғар хандығының өмірге келуі (1635) Орта Азияға маңызды өзгерістер алып келді. Феодалдық топтарды басқаруға мүдесін білдірген, болашақтағы көреген саясаткер Тәуке хан өз мемлекетінің шекарасын үнемі нығайтуға ұмтылды. Тәукенің Ресейге деген мейірімділігі, оның Ресеймен байланысты қолдай отырып, Қазақстанның жағдайын жетілдіруге әрекет етуімен байланысты болды. 1687 жылы Тобылға Ташим батыр басшылық еткен қазақ елшісі жіберіліп, оған Қазақстанға орыс көпестерін шақыру тапсырылды. Миссия құрамына Сібір қаласы арқылы Орыс мемлекетімен экономикалық байланыс үшін жерді есептеуге дағдыланған қазақ саудагерлері кірді. 1689 – 1960 жылдардың басында Тобылға Тұман батыр басшылық еткен өзге елші жіберілді. Алайда, ол байланыстар заңды ресімделмеген, нақты екіжақты қол жетімді келісімдерге қол қойылмаған еді, сондықтан бір тараптан, яғни қазақ иеленушілерінің хандықтың тәуелсіз жағдайын сақтап қалуына ұмтылуы, екінші тараптан – польша және түрік істерімен жұмыс істейтін Ресей ережесі келісілді. Қазақ хандығының ішкі жай-күйі де, оның Ресеймен сыртқы экономикалық қарым-қатынасты қалыпты дамытуға қолайлы жағдай туғызбады. 1717 жылы қазақтың кейбір көшбасшы сұлтандары Қайып және Әбілхайыр, қазақ руларындағы сыртқы саяси жағдайлардың қиындығын және сыртқы қарсыластар тарапынан нақты қауіпті ескере отырып, әскери одақ құру туралы І Петрге жүгінді. Соңғысы, Швециямен соғыста және ішкі ырың-жырың және қазақ руларындағы өзара жанжал туралы мәліметтерге ие бола отырып, «қазақтардың ісімен» араласуға табандылық танытпады, тек қана Қазақстандағы, Орта Азиядағы және Жоңғариядағы оқиғаларды бақылауды жалғастырды. І Петрдің Ресей мемлекетінің құрамында қырғыз-қайсақ ордасының болуын қалауы, өзінің мемлекетінің шекарасын кеңейтумен ғана емес, сонымен қатар Ресейдің шығыс шекарасын қауіпсіздендіруге ұмтылу болды. І Петрдің жеке өкімі бойынша Жоғарғы-Ертіс желісін қамтыған Ямышев (1716), Омбы (1716), Железинская (1717), Семей (1718), Өскемен, Коряков (1720) әскери-инженерлік имараттары және басқа да іскери-қорғаныс бекеттері салынды.

7 РЕСЕЙ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ФЕОДАЛДЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕДЕНДІК АУМАҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ (XIX Ғ- XX Ғ-БАСЫ)

7.1 Ресейдің кедендік саясатындағы жалпы тенденциялар, оның азиялық бағытының және аймақтық нұсқасының ерекшеліктері

Әрбір мемлекет өзінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысады. Осы орайда, оны жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде кедендік

сала бойынша мемлекет мүдделерін қорғау, яғни өзінің территориясында өндірілген өнеркәсіптік және басқа да тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, шетел тауарларына кедендік протекционисттік, ал кейде тіпті, тыйым салушы тарифтер енгізу шаралары белгілі. Мемлекет өз тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы ішкі экономикалық тұрақтылықтың негізін салуды көздейді. Бұл болса, әрбір мемлекеттің өміршеңдігінің және бәсекеге қабілеттілігінің кепілі болып табылады.

Ресейдің XIX ғасырдың екінші жартысын қамтыған кедендік саясаты оның ағымдарының ара-қатынасының өзгеруімен, мәселенің мемлекет өміршеңдігі деңгейіне дейін өрши түсуімен ерекшеленеді. Экономикалық мәселелерді кедендік құралдар арқылы реттеу тәжірибесінің Ресейдегі дәстүрі 1-ші Петр заманынан туындаған. 1-ші Петр билігінің заманынан Ресейдің кедендік саясатында айқын қолдаушылық бағыт белгіленіп, XIX ғасырдың орта шеніне дейін дәстүрлі тыйым салушы тарифтер жүйесі қалыптасты. Алайда алдыңғы қатарлы батыс еуропалық мемлекеттердің ішкі және сыртқы саудасында фритредерлік тенденциялардың әсерімен XIX ғасырдың 40-60 жылдары мемлекет тарапынан қолдаушылық саясаттың бәсеңдеуі байқалды. XIX ғасырдың орта шеніне дейін сақталып келген осындай беталыстың өзгеруі еуропалық сауда-экономикалық саясаттағы және Ресейдегі ішкі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тікелей байланысты еді. XIX ғасырдың 60-80-ші жылдары Еуропа елдерінде кедендік саясатта отандық өнеркәсіпті қолдаған қамқоршылық бағыт үстемдік орнатты. Ресей экономикасындағы капиталисттік тенденция, отандық өнеркәсіпті дамытуға бетбұрыс мемлекет тарапынан жас орыс мануфактурасын қолдауды талап етті. Осындай қолдау тәсілдерінің бірі - кедендік протекционизм болатын. Бұл туралы И.М. Кулишер: «Еще более яркую окраску, чем в Западной Европе, покровительственная система приняла в России и в Америке. В отличии от Западной Европы Россия лишь кратковременно упразднила почти запретительную систему, довольствуясь умеренно-охранительной, но затем поспешила отказаться от сделанных уступок и обнаружила особенную стремительность в области протекционизма, приобретающего почти запретительный характер», - деп, XIX ғасырдың 70-90 жылдарындағы Ресейдің кедендік саясатындағы тенденцияларды сипаттап берген болатын.

Яғни, XIX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап Ресей империясы да қатан протекционизм бағытына бет алған саясатқа көшті. Алайда, бұл бағыт бірден қалыптаса қойған жоқ, оған ресейлік қоғамдағы фритредерлікті жақтаған әлеуметтік топтар қарсылық жасады. Осымен қатар, капиталисттік даму жолына түскен патша үкіметінің жаңа жағдайға ыңғайлануының мардымсыздығы, ресейлік қоғамдағы өнеркәсіп өкілдерінің позицияларының берік болмауы орын алды.

XIX ғасырдың 50-60 жылдарындағы кедендік саясаттағы фритредерлік саясаттың үстемдік құрғанының дәлелі 1857 және 1868 жылдардағы құрған тарифтер болып табылады. Батыс елдерінде етек жайған фритредерлік сауда идеялары ресейлік қоғамның алдыңғы қатарлы қайраткерлері тарапынан да

қолдау тапты. Олардың қатарына көптеген көпестер, ірі шенеуніктер – қаржы министрлері А.М. Княжевич (1858-1862жж.) және М.Х. Рейтерн (1862-1878жж.) де болды. Қаржы министрі М.Х. Рейтерн оның алдында министр тағына ие болған А.М. Княжевичтың сауда бағытын жалғастырды. 1857 жылғы тарифте импорттық бұйымдарға өзінің құнына сай тең баждар салынды және шетел тауарлары ресейлік тауарлармен бәсекелестікке түсе алмайды деп есептей келе, ол контрабанданы ауыздықтау мақсатымен баждарды төмендетуге бет алады. 1868 жылғы тарифті қабылдау кезінде кедендік саясаттағы фритредерлік бағыт шырқау шегіне жетті. Оның сегіз жылдық үстемдік құру кезеңінде елге сырттан келетін тауарлардың үстемдігіне әкеліп, Ресейдің сыртқы сауда балансының пассивті жағдайда болуы Ресейдегі белгілі бір дәрежеде қаржылық дағдарыс белгісі болған рубльдің вексельдік курсының төмендеуіне себеп болды. Осы кезеңде бірқатар беделді мерзімді басылымдарда Қаржы министрінің жүргізген экономикалық саясаты сынға алынып (мысалы, беделді «Московские ведомости» журналы, редакторы Катков М.Н.), Ресейдегі шағын және орта өнеркәсіпті қолдауға мүмкіндік беретін қолдаушылық кедендік баждарды енгізуге шақырған мақалалар жарық көрді. Аталған себептер ең алдымен фискалдық мүдде тұрғысында 1876 жылы жаңа кедендік шараны – «алтын баждарды» енгізуге итермеледі. Бұл болса кедендік баждардың көлемін шамамен 40-50%-ға көтерді. Осы 1876 жылғы кедендік тарифтегі өзгерістерді протекционисттік бағыттағы алғашқы маңызды шара ретінде атауға болады. 1876 жылдан бастап баждар алтын валютада алынатын болып, бұл болса баждардың бір жарым есе ұлғайуын білдірді (1 алтын рубльдің курсы несиелік 1 рубль 48 тиынға теңесті). Осы кезден бастап үкімет кедендік баждарды жүйелік және прогрессивті өсімнің жаңа жолына түсті. Бұл өсімнің басты мақсаты фискалдық мүдде болғанын атап өту қажет.

Сыртқы берешек қарыздарды өтеу мен олар бойынша пайыздарды төлеу жыл сайын ірі қаражаттарды талап етті. 1872 және 1876 жылдар аралығында Ресейдің сауда балансы пассивті болуымен де қаржылық жағдайдың ушығуы қиындады. Бұның барлығы импортты кеңейтуге мүмкіндік бермей, сырттан әкелінетін тауарларға кедендік салымды ұлғайтуға итермеледі. Айтылғандай, 1876 жылдан соң кедендік алымдар мемлекеттік қазынаның табыстарын ұлғайту және өнеркәсіптің кейбір салаларын дамыту мүддесіне қарай бірнеше рет көтеріліп отырды. 1878 жылы мақтаға баждар салынып, М.Н. Соболевтың пікірінше, бұл шара кедендік фискализмнің алғашқы шарасы болды. Мемлекеттік кеңеске өзінің ұсынысында Қаржы министрі жаңа мемлекеттік табыс көздерін талап ететін қалыптасқан қаржылық қиыншылықтарды (соғыс шығындарымен туындаған қарыздарды төлеу қажеттілігі) көрсетіп, мемлекеттік табыс көлемін күшейтудің құралы ретінде 1863 жылы заң бойынша босатылған мақтаға кедендік баждар салуды қажет деп тапты. Үкіметтің пассивті сауда балансын түзетіп, сырттан әкелінетін тауарлардың көлемін кішірейту үшін басты фискалдық шара – 1880 жылғы импортталатын тауарларға (тұздан басқа) салынатын баждарға 10 пайыздық жүктеме болды. Қаржы министрі М.Х. Рейтернның қызметтен кетуінен кейін кедендік саясаттың жаңа бағытына көшу

іске асты, бұл ең алдымен Ресей үшін теріс болған сауда балансындағы өзгерістерге және өндіріс дамуының бәсеңдеуімен байланысты болды. Елдің келесі алты жылдағы кедендік бағытын белгілеген қаржы министрі Н.Х. Бунге (1881-1886жж.) ұстанымы бойынша фритредер болды. Алайда, кейін ол өзінің көзқарасын Еуропадағы кедендік протекционизмнің бой көтеруіне байланысты протекционисттікке ауыстырды. Оның билігі тұсында 1882 жылы қаржы министрі Мемлекеттік кеңеске кедендік тарифтің кейбір баптарын қайта қарастыру туралы ұсынысын тапсырды. Онда министр баждарды ұлғайту қажеттілігінің бірнеше себептерін атады: а) фискалдық мүдделер (мемлекеттік табысты ұлғайту); ә) әлеуметтік теңестіру мақсатында қабілетті таптар үшін арналған тауарларға баждарды жоғарылату; б) төлемдік балансты теңестіру, шетелге көлемді төлемдердің кету, нәтижесінде вексельдік курстың нашарлау қаупі; в) туындаған немесе туындауы қажет өнеркәсіптің салаларына қолдаушылық.

1887 жылдың басында Н.Х. Бунгеның орнына И.А. Вышнеградский (1887-1892 жж.) келеді. Ол ресейлік қаржы саласының жағдайы туралы патшаға хат дайындап, кедендік протекционизмге көп назар аударады. Жаңа министрдің жүзеге асырған барлық шаруашылық-саяси шаралардың жиынтығы оның «алтын саясатына», яғни алтынның мүмкіндігінше көп көлемін жинақтау ұмтылысына қызмет етті. Бірақ алтын қорды ең алдымен шетелден тарту қажеттілігі туындағандықтан, Ресейге шетелден алтын қорлардың ағымын күшейтетін барлық шаралар қолданды. Алайда, оның жүзеге асуы үшін тиімді сауда балансы қажет болды. Министрдің «алтын саясаты» біршама қарама-қайшылықтарды тудырды: біріншіден, рубльдің жоғары курсы экспортты қысқартып, импортқа жағдай жасады, сондықтан оны мүмкіндігінше төмен деңгейде ұстау қажеттілігі туындады, екіншіден, импорт алтынмен алынатын баждардың түсуін қамтамасыз етті.

Көптеген алдын-алу шараларына қарамастан, Ресей басқа елдерден қаржылық тәуелділікке түсіп, қарыздардың пайыздарын төлеу бойынша ірі көлемдерге жетті. Бұл төлемдік балансты қиындатқандығынан, осы салмақты жеңілдетудің құралдарын сауда балансына әсер етуден іздеді, экспорттың импорттан жоғары болуы төлемдерді өтеуі қажет болып, сондықтан импортты қысқарту керек еді. Бұл мақсатқа ХІХ ғасырдың 80-ші жылдары бірінғай фискалдық және қаржы-саяси ұйғарыммен басқарылған кедендік саясат қызмет етті. Импорттық машиналар мен материалдарға сұраныстың күшейуін тудырған өнеркәсіптік дамудың нәтижесінде сауда балансы Ресей үшін жағымсыз қалыптасты. Бұл төлемдік балансты түзету үшін алтынның көлемді түрде сыртқа кетуінің себебі болып, мемлекеттің алтын қорлары үшін қауіп тудырды. Осы жағдайда жаңа кәсіпорындар алтын баланстың пайдасы үшін шетел капиталын тарту құралы ретінде пайдалы болды. Шетел капиталдарына негізделген импорттық индустриализм ХІХ ғасырдың 90-шы жылдары гүлдену шағына өтті. Тиімді балансты қолдау қажеттілігі қаржы министрі С.Ю. Виттеның сауда саясатын айқындап берді. 1889 жылы жасауға кіріскен жаңа тарифтің негізгі идеясы кедендік баждардың қорғаушылық жүйесінен

қолдаушылық жүйесіне көшу болды. Император III-ші Александр 1891 жылы бекіткен жаңа тариф бойынша енгізілген тауарлардың 49%-ына алдында қызмет еткен жоғары ставкалар қалдырылып, тағы 49%-ына жоғарылап, 2%-ына төмендеді. Аталған 1891 жылғы тарифті дайындауда көрнекті ғалым Д.И. Менделеевтың рөлі зор болды. Жалпы алғанда, Виттенің қаржы министрі ретіндегі қызметі барысында жүзеге асырған саясаты «Витте жүйесі» деген атаумен белгілі. Бұл жүйе мемлекеттің өнеркәсіпті дамытуды итермелеуде құралға айналған қаржылық, несиелік және салықтық шаралардың жиынтығына айналды. Витте протекционизмді, яғни шетел бәсекелестерінен ресейлік өндірушілерді қорғауды пайдаланды. Алайда, қорғау нарықтардың жабылуын білдірген жоқ. «Өз өнеркәсібімізді құру – біздің протекционисттік жүйеміздің басы негізін құрайтын түбі терең экономикалық және саяси міндет», - деп қаржы министрі өзінің осы саладағы саясатының бағытын айқындаған. Ресейге шетелдік тауарлардың енуін жоғары кедендік баждармен шектеп отырып, үкімет экспортты әртүрлі салықтық жеңілдіктер мен премиялармен қолдап отырды.

Қорыта келе, Ресейдің сыртқы саудадағы пассивтік балансы алғашында сырттан келетін тауарларға баждарды жоғарылатудың талабын тудырғаны туралы мәлімдеуге болады. Бұл болса, алғаш кезеңде Ресейдің кедендік саясатының үстінен фискалдық мүдделердің, қазына табысын жоғарылату ұмтылысы жүргенін көрсетеді. Реформа кезеңінде келең алған бұл үрдіс келесідей сипатталады: елге сырттан әкелінетін тауарлардан қазынаның мүддесі үшін кедендік алымдар жоғарылай берді. Тұрақсыз болса да, бұл мәселе төңірегінде орыс үкіметі ресейлік буржуазия мен өнеркәсіп өкілдерінің мүдделерін қолдады. Осылайша, 1857-1868 жылдары баждардың сомасы сырттан әкелінетін тауарлар бағасына қатысты орташа есеппен 17,6%-ды, 1869-1876 жылдары - 12,7%-ды, 1881-1884 жылдары - 18,7%-ды, 1885-1890 жылдары - 28,3%-ды, 1891-1900 жылдары - 33%-ды құрады.

7.2 Қазақстан территориясындағы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы кедендік саясат

Ресейдің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы кедендік саясатын сараптай келе, оның эволюциясы бірнеше ағымның үстемдік құрған кезеңдерінен өткенін көруге болады: 1) 1857-1876 жылдар – фритредерлік бағыт; 2) 1876-1891 жылдар – фискалдық бағыт; 3) 1891-XX ғасырдың басы – протекционисттік бағыт.

Мәселенің қызықтыратын басты тұстары - аймақтағы кедендік саясаттың жалпы кедендік саясатқа, Ресейдегі экономикалық мүдделерге, оның геосаяси жағдаймен, ресейлік ішкі және сыртқы саясатпен сәйкестігі, өзіндік спецификасы. Оларды бірнеше аспектіде қарастыру қажет.

Еуропалық Ресейден бағыт алған 1880-ші жылдардағы үкіметтің индустриалдық және «алтын» саясаты өзінің әсерін Шығыс елдеріне де жайды. Бұл бағытты Ресейдің фабрикалық өнеркәсібінің дамуының перспективаларын

Азияның тиімді нарықтарына шығуда көрген өнеркәсіпшілер қолдады. Ресейлік өнімнің осы бағыт бойынша ілгері басуының мақсатқа сәйкестігін мойындай отырып, олар Англияның территориялық және экономикалық экспансиясының күшейу қаупіне нұсқаған. Өнеркәсіпті қолдаушылық пен сауда балансын нығайту Азиядағы сауда және кедендік саясатқа әсер еткен мақсатқа жету құралдары болды. Осымен әрекеттер бағдарламасы да шешілді: оларға экспорт үшін жағдай жасау және шетел тауарларының импортын қиындату шаралары жатты. Ресейлік билік өкілдері ресейлік шығыстық тауарларды сыртқа шығаруға жол салып, еуропалық Ресейдің қолдаушылық кедендік тарифтерін азиялық аудандарға біртіндеп тарату жолымен сырттан импортты шектеуге тырысты. 1893 жылдың сәуір айында С.Ю. Виттеның ұсынысымен қаржы министрлігінің тұсында азиялық елдермен сауда бойынша ерекше кеңес құрып, 1894 жылдың басына қарай аталған кеңес Қытаймен, Ауғанстанмен, Бұқар хандығы және Парсы мемлекеттерімен сыртқы экономикалық байланыстардың жағдайын талқылады. 1894 жылдың наурызында С.Ю. Витте император III-ші Александрге орыс-азия саудасын кеңейту қажеттігі туралы баяндама жасады. Оның басты дәлелі ретінде Ресеймен шекаралас Азия елдері ресейлік мануфактуралық тауарларды өткізу нарықтары екендігі келтірілді. Айналымның өсуі ресейлік өнеркәсіптің дамуына және сауда төлемдік балансты жақсартуға жағдай жасайды деп саналды.

Ресей империясының Батыс Қытаймен шекарасындағы кедендік саясатының қалыптасу үрдісі бірден туындаған дербес құбылыс емес, оның негізінде әртүрлі мүдделер астары жатыр. Аймақтағы кедендік саясат геосаяси, экономикалық, элитарлық мүдделерінің арақатынасы нәтижесінде қалыптасып, аталған мүдделердің талаптарына сәйкес өзінің бағыт-бағдарын өзгертіп, дамып отырды. Негізінде, ол жоғарыда аталған мүдделердің ымырасының нәтижесі болатын. Бұл ретте ресей-қытай қарым-қатынасының да маңызды орын алғанын, оның белгілі бір дәрежеде кедендік саясатқа әсерінің болғанын да атау қажет. Сонымен қатар, аймақтағы кедендік саясаттың бүкілресейлік кедендік саясаттың құрамдас бөлігі болуына байланысты оның негізгі тенденцияларының әсеріне де шалдықты. Алайда, Батыс Қытаймен шекаралас өлкедегі геосаяси жағдайға қарай өзінің спецификасы сақталды.

Геосаяси мүдде тұрғысынан алғанда, ең алдымен, кедендік саясаттың Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы саясатымен үндестігін байқауға болады. XIX ғасырдың 60-80-ші жылдары Ресей империясы Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулауға бағытталған әскери операцияларды жүзеге асырып, ғасырдың аяғына таман Дала және Түркістан өлкелерінің құрамына кірген ірі территорияларға иеленді. Алайда, қарудың көмегімен аймақты бағындыру өлкенің империя құрамына шаруашылық-экономикалық жүйесіне кіруіне кепіл бола алмады. Сондықтан, Батыс Қытаймен шекаралас Қазақстан мен Орта Азия аумағын өзінің қарамағында сақтап қалудың бірден-бір жолы оны экономикалық тұрғыдан бағындыру еді. Аймақты экономикалық бағындырудың жолы ресейлік капиталды кеңінен енгізу, шикізат қорларын игеру, ресейлік мануфактуралық тауарлардың саудада үстемдігіне жағдай

жасау, жергілікті нарықтарды ішкі нарықтарға тәуелділігін қамтамасыз ету болатын. Аталған жағдайды жүзеге асыру үшін мемлекеттік құрылымдар тарапынан кеңінен кедендік саясат құралдары қолданылды. Өзгеше сөзбен айтқанда, Ресей империясының жаулап алған Қазақстан мен Орта Азиялық иеліктерді иеленуінің, үстемдігінің кепілі жаңа белгіленген шекараларда өнеркәсіптік даму деңгейі жоғары елдерге қатысты қатал протекционисттік кедендік саясат ұстанып, оны кедендік құрылымдар жүйесі арқылы жүзеге асыру еді. XIX ғасырдың 60-шы жылдарының аяғында сыртқы істер министрі К.Н. Горчаков император II-ші Александрға жазған хатында Ресейдің Орта Азиядағы экономикалық үстемдігі өзімен қатар өлкедегі саяси үстемдікке әкелетіні туралы хабарлаған болатын.

Бұл ресейлік экономикасындағы өнеркәсіп үлесінің өсуіне, патшалық үкімет және алдыңғы қоғам қайраткерлерінің тарапынан ресей болашағының ірі өнеркәсіппен байланысты екенін түсінуіне қарай кедендік саясаттағы протекционисттік бағыттың кең өріс жайғанын көруге болады. Алайда, ресейлік өнеркәсіптің дамуы үшін ішкі және отарлық нарықтарды қамтумен шектелу қанағатсыз болып, жаңа, еуропалық мемлекеттер тарапынан игерілмеген нарықтарды игеру қажеттілігі туындады. Осы орайда аймақтағы Ресей мемлекетінің геосаяси және ресейлік жеке элитарлық топтардың экономикалық мүдделерінің үндестігін байқауға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы өзінің отарлау саясатын асыруда шырқау шегіне жетеді. Дәл осы кезеңде Ресейдің империялық амбициялары Жетісу, Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулауға бағыттталып, оның отаршылдық сипаты анықталады. Осы кезеңдегі Ресейдің Орта Азияны жаулауының себептері қатарына оның сыртқы саяси жағдайы да әсер еткен болатын. Себебі, Қырым соғысындағы жеңіліс елдің халықаралық беделін төмендетуге әкеліп, Ресей империясының жас императоры, оның айналасындағы саяси элита үшін елдің дәрежесін қалпына келтіру ауадай қажет еді. Ресей империясының оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Орта Азияға ілгерілеуінің саяси алғышарттары XIX ғасырдың 60-шы жылдары туындады. 1863 жылы Польшадағы көтеріліс алдыңғы қатарлы еуропалық мемлекеттердің – Франция мен Англияның саяси қысым көрсету құралы ретінде пайдаланылды. Олар Ресейдің халықаралық жағдайын әлсіретуге тырысты. Осы қысым барысында Англияның бастаушы рөлін түсінген Ресей Шығыста Англияның иеліктеріне ілгерілеу арқылы қарсы әрекеттер қолдануға бел байлады.

Бұл кезеңде Қазақстан территориясын жедел игеріп, Түркістан мен Жетісуды жаулаудың экономикалық себептер қатарына Ресей мануфактурасының өнімі үшін азиялық нарықтың қажеттілігі жатады. Қырым соғысынан кейінгі теңіз арқылы отарларға жолдардың шектеулігі, көптеген азиялық және басқа да отарлық нарықтардың еуропалық мемлекеттер қатарынан игерілуі және Ресей мануфактурасы өнімінің еуропалық тауарлармен бәсекелестікке қабілетсіздігіне байланысты Ресей өнімі үшін нарық кеңестігі шектеулі болатын. Сонымен қатар, қарқынды дамып келе

жатқан Ресейдің мата бұйымдарының өндірісі үшін шикізат болған жоғары сапалық американдық мақта көлемі АҚШ-тағы азамат соғысына байланысты азайып, мақта өндірісінің орталығы болған Орта Азия Ресей экономикасы үшін ауадай қажет еді. Орта Азиялық мақта өнімінің сапасының төмендігіне байланысты оның бағасы ресейлік нарықта АҚШ мақтасына қарағанда төменірек болды. Ресей империясының Орта Азияны қарқынды, қарудың көмегімен жаулауға аймақтағы Ұлыбританияның белсенділігі итермеледі.

Ресейдің Орта Азияға ілгерілеу алғышарттарының тағы бір себебі – аймақтағы Англияның саяси және экономикалық белсенділігінің артуы еді. С.А. Хрулев үкіметтің көмегіне қарамастан, ортаазиялық сауданың әлсіз дамуына және осы сауданың Ресейдің мануфактуралық өнеркәсібін күшейтуге әлсіз әсері туралы мәлімдей отырып, Үндістанда нық тұрақтап, Ауғанстан арқылы Орта Азияға өзінің тауарларына жол салған Англияның белсенділігіне сілтеме жасау арқылы Ресей империясының орта азиялық хандықтар бағытында тым әлсіз қимылдауын атап өткен. «Біздің қырғыздардың (қазақтар – Б.Қ.) бажсыз әкелінген ағылшын халаттарын кигенін өз көзіммен көрдім. Бұл жолдар арқылы ағылшындар біздің сауданы орта азиялық нарықтардан ығыстыруда және біздің қандай да бір рухани маңызымызды, ал ол арқылы біздің өнімдерді өткізуімізді толық жою қаупін тудыруда», - деп С.А. Хрулев атап өткен.

Ұлыбритания Түркістан нарығына өзінің тауарларының үстемдігін орнатып, экономикалық тұрғыдан тәуелді етуге тырысты. Осының алдың алу үшін Орта Азияны өзінің әсер ету аумағы ретінде қарастырған Ресей тарапынан әскери шаралар арқылы шешу бағыты басымдық танытты. Ресейдің Түркістан және Жетісу өлкелеріне отарлау операцияларын жүргізу үшін Батыс Қытайдағы тиімді саяси жағдай қалыптасты. XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында дүнгендердің көтерілісі басталып, Шығыс Түркістандағы Қытайдың билігі және Батыс Түркістан өлкесіндегі геосаяси позициялары әлсіреді. Сонымен қатар, еуропалық мемлекеттердің Қытайға қарсы бағытталған опиумдық соғыстары Шыңжаң аймағындағы көтерілістерді басуға бой бермеді.

Жауланған өлкедегі және онымен шекаралас Батыс Қытай аймағында ресейлік билік иелері тарапынан сауда-кедендік салада бірнеше міндеттерді шешу көзделген болатын:

- жауланған территорияларда, яғни Жетісу және Түркістан өлкелерінде Ресейдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде, отарлық нарықтарда шетелдік, ең алдымен, ағылшын тауарларының бәсекелестігінен ресейлік мануфактуралық өнеркәсіп тауарларының үстемдігін қорғау;

- алдыңғы қатарлы еуропалық мемлекеттер тарапынан игерілмеген Батыс Қытай нарықтарын дами бастаған ресейлік өнеркәсіп тауарларының тұтыну нарығына айналдыру.

XIX ғасырдың екінші жартысы ірі империялар арасындағы перифериялық нарықтар үшін экономикалық күрес кезеңі болатын. Азия құрлығындағы өнеркәсіптік тауарлардың ірі тұтыну нарықтары және шикізат көздері қатарына өзінің өнеркәсібі аз дамыған Қытай, Үндістан, Орта Азия, Үндіқытай, Иран

нарықтары жататын. Осы ретте Үндістан ағылшындардың саяси-экономикалық тәуелділігіне түсіп, ал Үндіқытай нарығы өзге еуропалық мемлекеттер арасында талан-таражға салынса, Орта Азия және Батыс Қытай нарықтары үшін ірі державалар арасында экономикалық күрес бейнесі айқындалды. Орта Азия мен Қазақстан территориясындағы Ұлыбританияның экономикалық экспансиясының күшейуіне қарсы кедендік саясат құралдары кеңінен қолданылды. 1881 жылы құрамында Жетісу облысы бар Түркістан өлкесі үшін Түркістан генерал-губернаторы бекіткен ережелердің үшінші пунктісіне сәйкес ағылшын-үнді (шай, кисея және индиго бояуынан басқа), француз және барлық еуропалық, парсы, түрік тауарларын Ресей империясына енгізуге тыйым салынды. Орта Азиялық хандықтарда жасалған тауарлардан бажсыз саудасы сақталып, ағылшын-үнді шайының барлық сұрыптарынан 1 фунтынан 36 тиын немесе 1 пұтынан 14 рубль 40 тиын, индиго бояуының 1 пұтынан 6 рубль, кисея тауарының 1 фунтынан 1 рубль көлемінде баждарды жинау көзделді.

Бұл кезеңде Ресей өзінің экономикалық дамуында ерекше серпіліс алып, нарықтық даму жолына шыққан болатын. Қарқынды дамып келе жатқан ресейлік өнеркәсіп өз тауарларының бәсекеге қабілетінің төмендігіне байланысты еуропалық нарықта тұрақтала алмады. Сондықтан, ресей мануфактурасының тауарлары үшін жаңа нарықтарды игеру қажеттілігі туындады. Потенциалды түрде Орта Азия мен Қытайдың батыс аймағының нарықтары Ресейдің экономикалық игеру объектісі ретінде белгіленді. Қалыптасып келе жатқан ресейлік мануфактуралық өнеркәсіп буржуазиясы мен саудагерлерінің Батыс Қытайдағы экономикалық мүдделерінің маңызға ие болғанының дәлелі ретінде 1873 жылы Орыс өнеркәсібі мен саудасына қолдау жасау қоғамына Н. Шавровтың жасаған «Ресейдің Азиямен саудасы үшін жолдар туралы» баяндамасынан үзінді келтіруге болады: «Мен Сібір шебі үшін Кяхтамен сауданы қолдауды мақсат ретінде қою ойынан алыспын, кейде мәлімденетін осындай аргумент, маған қате көрінеді. Кяхта қытайлық шекараның бірнеше мың шақырым қашықтығында ғасырлық орыс саудасы құрған жалғыз сауда пунктісі ретінде барлығына белгілі. Бірақ, Кяхталық сауда орыс тауарлары қытайлық шекараға арзан, жылдам, еш бүлінусіз және мезгілінде жеткен жағдайда Ресей мен Қытай арасындағы сауда көлемі туралы ешбір түсінік бере алмайды. Сыртқы сауда айналымы миллиард франктен асатын 475 миллион тұтынушылар көлемі 10-нан 13 миллион рубль немесе 40-58 миллион франкті, Қытайдың сыртқы саудасының 4-5%-ын құрайтын айналымы бар кяхталық саудамен қанағаттана алмайды».

Ресейдегі Батыс Қытаймен сауда-экономикалық байланыстарды орнатуға назардың өсе түсуі Кяхталық саудадағы дағдарысқа тікелей байланысты еді. Шыңжаң аймағы Ресей тарапынан теңіздік жолдардан алыс, тұйық нарық ретінде экономикалық үстемдік құру тиімділігімен қызығушылық тудырды. XIX ғасырдың басында манчжур биліктері Шыңжаң нарықтарын орыс көпестері үшін тұйықтаған еді. Алайда, Батыс Сібір арқылы Шыңжаңмен сауда байланыстарын жандандыру туралы мәселе Ресейдің экономикалық

мүдделеріне сәйкес еді. Н.Веселовскийдың пікірінше, Батыс Қытаймен экономикалық байланыстарды жандандыру «көпестердің сауда шараларына сезімтал қараған және оның жаңа нарықтарды жаулау талпыныстарына барлық тәсілдермен қолдау жасаған» Қаржы, ал кейін Сыртқы істер министрліктерінде қарастырылды.

Қытайдың әртүрлі аймақтарындағы нарықтарды сипаттай отырып, Н. Шавров Ішкі Қытайдың шығыс және оңтүстік аймақтарының нарықтарына Еуропалық мемлекеттердің экономикалық экспансиясын белгілеп, Цин империясының солтүстік-батыс өлкелерін (Шыңжаң, Қытайдың қоластындағы Батыс Моңғолия - Б.Қ.) сауда жағынан еуропалық мемлекеттер бәсекелестігінің дәрменсіздігіне байланысты Ресейдің ерекше экономикалық игеру аймағы ретінде белгілейді. Онда: «Вот почему я говорю о том великом, русском, национальном пути, который свяжет отрезанную от России Сибирь с областью русской мануфактурной производительности, - о пути, который месяцы транспортировки, необеспеченной ничем кроме случая, обратит в дни дешевой, верной и срочной доставки, который даст исход единственным, неисчерпаемым богатствам Сибири, который подняв благосостояние ее жителей, создаст обширный сбыт русских мануфактурных изделий на громадном пространстве, и образует не один временный склад в какой-нибудь Кяхте, но целый ряд постоянных складов русских мануфактурных товаров и естественных богатств по всей китайской границе», - делінген.

Кяхтаны жалғыз сауда жолы еместігі туралы мәлімдей отырып, Н. Шавров Батыс Сібірдегі сауда жолдарының тиімділігі мен болашақтағы мүмкіндіктерін атап өтеді: «Известно, что даже теперь, кроме пути через Кяхту на Ургу и Калган, по китайской границе исследовано и найдено удобным для торговли несколько новых путей в восточную и западную Монголию и Китай... Из Минусинска, из Бийска, из Бухтармы идет путь на Кобдо, Улясутай и далее на Гуй-хуан-чен. Торговое движение из Бийска в западную Монголию быстро возрастает, несмотря на полное невнимание к пути через Алтай... Из Зайсанского поста, из Кульджи идет путь на Урумчи, Турфан, Карашар, Хами и Ань-Си, из которых три последних города удержаны во власти Китая во время самого сильного восстания. Каждые из этих путей требует на границе Китая, или вблизи ее, склада мануфактурных товаров подобного Кяхте, а потому повторяю, говоря о китайской торговле не следует говорить об одной Кяхте, но обо всей торговле вдоль китайской границы, водворить которую для русских настало самое благоприятное время, так как китайцы, занятые вторжением европейцев со стороны восточной, не обращают пока никакого внимания на свои взбунтовавшиеся западные провинции, и потому не могут помешать развитию здесь русской торговли. Известные моменты в истории не повторяются: если мы пропустим настоящее благоприятное время для упрочнения наших торговых сношении с Китаем, то едва ли впоследствии подобная ошибка может быть исправлена. Затруднения для непосредственных сношении с Китаем созданы искусственно, или обычаем, или ошибками нашими».

Н. Шавровтың Батыс Сібірдегі жолдарының саудада тиімділігі өзге де зерттеушілер тарапынан дәлелденеді. Экспедициялық мәліметтер мен шекаралық әкімшіліктер мәліметтері негізінде құрастырылған Сібір әкімшілігінің 1876 жылғы есебінде Бийскіге баратын жол «Уградағы консулдың пікірінше, Қалғаннан Ресейге Қытаймен сауданың басты тауарына айналған шайды тасымалдау кезінде тасымал шығындарын азайтатын басты пункт ретінде қызмет ете алды». Батыс Сібірдің Қазақстан территориясы арқылы Қытаймен сауда байланыстары үшін ыңғайлы сауда жолы Бақты қамалы арқылы еді. Оның себептерін Н.Н. Балкашкин генерал-губернаторға берген есебінде: «Түмен мен Семей арасындағы жедел су көлігі тасымалының дамуы жағдайында Семей-Сергиополь пошта трактісі бойынша көлік тасымалының ыңғайлығы, Ұржардан көлемді өнімді алу мүмкіндігі және өзінің Шәуешек нарығына жақындығы жағынан Бақты Батыс Қытаймен батыс-сібірлік сыртқы сауда үшін ең тиімді орын болып келеді», - деп сипаттаған. Бақты арқылы Шәуешек сауданысың көлемі мен ауқымы туралы оған Семей мен Петропавловск қалаларының көпестері мен Тарбағатай өлкесінің көпестері жиналып сауда құруынан байқауға болады. Павлов-Сильванскийдың есебінде Батыс Сібірдің Қытаймен саудасында негізгі екі аймақты бөліп қарастырады. «Семей ауданының көпестері ерте кездерден бері көптеген қырғыз (қазақ – Б.Қ.) көшпелілерімен сауда жасауда, белгіленген шекарадан шығуға тырыспады және те мүмкіндікке де ие болмады. Ертістің алқабы бойынша олар өз істерін Бұқтарма бағытында, әсіресе сауда орталығына Шәуешек айналған кезінде бай болған Жоңғария бағытында дамыту мүмкіндігі болған», - деп мәлімдеген.

Батыс Сібір арқылы сауда қатынастарының дамуына басты кедергіге – сауда жолдарының қанағатсыз жағдайы айналды. Қытай нарығындағы ресейлік тауарлардың жағдайы төңірегінде Н. Шавров: «Качество русских товаров, доставляемых в Китай, нисколько не ниже английских и совершенно удовлетворяет требованиям китайцев, привыкших ценить наши произведения столько же, как мы русские привыкли ценить доставляемый из Кяхты чай. Поэтому ограниченный и затем постоянно уменьшавшийся сбыт русских товаров в Китай происходит единственно от полного отсутствия удобных путей сообщения», - деген болатын.

Орыс-қытай шекарасының Батыс Сібір бөлігінде Кяхта мысалында көтерме сауда орталықтарын ұйымдастыру ойлары тек Н. Шавровтың еңбегімен шектелмейді. Аталған идеяларды кезінде Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Н.Г. Казнаков тарапынан кең қолдау тапқан. Ол Шәуешектегі консулдықты қалпына келтіру туралы хатында Кяхтадағы көтерме саудасы мен Шәуешектегі бөлшектік сауданы салыстыру нәтижесінде қытайлықтарға орыс тауарларын өткізудің ең тиімді тәсілі алдын-ала өзара тапсырыстар бойынша шекаралық көтерме өткізу арқылы бола алады деген пікірге келген.

Батыс Сібірдің генерал-губернаторы 1877 жылы патшаға жазған есебінде өзінің осы бағыттағы ұстанымына беріктігін дәлелдейді: «Что касается, до торговли с Западным Китаем, то согласно опыта, казалось бы целесообразным содействовать учреждению в Западной Сибири оптового пограничного торго не

вдалеке от г. Чугучака. Это соответствовало бы желаниям китайцев, не противоречило бы трактатам, заключенным с Пекинским правительством, и обеспечило бы русские товарные склады от корыстолюбия китайских властей и от хищничества разноплеменной азиатской черни. В то же время открытие оптовых товарных складов на юге края послужило бы усилению сбыта мануфактурных изделий киргизам, снабжало бы товарами караванную торговлю в Монголии и нисколько не подрывало бы кяхтинских торговых дел, которые производятся с Внутренним Китаем и при том большей частью на звонкую монету».

Ресейдің Қазақстан территориясы арқылы Қытаймен саудадағы кедендік саясатында – екіжақты сауда байланыстарын жандандыруға мүдделі болғаны туралы 1868 жылы генерал-майор И.Ф. Бабковтың баяндама-хатында: «При предстоящих переговорах с китайцами по делу о постановке государственной границы могут быть возбуждены и другие вопросы ... К числу этих вопросов принадлежит, между прочим, вопрос о порядке наших будущих торговых сношении с Западной Монголией... Нельзя оспаривать мысль о необходимости с нашей стороны всеми мерами стремиться к усилению коммерческих сношении с Китаем и к увеличению новых рынков для сбыта наших произведений и в особенности в таких местах, где наши товары не могут встретить ... влияния иноземной конкуренции», - делінген.

XIX ғасырдың орта шеніне қарай Батыс Сібір арқылы ресей-қытай сауда-экономикалық қатынастары қарқынды дамып келе жатқан болатын. XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы Шығыс Түркістандағы ұйғырлар мен дүнгендердің көтерілістері мен қақтығыстар қалыптасқан сауда қатынастар жүйесін күйреткен еді. Бұл ретте шекаралық әскери әкімшілік өлкедегі ресейлік сауда мүдделерінің қалпына келуін қалады. Ресейдің Шыңжаңдағы экономикалық мүдделері туралы 1868 жылы Түркістан әскери аймағының әскер басшысы Г.А.Колпаковский: «Географические и исторические причины, обусловившие позднее появление наших товаров на мировом рынке, задержавшие развитие нашей промышленности, не позволяют нам соперничать с другими народами Европы и Америки, на рынках близких к морским путям. С другой стороны, те же географические причины отдают нашей торговле и промышленности рынки Средней Азии, недоступные торговым флотам Европы и Америки. Не допускаемые на европейские рынки, все более и более вытесняемая с рынков родных, промышленность наша не может мириться с настоящим застоём дел в Средней Азии, а в том числе и в Западном Китае. Нужно следовательно во чтобы то ни стало открыть сбыт нашей промышленности, восстановить здешние рынки именно теперь, когда дунгане в Урумчах задерживают китайцев, а анличане еще не перешагнули через Тибет», - деген болатын. Тағы бір жерде ол жағдайдың ресейлік экономикалық мүдделер үшін пайдалы даму жолдарын қарастыра келе, қалыптасқан жағдайда ресейлік саясат үшін ұтымды сценарилерді айқындайды. «России было бы выгодно отсутствие китайских купцов и китайского правительства, если бы она могла воспользоваться их отсутствием, приучить Илийское народонаселение к

русским товарам и приучить китайское правительство к русским караванам в сердце Китая; чтобы, при восстановлении порядка, основываясь на предидущих, караваны наши могли беспрепятственно следовать куда им угодно, не прибегая к посредству китайских купцов, тягостного для нашей торговли. Примером может служить Кяхта. Сказанная комбинация возможна только, если Кульджа и ее окрестности будут очищены от инсургентов и этим откроется путь внутрь страны для русских товаров. Урумчи, занятые дунганями, еще на несколько лет задержит китайских торговцев, предоставляя нашим купцам Илийские рынки», - деп Г.А. Колпаковский мәселенің ресейлік сауда үшін пайдалы шешілу жолын жобалайды.

Батыс Қытайдағы XIX ғасырдың 60-шы жылдары басталған дүнгендер мен ұйғырлардың көтерілісі, өлкедегі ушыққан геосаяси дағдарыс аймақтағы қалыптасқан сауда қатынастарын бұзып, белгілі бір дәрежеде ресейлік экономикалық мүдделерге нұсқан келтірді. Көтеріліске қатысты ресейлік әскери-әкімшілік билік тарапынан біркелкі саяси ұстаным тумады. Шекаралас жергілікті әкімшіліктер де бұл көтеріліске әртүрлі саяси бағыт ұстанды. Мысалы, көтерілістің бас кезінде ресейлік экономикалық мүдделердің зиян келуіне, ең алдымен сауда қатынастарының бұзылуы және осыдан туындаған мануфактуралық тауарларды өткізудің нарығы - Шыңжаң өлкесіне жолдың тұйықталуына қарамастан, Батыс Сібір әкімшілігі Батыс Қытайдағы істерге араласпау саясатын ұстанса (1865 жылғы Құлжа үшін қытайлықтарға нан сатудан, Құлжа гарнизонына әскери көмек көрсетуден бас тарту шаралары), Жетісу облысының әкімшілігі ресейлік өнеркәсібі пен саудасының мүдделерін алдыңға орынға қойып, өлкедегі тұрақтылық пен тәртіптің орнауын, мәселені жедел түрде қарудың күшімен ресейлік геосаяси және экономикалық мүдделерді белсенді шешуді қолдады.

Егер де, еуропалық шекарада кедендік саясатта фритредерлік пен протекционисттік көзқарастар арасындағы күрес аясында өрбісе, Ресейдің Түркістан иелігі мен Қытаймен шекаралас Жетісу және Семей облыстарындағы нарықтарға еуропалық тауарлардың енуінен қауіптенген ресейлік биліктер бұл аймақтарда тіпті, көптеген шетелдік тауарларға тыйым салушы тарифтерді ұстанды. Ал, Орта Азия мемлекеттері мен Цинь империясына қатысты сауда саясатында Ресей өз өнеркәсіп тауарларын өткізу нарықтары ретінде қарастырған осы аймақта сауда-экономикалық байланыстарды қолдау саясатын ұстанды. Әрине, бұл аймақты жедел түрде экономикалық тәуелділікке қоюды көздеген шаралардың бірі болатын. Экономикалық экспансия Ресейдің геосаяси мүдделеріне сәйкес келді, саяси құрал қысымына айнала алды.

Қорыта келе, келесідей тұжырымға келуге болады:

- біріншіден, Ресейдің кедендік саясатындағы жалпы тенденциялар оның өлкелік нұсқасына да әсер етті, XIX ғасырдың 60-70-ші жылдарындағы Ресейдің өнеркәсіптік дамуының күшейуі өнеркәсіп өнімдерін өткізу нарықтарын игеру қажеттілін тудырды;

- екіншіден, Қазақстан территориясының Батыс Қытаймен шекарасында Ресей империясының кедендік мүдделерінің негізінде геосаяси және

экономикалық мүдделер астары жатты, аймақтағы саудадағы экономикалық үстемдік бір жағынан, Ресейдің саяси үстемдігін қамтамасыз ете алды, екінші жағынан, саяси қысым құралы ретінде пайдалана алды;

- үшіншіден, Қазақстан мен Орта Азиядағы саяси және экономикалық ағылшын-орыс бәсекелестігі аясында ең алдымен Ресей өзі берік тұрақтаған территориялардың нарықтарын ішкі ресейлік нарықтармен тығыз байланысын кедендік-тарифтік механизмдер арқылы қамтамасыз етуге тырысты;

- төртіншіден, өлкедегі ресейлік кедендік саясатта Батыс Қытаймен сауда-экономикалық қарым-қатынастарға толыққанды жағдай жасау бағыты басымдық танытты, себебі Ресей үшін бұл өлке экономикалық тұрғыда өнеркәсіптік тауарларды өткізу және шикізат қорының перспективті нарықтары ретінде қарастырылды. Әсіресе, бұл Батыс Сібір әкімшілігі тарапынан кең қолдау тапқан Қазақстан мен Батыс Қытай шекарасында Кяхта үлгісіндегі көтерме сауда орталығын құру идеяларынан анық байқалады.

8 ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ КСРО КЕДЕН ІСІ

8.1 Кеңестік Қазақстанда кеден қызметінің пайда болуының алғышарттары

Ресейлік тарихи ғылымның дамуының кеңестік кезеңі кедендік іс пен кедендік саясат мәселелеріне қызығушылықтың жоғалу кезеңі ретінде сипатталады. Бұл бұрынғы протекционисттік үлгіні түбегейлі бұзу мен сыртқы сауданың монополиясының орнауымен түсіндіріледі. Жеке меншік пен жеке сауда мәселелеріне біржақты жағымсыз көзқараста болған кеңестік идеология сауданы реттеу мен бақылаудың құралы болған кедендік институттардың да рөлін төмендетуге тырысты. Сыртқы сауда іс-әрекетін реттеу кедендік саясат саласынан тыс жүзеге асатын қарапайым басқарушылық процедураға айналды. Ал кедендік бақылаудың функциялары жолаушыларды, жүктерді өткізу мен бақылау-инспекторлық қызметтерді атқарумен шектелді. Ғылыми көзқарас тұрғысынан кеңестік мемлекеттің кедендік саясатының болуы туралы сұрақ қою мағынасыз деген тұжырыммен де келіспеуге болмайды. Шартты түрде кедендік саясат пен кедендік іс мәселелеріне арналған кеңестік тарихнаманы үш кезеңге бөлуге болады: 1 кезең – 1917-1930-шы жылдардың ортасы аралығы; 2 кезең – 1930-шы жылдар ортасы мен 1950-ші жылдардың ортасы; 3 кезең – 1950-ші ортасы мен XX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғы.

Кеңестік тарихнаманың бірінші кезеңі Қазан төңкерісі нәтижесінде ел басқаруға қол жеткізген жаңа мемлекеттік биліктің революцияға дейінгі кедендік органдар жүйесіне және кедендік іс тұжырымдамасына күдікшілікпен қарауымен сипаталды. Сыртқы саудадағы мемлекеттік монополия туралы лениндік идеяларды жүзеге асыру кедендік қызмет пен кедендік іске жағымсыз қатынастың орын алуына әкелді. Кедендік-тарифтік реттеуге жол берілмей, кедендік бақылау жүйесі қосалқы құралға айналды. Тіпті кедендік мекемелерді жабу туралы ұсыныстар да болды. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы ЖЭС-қа көшу кедендік жүйенің белсенді құрылымдық дамуына әкеліп, кедендік-

тарифтік істі қалпына келтіру қажеттілігін тудырды. Алайда, ЖЭС-ты жоққа шығарып, елдегі әміршілдік-әкімшілдік жүйенің күшеюіне қарай кедендік жүйенің маңызы да төмендейді. Осының барлығы кедендік іске арналған ғылыми жұмыстар көлемінің қысқаруын, кедендік саясат мәселелеріне арналған ғылыми басылымдар санының аз болуын түсіндіреді. 1924 жылы Н.Н. Шапошниковтың қайта басылған «Протекционизм және еркін сауда» (1915 жыл) монографиясымен қатар оның кеңес мемлекетінің сыртқы сауда саясатының жол салушысы ретінде протекционизм саясатын тарихи негіздеуге тырысқан «Революцияға дейінгі және одан кейінгі Ресейдің кедендік саясаты» атты кітабы жарық көрді.

20-шы жылдары революцияға дейінгі кезеңнен кедендік саясат мәселелері бойынша еңбектерімен белгілі ғалымдар белсенді зерттеу қызметтерін жалғастырды. 1928 жылы Н.Н.Шапошников, И.М.Кулишер, М.Н.Соболев және тағы басқалардың қатысуымен ұжымдық монография атағына сай «Экономика және сыртқы сауда саясаты» атты ғылыми еңбек жарық көрді. Онда экономикалық мағынадағы мақала-бөлімдермен қатар Англия, Германия және революцияға дейінгі Ресейдің сыртқы сауда саясатына арналған бөлімдер енгізілген. 1933 жылы Қытай мен Жапонияның кедендік саясатына арналған жеке мақалалар бар «Шығыс елдерінің кедендік саясаты» атты мақалалар жинағы жарық көрді. Бүгінгі күнге дейін өзінің түрі жағынан ерекше, жалғыз болып келетін басылымда көп дәрежеде халықаралық экспансия әсерімен дамып келе жатқан Шығыс елдерінің кедендік саясатының спецификасы туралы тарихи материал жүйеленді. XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы барлық ғылыми публикациялар тарихнаманың «бұрынғы мектебіне» сай академизм мен теорияға ерекше назармен сипатталады. Тарихи экскурс қазіргі кедендік саясаттың негізгі формаларының эволюциясы мен генезисін байқауға көмектесе отырып, қосымша рөл атқарады. Әрине, ресейлік кедендік саясаттың аймақтық нұсқаларының мәселелері бұл еңбектерде қарастылмаған. Осыған қоса, 1922-1927 жылдары Мемлекеттік кеден басқармасының бастығы болған А.И. Потяевтың теориялық еңбегін, А.П. Винокурдың кедендік іс туралы зерттеуін атап өткен жөн. А.И. Потяев кедендік-тарифтік саясатты сыртқы сауда монополиясының құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оған қосалқы рөл бөледі. Біршама қызығушылықты Ресейдегі кедендік істің тұрақталу үдерісін еуропалық елдердегі аналогиялық үдеріспен байланыстырып қарастырған И.М. Кулишердың еңбектері де тудырады.

Кеңестік тарихнаманың екінші кезеңі кедендік іс мәселесін зерттеу үшін ең қолайсыз кезең болды. Бұл тарихи ғылымның жағдайымен және кедендік құрылымдардың өзінің маңызды функцияларын жоғалтып, фискалдық мекемелер рөлін атқаруды тоқтатуымен байланысты болатын. Осы кезеңде кедендік мәселелер бойынша зерттеу белсенділігі төмендеді. Кеңестік тарихшылар кедендік саясат пен кедендік құрылымдар тарихын зерттеуге өз үлестерін қосты, алайда, жоғарыда аталғандай олар көбінесе, сауда мәселелері аясында өрбіді, яғни, арнайы кедендік мәселелерге арналған ғылыми зерттеу жұмыстары аз еді. Олардың арасында ерекше – С.А. Покровскийдың

монографиясы – марксисттік методология негізінде жазылған ресейлік кедендік саясат бойынша алғашқы зерттеу жұмысы болды. «Сыртқы сауда саясаты» түсінігін пайдалану сыртқы сауданың монополиясы жағдайында өзінен-өзі заңды болып келеді. Сыртқы сауда саясаты кеңестік мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының бөлігі ретінде, ал оның тарихы «Ресейдің өзінің экономикалық тәуелсіздігі үшін күресі тұрғысынан» сарапталды.

Кеңестік тарихнаманың үшінші кезеңі ресейлік және отандық тарихшылар тарапынан мәселеге біршама қызығушылықтың жандануымен ерекшеленді. Ресейлік кедендік саланың жалпы тарихына байланысты зерттеулермен қатар кедендік сала тарихын шолып өтетін қиылыстық бағыттарда да зерттеулер жүргізілді. Кедендік сала тарихы орыс-қытай экономикалық, дипломатиялық байланыстары, патша үкіметінің сауда саясатының тарихы, шекаралық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму тарихы, патша үкіметінің және Цинь биліктерінің Орта Азиядағы геосаяси қарым-қатынастары аясында қосалқы түрде өрбіді.

Ресейдің Қытаймен шекара бойындағы кедендік саясатының кейбір тұстары ажыратылған тарихи зерттеулердің жеке бағыты – екіжақты орыс-қытай экономикалық байланыстарының тарихы бойынша зерттеулер болып табылады. Кедендік мәселелерді ең көлемді қарастырған М.И. Сладковскийдің зерттеуі болып табылады. Сауда-экономикалық байланыстар мәселелерін ол кең хронологиялық шеңберінде - XVII ғасырдың басынан 1917 жылға дейінгі аралықта қарастырады. Сыртқы сауданың статистикасының негізінде ол алғаш рет екіжақты қатынастар қарқынын көрсетіп, XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-қытай саудасын реттеуге қолданылған ресейлік тарифтер сипаттамасын береді. Орыс-қытай келісімдері мен Құрлықтық сауда үшін ережелердің оқырман үшін қол жеткіліксіз және бейтаныс мәтіндері осы кітапта қосымша мәліметтер ретінде берілгені оның маңыздылығын көрсетеді.

М.И. Сладковский еңбегінің құндылығы тек оның Қытайға деген қызығушылығының академиялық сипатта болуында ғана емес еді. Оның зерттеу жұмысы Ресей мен Қытай арасындағы екіжақты қатынастар мәселелерін кейінгі зерттеуге маңызды әсер еткен. Шетінен бұл әсер XIX-XX ғасырдың басындағы Ресей мен Қытай арасындағы экономикалық қатынастар тарихына арналған Г.Н. Романованың зерттеу жұмысында сезіледі.

XX ғасырдың 70-80 жылдары кедендік мәселе тарихи елтануда да көрініс тапты. Бұл ретте ең алдымен О.Е. Непомнинның Қытайдың экономикалық тарихы бойынша арнайы еңбектерін атап өту қажет. Дәл осы еңбектерде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қытайлық кедендік жүйенің ерекшеліктері, Қытайдың кедендік табыстарына шетелдік бақылаудың орнауы және оның кедендік автономия дәрежесін жоғалту үдерістері көрсетілген.

XX ғасырдың 60-70-ші жылдарының аяғында Орта Азиядағы халықаралық байланыстар, геосаяси мәселелеріне арналған Н.А. Халфинның «Политика России в Средней Азии», Б.П. Гуревичтың «Международные отношения в Центральной Азии в XVII - первой половине XIX века» еңбектері жарық көрді.

Осы жұмыстарда Ресей, Қытай және Англияның Орта Азияда шоғырланған геосаяси мүдделері кеңінен талқыланып, оның қатарында сауда саясатының қарама-қайшы үдерістері сипатталады.

Осы кезде әлеуметтік тарихты, таптар, партиялар және қоғамдық қозғалыстар тарихын зерттеуге назар күшейді. Ресейлік зерттеушілердің бірқатар еңбектерінде өнеркәсіптік саясат, оның қалыптасуына және басымдықтарды анықтауға әртүрлі әлеуметтік күштердің әсері мәселелері көтерілді. В.Я.Лаверычевтың еңбегінде орыс буржуазиясының және жеке өнеркәсіптік топтардың кедендік саладағы мемлекеттің саясатына әсері мәселелері көтеріліп, кедендік реттеу саласындағы өнеркәсіптік топтар үшін тиімді шешімдерді қабылдау механизмдері берілген. Осының барлығы ХХ ғасырдың басындағы қызығушылық тудырған мәселелерге қайта оралуды білдірді.

Кедендік саланың теоретикалық зерттеулері оның тариха да біршама назардың аударылуына әкелді. Бұл бағытта Ю.И. Зелинский, Л.Н. Марковтардың жұмыстарын атауға болады. Кедендік құқықбұзушылықтың бір түрі ретінде контрабанда мәселесін зерттеуге Б.М. Угаровтың монографиясы арналған. Автор контрабанданың туындауы мен дамуын мемлекеттің енгізген шектеулері мен кедендік бөгеттеріне қарсы бағытталған әрекет ретінде бағалап, осымен қатар кедендік қызмет пен кедендік заңнаманың қалыптасу мен даму тарихы беріледі. Л.Н. Марковтың қысқаша тарихи жұмысын ерекше бөліп көрсетуге болады. Зерттеу жұмысында құқықтық тұрғыдан тарихи материалдар негізінде Ресейдің кедендік қызметтің қалыптасу мен дамуын сараптаудың алғаш талпынысы жасалды.

Орыс-қытай сауда-экономикалық байланыстар тарихнамасының бір ерекшелігі – екі еле арасында саудадағы басты сауда бағыты болған Кяхта саудасы мен Кяхтадағы сауда-кедендік мәселелерге арналған зерттеулер басымдық танытты. Аталған зерттеулер орыс-қытай қарым-қатынастарының жалпы, ортақ тенденцияларын анықтау, салыстырмалы түрде сауда бағыттарының маңыздылығын айқындау үшін қажет. Кеңестік кезеңде осы бағытта Е.П. Силин, Н.Е. Единархова, Ш.Б. Чимитдоржиев, А.Н. Хохлов және тағы басқалар зерттеулер жүргізді.

Осы кезеңдегі отандық тарихнамада да жалпыкеңестік тарихи ғылымға ортақ үдерістер жүріп жатты. ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарындағы аймақтық экономикалық мәселелерге қызығушылықтық өсуі В.С. Кузнецовтың, Э.М. Мамедованың зерттеулерінің туындауына негіз болды. ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы патша үкіметінің өлкедегі сауда саясаты, орыс-қытай қарым-қатынастары, керуендік сауда тарихы, аймақтық тарих мәселелері секілді отандық тарихтың көкейсекті мәселелеріне арналған еңбектер жарық көрді. Қазақстандағы Батыс Қытаймен шекарадағы кедендік мәселелер Ж.Қ. Қасымбаевтың, Н.А. Алдабекованың мақалары жарық көрді.

Ерекше атап өтетіні 80-ші жылдардың аяғында Ж.Қ. Қасымбаевтың «Семипалатинский таможенный округ в системе торговли России с империей Цин в 90-е годы ХІХ века» атты мақаласы Батыс Қытаймен шекарадағы

кедендік істі зерттеу объектісіне айналдырған алғашқы мақалаға айналды. Автор Қазақ КСР-ның Орталық мемлекеттік мұрағатының тың деректерін алғаш рет айналымға енгізе отырып, өлкедегі кедендік құрылымдарды ұйымдастыру үдерісін, олардың қызметінің деңгейін және орыс-қытай саудасындағы рөлін айқындауға тырысады. Дәл осы мәліметтер кеңестік кезең тарихнамасының соңғы кезеңдерінде Ж.Қасымбаевтың Шығыс Қазақстан қалаларының тарихына арналған «Города Восточного Казахстана» атты еңбегінде сауда тарихын зерттеу барысында жарық көрді. Қасымбаевтың зерттеулерімен қатар, Шыңжаңдағы 1871-1881 жылдардағы саяси жағдайға қатысты орыс-қытай қарым-қатынастары аясында сауда мүдделерін қозғайтын А.К. Сүтееваның ғылыми диссертациясы шықты.

Кеңестік тарихнаманы сараптай келе, кедендік сала тарихы ғалымдардың зерттеу объектісіне айналған ірі еңбектері туындаған жоқ, ал оның ішінде Қазақстан территориясында кедендік істің тарихы аймақтық орыс-қытай саудасының тарихын зерттеу тұрғысынан қозғалып, арнайы зерттеу жұмысының объектісіне айналмады деген қорытынды жасауға болады.

8.2 Кеңестік кеден құқығының кодификациясы

КСРО кедендік жүйесі өз дамуында бірнеше кезеңдерден өтті:

1) Әскери коммунизм кезеңінде кеден мекемелерін жабу туралы ұсыныстар бірнеше рет айтылды. Бұл кезде кеден сыртқы сауданы реттеудің көмекші құралы ғана болды.

2) XX ғ. 20-шы жылдардың басында ЖЭС-қа көшу жоғалып кеткен кеден органдарының қызметтерін қайта жандандырып, кедендік жүйенің құрылымдық дамуын негіздеді. 1922-1928 ж.ж. кеден ісін басқарудың көпдеңгейлі, күрделі жүйесі қалыптасты.

3) 1920-1930 ж.ж. КСРО-да басқарудың бұйыру-бюрократиялық әдістері қалыптаса бастады. Сыртқы саясаттың негізіне мемлекеттік монополия жатты. 1964-ж. Кеден Кодексінде бекітілген кеден органдарының құрылымы елеусіз өзгерістерімен XX ғ. 80-ші жылдарына дейін сақталды.

4) Сыртқы экономикалық реформаларды атқару кезеңі (1986-1991 ж.ж.). Бұл кезде еркін нарық пен демократиялық тәртіпке негізделген жаңа басқару жүйесін қалыптастыру талпыныстары жасалды. Ақырында 1991-ж. КСРО-ның кедендік тариф туралы жаңа заңы қабылданды. Бірақ жаңа кеден жүйесін құру мүмкін болмай қалды.

5) ТМД-да ұлттық кедендік қызметтердің пайда болуы.

КСРО-ғы кедендік жүйенің қалыптасуы (1917-1991 ж.ж.) Қазан революциясы кезінде Ресейдің кеден ісі 1910-ж. Жарғымен реттелініп тұрған еді. Ресейдің кеденжүйесі іс жүзінде қиратылды. 1918-ж. басында қаржылардың халықтық комиссариатының жанында Кеден алымдарын жинау департаменті өз жұмысын қайта бастады. 1918-ж. 29-мамырында РСФКР кеңестік халық комиссариаты «Баж салықтарын жинау және жергілікті кеден мекемелерінің қызметін реттеу бойынша орталық және жергілікті кеңестік биліктердің

құқықтарын шектеу туралы» декретті қабылдады.

1918-ж. 29-шілдесіндегі декретпен Кеден алымдарын жинау департаменті Бас Кедендік Басқарма деп аталды. 1920-ж. 11-маусымындағы КХК декретіне сәйкес сауда және өндіріс халкоматы Сыртқы сауда халықтық комиссариаты болып қайта құрылды. Ол кеден ісін басқаруды толығымен өз қолына алды. 1923-ж. 12-қарашасындағы Сыртқы сауда халкоматы туралы Ереже кеден ісін сыртқы сауданың құрамдас бөлігі ретінде қарастырды.

XX ғ. 20-шы – 86-ж.ж. кеден қызметінің дамуы. 1922-ж. 14-ақпанында бірінші рет еуропадан әкелінген саудаға кедендік тариф бекітілсе, ал 1922-ж. 14-ақпанында шығару тарифі бекітілді. 23-ақпан 1922-ж. Кедендік-тарифтік комитет құрылды. Оның құқықтық мәртебесі 1924-ж. Кеден Жарғысында қарастырылды. 1964-ж. Кеден Кодексі бұл орган туралы бірде-бір сөз айтпады.

1925-ж. МКБ Белорусс КСР-де. Украина КСР-де және Орта Азияда құрылды. 1928-ж. Кеден жарғысын ауыстырған Кеден Кодексі қабылданды. 1929-1932-ж.ж. экономикалық басқару үлгісіне бас тартып, әкімшілік реттеу тенденциясын анық көрсетті. 1964-ж. 5-мамырында жаңа Кеден Кодексі қабылданды. 1986-ж. кеден органдарының жүйесінің реформалауының ең радикалды кезеңі өтті.

1986-1991 ж.ж. кеден ісінің даму ерекшеліктері. 12-ақпан 1986-ж. Сыртқы сауда министрлігінің МКБ КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік кедендік бақылаудың бас басқармасына айналдырылды. Ол одақтық ведомство ретінде құрылды. КСРО тарихында алғаш рет кеден қызметі дербестік алды.

Кеден мәртебесі бірқатар актілермен анықталды. Тұрған жері бойынша ішкі және шекаралық, ал қызмет сипатына байланысты құрғақ жол, әуе, теңіз кедендері деп саралауға болады. 1991-ж. Кедендік тарифтер туралы КСРО Заңы кеденді басқаруды ұйымдастыруға мәнді өзгерістер енгізбекші болды. 1991-ж. 15-маусымында КСРО Президентінің Жарлығымен бекітілген КСРО Кедендік комитеті туралы Ереже жаңа иәселелерді қарастырды.

Кеңестік кеден құқығының кодификациясы (1920-1980 ж.ж.)

КСРО-ның 1924-ж. Кедендік жарғысы. Кеңес кезінде кедендік шаралар мен қорғауға үлкен маңыз берілетін. 1924-ж. 14-желтоқсанында КСРО Кедендік жарғысы қабылданды. Ол 6 бөлімнен 283 баптан тұрды.

Бас кедендік басқарманың тікелей бағыныштылығында аудандық кеден инспекторлары болды. Кеден 3 дәрежеден тұрды. МКБ қызметке алу ЕтЗК-мен анықталды. 1925-ж. жергілікті жерлерде кедендік аппараттың қайта құрылуы жобасын өңдеу аяқталды. КСРО жерінде 11 аудандық кедендік инспекторлық басқармалар құрылды.

КСРО-ның 1928-ж. Кеден Кодексі. Кеден Кодексінде 4 бөлім 188 бап болды. Кодекстің «Кеден басқаруын ұйымдастыру» деген I бөлімінде кедендік мекемелердің қызмет мақсатары нақты анықталды. II бөлім «Кедендік операциялар туралы» деп аталып, онда шекарадан жүктердің жіберілуі сыртқы сауданың мемлекеттік монополиясы туралы қаулының негізінде жүзеге асады деп бекітілді. III бөлім әкімшілік-жазаланатын контрабанда түсінігін жан-жақты қарастырды. Контрабанда туралы істер екі деңгейде қарастырылды. 1930-ж.

Кодекстің 8 бабы күшін жойды.

1930-ж. КСРО-ның Кеден ережелерінің жинағы қабылданып, оның көп бөлігі 30 жыл бойы әрекет етті. 1932-1934 ж.ж. кейбір тауарлардың тездетіп өткізілу тәртібі реттелді.

Ұлы Отан соғысы кезінде кеденнің көптеген қызметтері тоқтатылды. Соғыс әрекеттері жүрмеген құрғақ жол жерлерінде -Қара Теңізден бастап Тынық мұхитқа дейін - және Каспий теңізінде кедендер белсенді әрекет етті. 1942-ж. БКБ контрабанда туралы істерді жүргізу бойынша нұсқаулықты бекітті. 1943-ж. кедендер шетелдерден келген қайырымдылық жүктерін баж салығынсыз жібере бастады.

Соғыстан кейінгі кеңестік кедендер экономиканы қалпына келтіру мақсатына тәуелді болды. Соғыстан кейінгі жылдары кеден жүйесінің дамуына кеденге келген соғыс ардагерлері көп үлес қосты. 1951-ж. 19-тамызда КСРО-ның кеден мекемелерінің басқарушы құрамына жекелеген атақтар енгізілді. 1953-ж. жаңа Кедендік қол жүгі мен жүкті қарау мен жіберу ережелері бекітілді. 1959-ж. Сыртқы сауда министрлігінің бұйрығымен шекарадан жүк өткізудің тәртіптері біршама жеңілдетілді. 1961-ж. Министрлер Кеңесі жаңа тарифті бекітті. 1965-ж. 1-қаңтарынан бастап Азия, Африка, Латын Америкасының дамушы елдерінен келген тауарларға кедендік баж салығы алынып тасталды.

КСРО-ның 1964-ж. Кеден Кодексі. 1964-ж. 5-мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығымен КСРО-ның жаңа Кеден Кодексі бекітілді. Ол кеден ісін басқару Сыртқы сауда министрлігі мен оның құрамына кіретін Бас Кедендік Басқарманың қарауында екендігін растады. Сыртқы сауда министрі кеден ісі бойынша барлығына міндетті бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады деп бекітілді. Бұрынғы кодекске қарағанда жаңасы көлемі жағынан кішірек болды (3 бөлім 120 бап) және мазмұны жағынан нақтырақ еді. 20-дан астам бабы әртүрлі министрліктер шығаратын ережелерге сілтеме жасады.

1971-ж. КСРО ЖК Президиумының Жарлығымен валюта мен валюталық құндылықтар контрабандасы үшін әкімшілік жауапкершілік шаралары күшейтілді. 1976-ж. «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» КСРО Заңына байланысты мұндай заттарды заңсыз әкетуге қарсы Сыртқы сауда министрлігі біршама шараларды өңдеп шығарды.

1977-жылы КСРО Коституциясының қабылдануы бірқатар кедендік-құқықтық нормалардың жетілуіне түрткі болды. 1977-ж. аяғында Сыртқы сауда министрлігі КСРО-ның мемлекеттік шекарасынан өтіп бара жатқан тұлғалардың заттарын кедендік бақылаудың жаңа Ережелдерін бекітті. года послужило совершенствованию ряда таможенно-правовых норм.

1981-ж. 27-сәуірінде КСРО-ның жаңа кедендік тарифі бекітілді. 1982-ж. 24-қарашасында КСРО-ның мемлекеттік шекарасы туралы Заң қабылданды. 1986-жылы Мемлекеттік кедендік бақылаудың бас басқармасы құрылды.

9 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕДЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

9.1 Қазақстан Республикасы кеден қызметінің қалыптасу шежіресі

Республиканың кеден жүйесінің қалыптасуы нақты тарихи: бір жағынан – Одақ мемлекеттерінің ыдырауы, экономикалық дағдарыс, екінші жағынан – егемендік алу және тәуелсіз мемлекеттің пайда болу жағдайларында жүзеге асырылды.

1991 жылы біздің мемлекет заманауи кеден қызметін құруға кірісті. «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы» 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №539 Жарлық Президенттің алғашқы жарлықтарының бірі болды.

Осы уақытқа дейін республикада КСРО Министрлері Кеңесі (Мәскеу қаласы) жанындағы Мемлекеттік кедендік бақылаудың бас басқармасына тікелей бағынған Қазақ республикалық кедені, Қорғас кедені, Гурьев кедені болды.

1991 жылғы республика кеден органдарының санын неғұрлым 150 адам ғана құрады. Егемен мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы құрылғаннан бері ұзындығы 13 мың км-ді құрайтын «тұнық шекара» аталатын бұрынғы КСРО мемлекеттерімен, одан басқа бір жарым мың километрді құрайтын Қытаймен шекарада кедендік бақылау қажеттілігі тұрды. Қазақстан Республикасы кедендік шекарасының барлық периметрі бойынша кедендік және шекаралық нысандылықты орындау үшін бір де бір жайластырылған кедендік өткел болған жоқ. Сынама және жеке қателік жолымен «жорықта» кеден ісін басынан бастап меңгеруге мәжбүр болған әр саланың мамандары кеден қызметіне келіп жатты.

Ел экономикасы қиын жағдайда тұрды, қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгерістерімен қатар елдің мемлекеттік басқару жүйесіндегі кеден қызметінің орны мен рөлін айқындауға тура келді.

Егемендік алған сәттен бастап кеден қызметінің дамуын шартты түрде мынадай кезендерге бөлуге болады.

1991 жылдан 1995 жылға дейінгі бастапқы кезең де кеден қызметінің проблемаларын елеулі шиеленістірген қажетті заңнамалық базаның, дайындалған кадр құрамының, қаржыландырудың болмауы жағдайында жүзеге асырылды. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлығы (1995 жылғы маусым) қабылданғанға дейін республиканың кеден ісі көп жағдайда бір-біріне қарама-қарсы болатын 200-ден астам әртүрлі құжаттармен реттелді. Оның ішінде, кеден органдарында кадр және тәрбиелеу жұмыстарының көптеген мәселелері реттелмеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеден қызметі туралы» ҚР Министрлер кабинетінің 1992 жылғы 19 ақпандағы №127 қаулысы Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметін регламенттейтін алғашқы нормативтік актілердің бірі болып табылды. Кеден қызметі бірінші

басшысының мәртебесі айқындалған, лауазымдық жалақылар мен дербес атақтары үшін үстемақы мөлшері бекітілген. Сондай-ақ, аталған қаулымен Қазақстан Республикасының Кеден кодексі қабылданғанға дейін Бас кедендік басқарма кедендік табыстардың 10 пайызға дейінгі көлемін материалдықкөтермелеулер мен әлеуметтік-мәдени іс-шаралар құруға қолдана алатынын белгілеген.

Кеден органдары қалыптасуының бастапқы кезеңінде басшылық қызметтік қамтамасыз ету мәселесімен қоса, кадрларды тәрбиелеуге аса көңіл бөлді. Осындай алғашқы құралдардың бірі ҚР Қаржы министрі Е.Ж. Дербісов 1993 жылғы 26 шілдедегі бекіткен «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кедендік бақылау қызметкерлерінің тәртібі туралы жарғы» болып табылады. Егемен еліміздің басқа мемлекеттік органдары арасында бұл Жарғы алғашқылар қатарында танылды. Бұл, ел басшылығының кеден органына, оның жеке құрамына ынталы көңіл бөлгендігімен түсіндірілді.

Кеден қызметінің одан әрі даму кезеңі«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 маусымдағы№2368 Заң күші бар жарлығының қабылдануы болып табылды. Оның негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі қаулысымен Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды тұлғаларының қызмет өткеруі туралы ереже және Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды тұлғалары Антының мәтіні бекітілді. Аталған Ережені қабылдаумен қызмет өткеру, дербес атақтарды беру тәртібі, кандидаттарға қойылатын қатаңшарттар белгіленді, қызметтік тәртіпті сақтауға талаптаркөтерілуі регламенттенді.

1995 – 1998 жыл кезеңінде кеден органдарында кадрлармен жұмыстың болашақтағы саясатын айқындайтын кадрлық-тәрбиелеу жұмыстарының басты бағыттары бойынша бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Ең алдымен, негіз ретінде құқық қорғау органдарында қолданылатын кадр жұмысының жүйесі қабылданды, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардың оң тәжірибесі алынды.

Сыбайлас жемқорлық көріністерді заңды түрде шектеуге, кеден органдары лауазымды тұлғаларының арасында қызметтік тәртіпті күшейтуге мүмкіндік берген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Заңы Кеден органдарының одан әрі сапалы дамуына әсер етті.

Кәсіби және тиімді кеден қызметінің жүйесі мен бірыңғай кадр саясатын қалыптастырған өзекті қажеттіліктерге жауап беретін жаңа көзқарастарды айқындаған1999 жылғы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Кеден үшін елеулі рөл атқарған келесі кезеңі болды.

2000 – 2002 жыл кезеңі кеден органдарын реформалаумен ерекшеленді, ол «Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалау бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қарашадағы № 1746 қаулысымен бекітілді. Осы бағдарламаның басты мақсаттарының қатарында кеден органдары қызметінің материалды-техникалық базасын

нығайту, заңнамалық және құқықтық базасын жетілдіруден басқа, аталған бағдарламаның басты мақсаттарының бірі кадр саясатын одан әрі жетілдіру, құрылымы мен штат санын оңтайландыру болды. Реформалау нәтижесінде кеден органдары басшылық құрамының лауазымдарына орналасудың конкурстық жүйесінің механизмі әзірленді және енгізілді. Кеден органының қолданыстағы құрылымына талдау жүргізілді, қайталау функциялары алып тасталды, басқару деңгейлері арасындағы өкілдіктерді бөлу жүзеге асырылды.

Кеден қызметінің қазіргі заманғы даму кезеңі «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыруға бағытталған. Кеден органдарының кәсіби өзегін қалыптастыруға және сақтауға, кәсіби даярлығы мен біліктілігін одан әрі көтеруге, кадрларды сапалы іріктеуге және орналастыруға, кеден органдары жүйесінде қызметтік тәтіпті және сыбайлас жемқорлық көріністерге қарсы күресті нығайтуға бағытталған кадр мәселелері жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Лауазымды тұлғаларға талаптар жыл сайын артуда. Кадрларды сапалы жинақтау бойынша жүзеге асырылған шаралардың нәтижесінде кадр құрамының білім деңгейі артты. Бүгінде, жоғарғы білімді қызметкерлер саны 90%-ға жуықты құрайды.

Мемлекет басшысы мемлекеттік қызметкерлерді үнемі оқыту және біліктілігін арттыру туралы қойған талаптарын орындау барысында Республикамыздың Үкіметі Астана және Атырау қалаларында Оқу-әдістемелік орталықтарын құрды. Оқу семинарлары мен біліктілікті арттыру курстары шеңберінде лауазымды тұлғаларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін қажетті әдістемелік және оқу базалары ұйымдастырылды.

Астана қаласындағы Оқу-әдістемелік орталығына Дүниежүзілік кеден ұйымының өңірлік орталығы мәртебесі берілді.

Оқу-әдістемелік орталықтарының барлық жұмыс істеу уақытында олардың базаларында кеден органдарының бес мыңнан астам лауазымды тұлғалары біліктілігін арттыру және алғашқы даярлау курстарынан өтті.

Алғашқы нәтижесі 2011 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикалары арасында кедендік бақылауды алып тастау болған Республикамыздың кеден одағына кіруі Кеден қызметін дамытудың жаңа белесі болды. Осыған байланысты, 2011 жылғы шілдеде кеден шекарасы қазақстан-ресей учаскесінде кеден одағының сыртқы периметріне көшірілген 580 штат бірлігін босатуды құраған 32 кеден бекеті таратылды.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін оңтайлы жағдайлар жасалды, кеден одағы шекарасының сыртқы периметріне өткізу мүмкіндіктері артты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту мақсатында, барынша бейімсыбайлас жемқорлық көріністерге негізгі сегменттері белгіленген Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы сыбайлас жемқорлықты төмендету жөніндегі 2010-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске

асыру барысында ҚР ҚМ КБК-нің 2010 жылғы 24 қыркүйекте № 301 бұйрығы бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 308 қаулысымен бекітілген 2011 – 2015 жылдарға Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша салалық Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында Комитет төрағасының 2011 жылғы № 407 бұйрығымен жоғарыда аталған Жоспар мен Бағдарламаны орындау жөніндегі Комитеттің іс-шаралар жоспары бекітілді. Қызметтік-әскери тәртіп күшейтілді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыстар үшін тәртіптік тәжірибе жөніндегі жеке құрам бойынша барлық бұйрықтар кеден органының жедел отырысында қаралады және лауазымды тұлғаның қол қоюымен әр қашық бекеттерге жеткізіледі.

Кеден органдарының басшылығы қызметкерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізуде. Мысалы, Қазақстан Республикасының Үкіметі кеден органдары құрылуының 20 жылдығы күніне лауазымды тұлғалардың жалақысын көтерді, қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері жоспарлы негізде шешілуде.

Бүгін, Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы кеден органдарының лауазымды тұлғаларына ең басты – өздерінің қызметтік міндеттерін мінсіз және жоғарғы кәсіби деңгейде орындау, азаматтардың құқығын қадағалау, мемлекеттің беделді өкілі болу міндетін қойды.

Егемен еліміздің өткен жиырма бес жылына қарасақ, тарихи жағынан осындай қысқа мерзімде Қазақстанның кеден органдары өзінің қалыптасуында дамыған, озатты елдердің деңгейімен қатар үлкен қадам жасады. Нағыз қазақстандық кеден қазіргі заманғы техникалық құралдармен жабдықталған, ең жаңа кеден технологиясын игерген кеденді білдіреді.

Кеденшілер ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың тарапынан қолдау мен түсіністікті жыл сайын сезініп, өзінің жауапкершілігімен және сенімділігімен біздің республикамыздың экономикалық қауіпсіздігін қорғауға дайын.

Кеден ісі саласындағы маңызды үрдістердің бірі ретінде-Кеден Одағын құруды атап өтуге болады.

Кедендік одақты құру процесінің маңыздылығы – осы одаққа мүше мемлекеттердің экономикасына инвестициялар тартуға жағымды жағдай жасау, мемлекеттердің экономикалық жағдайын ескере отырып, бірлескен кәсіпорындар құру болып табылатындығында. Инвесторлар біздің рынокқа келу–келмеу туралы шешім қабылдау кезінде, тек жекелеген Қазақстан рыногын ғана емес, осы жалпы Кедендік одаққа кіретін мемлекеттер мүдделерін де ескеретін болады.

Қазақстандық тауар өндірушілер үшін еркін сауда аймағы келісіміне сәйкес кедендік баждар алынбайтын ТМД (62% жуығы), соның ішінде Ресей және Беларусь елдерінен әкелінетін тауарлар негізгі бәсекелес болып табылады. Мысалы, Қазақстанға әкелінетін барлық импорт көлемінің ішінде 90%–ға жуығы Украина (71,7%) және Ресейден (16,5%) бажсыз әкелінетін кондитер өнімдері, сүт өнімдерінің 92%–дан көбі ТМД елдерінен, соның ішінде Ресейден

– 45%, Қырғызстаннан – 25% импортталады, ұқсас жағдай шырын нарығында да кездеседі (75,9% – ТМД елдерінен, соның ішінде Ресейден – 25%, Тәжікстаннан – 22,4%), алкогольсіз сусындар (ТМД – 99,8%, Ресей – 99,6%), сыра (ТМД – 98,1%, Ресей – 98%) және басқалары. Осыған орай баждың өсуі азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне әсер етпейді, себебі олар негізінен Қазақстан аймағында өндіріледі немесе импорттық баж қолданылмайтын ТМД елдерінен әкелінеді.

Сөйтіп, бұл норма қазақстандық кәсіпорындарға жаңарту және жабдықтау үшін жаңа технологиялық құрал-жабдықтарды, олардың қосалқы бөлшектерін, сондай-ақ өнім өндіру үшін қажетті шикізаттарды баж төлемей әкелуге мүмкіндік туғызады. Жеңілдік Кедендік одаққа мүше елде өндірілмеген шикізатқа немесе Кедендік одаққа мүше елде өндірілген, бірақ жүзеге асырылатын инвестициялық жобаның техникалық сипаттамасына сәйкес келмейтін шикізатқа қатысты қолданылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық одақ мәселелері жөніндегі халықаралық конференцияда Кеден одағының тиімділігін атап көрсетті. Ресей мен Беларусьқа статистикалық баға бойынша экспорт – 27 пайызға, ал жеке көлемде 46 пайызға артты. Кеден одағы елдеріне негізгі экспорт тауарлары түрлі түсті металл қалдықтары мен сынықтары (28 пайыздан көп), астық (20 пайыз), электр өткізбейтін материалдар (8 пайыз) және т.б. болып табылады. Кеден одағы елдерінен негізінен мұнай өнімдері (24 пайыздан көп), әртүрлі машиналар, қондырғылар мен олардың қосалқы бөлшектері әкелінді. Импорт статистикалық баға және жеке көлем бойынша 48 пайызға ұлғайды. Бұл статистикалық деректер облыс кәсіпорындарының сыртқы экономикалық қызметке белсене қатысып жүргенін айғақтайды. 2011 жылдың алғашқы жартыжылдығында үш елдің жалпы тауар айналымы үштен бірге өсті. Алдын ала есеп бойынша жыл қорытындысында ол 100 миллиард АҚШ доллары деңгейіне жетпек, бұл 2010 жылғы көрсеткіштен 13 пайыз артық. Қазақстан мен Ресейдің көршілес өңірлеріндегі сауда көлемі осы уақытта 40 пайыздан астам артқан.

Қандай да болмасын бір жаңалықты, оның ішінде Кедендік одақ сияқты ауқымды жаңалықты енгізу тез және қиындықсыз өтпейтіндігі бәріне аян. Соған қарамастан, қазіргі күнде белгілі бір дәрежеде нәтижелерге де жетіп отырмыз. Атап айтқанда, Кедендік одақ қызметінде елеулі оң нәтиже тауар айналымын ұлғайту және осы елдер арасында интеграциялық үрдісті күшейту болып табылады.

Қазірдің өзінде Кеден одағының тиімділігі еліміздің көптеген бизнес қауымдастықтарының өкілдері тарапынан оң баға алып отыр. Халықаралық транзит көлемі өсуі, шекара маңындағы сауданың көбеюі, кәсіпорындар өздерінің кооперациялық байланыстарын кеңейтуі, жалпы алғанда, бизнестің өзара саудадағы шығындарын қысқартуға ықпал етіп отыр.

Кеден одағы қызметінің жағымды тұстарының бірі – республикалық бюджетке өндірілетін кедендік салықтар мен төлемдердің артуы болып отыр. Былтырғы жылғы 9 айда мемлекет қазынасына ел кеденшілері 840 млрд. 918

млн. теңге түсірді, ол өткен жылмен салыстырғанда 354 млрд. теңгеге артық. Өндірілген кедендік төлемдер мен салықтар әр кеденшіге шаққанда 195,5 млн. теңге құрайды. Өткен жылы бұл көрсеткіш кеден органдарының әр қызметкеріне шаққанда 81, 5 млн. теңге болды. Ол республикалық бюджеттің 37,4% құрайды. Жыл қорытындысында бюджетке триллион теңгеден астам қаржы өндіру көзделуде. 2011 жылғы 9 айдың нәтижесінде Пост–кедендік бақылау басқармасы ел қазынасына қосымша 20,4 млрд. теңге өндірді.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың ықпалдастық орталығы болып табылатын Қазақстан, Ресей және Беларусь болашағы зор Кеден одағының аясында табысты жұмыс істеуде. Бүгіндері Кеден одағына кіретін серіктестер өзара іс–әрекет етудің жаңа заңдарды қолдануға, үш елдің ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз етуге, кедендік салым бойынша міндеттерді атқаруға байланысты маңызды сәттерді реттеу сияқты өзекті мәселелерді шешу үстінде.

Үш елдің кеденшілері экономикалық кеңістікті ықпалдастыру жөніндегі жұмысты бірінші болып бастағаны белгілі. Әрине, жаңа істі бастаудың қиыншылығы аз болған жоқ. Еуропалық елдердің ондаған жылдар бойы жүріп өткен жолын біз барынша қысқа мерзімде еңсердік десек те болады. Осындай тиімді ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде бір жылға жетер–жетпес уақытта толыққанды экономикалық одақ іс–әрекет ете бастады. Тәжірибелі сарапшылардың атап көрсеткеніндей, Кеден одағының қызметін реттейтін құжаттар Киот конвенциясы мен осындай басқа да құжаттарға қойылатын талаптарды есепке ала отырып жасалғандықтан, заман талабына сай озық болып табылады.

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағы ұғымы енгізілді, онда өзара сауда кезінде кедендік “тазалау” және тауарларды кедендік бақылау алынып тасталды. Осы уақыт ішінде сонымен қатар транзиттің бірыңғай шарты жасалды, кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты бірыңғай талап орнатылды. Арнаулы жеңілдіктерге және өкілеттік ететін тұлғаның мүддесіне белгілі кеден операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті экономикалық операторлар, кедендік өкілдер институты енгізілді.

Кеден одағы құрылғаннан бері бірыңғай кеден аумағынан тысқары елдермен сауда жасауда келісілген тарифтерді қолдану үшін он бір мыңнан астам тауарлық позиция жасалды. Кеден одағын құрудың экономикалық тиімділігін бүгіндері оған мүше елдер сезінуде.

Кеден одағы қазақстандық тауар өндірушілерінің өткізу рыногының шекарасын Батыстағы Брестен Шығыстағы Владивостокқа дейін кеңейтті. Ресей мен Беларусьқа статистикалық баға бойынша экспорт – 27 пайызға, ал жеке көлемде 46 пайызға артты. Кеден одағы елдеріне негізгі экспорт тауарлары түрлі түсті металл қалдықтары мен сынықтары (28 пайыздан көп), астық (20 пайыз), электр өткізбейтін материалдар (8 пайыз) және т.б. болып табылады. Кеден одағы елдерінен негізінен мұнай өнімдері (24 пайыздан көп), әртүрлі машиналар, қондырғылар мен олардың қосалқы бөлшектері әкелінді. Импорт статистикалық баға және жеке көлем бойынша 48 пайызға ұлғайды. Бұл статистикалық деректер облыс кәсіпорындарының сыртқы экономикалық

қызметке белсене қатысып жүргенін айғақтайды.

Кеден одағы нормативтік база мен заңдарды ғана жаңартып қойған жоқ, ол басқа да көптеген өзгерістер әкелді. Кедендік ресімдеу барысында қажет міндетті құжаттар тізімінен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылық карточкасы алынып тасталды. Алыс шетелдерден әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуге қажетті құжаттар саны үшке дейін қысқартылды. Кедендік ресімдеу тіркелген соң бір күнде, ал кейбір түрлері бойынша тауарлар кеден органынан төрт сағатта меншік иесіне беріледі. Тауарларды уақытша сақтауға алынғанын растайтын құжат ретінде қысқа декларацияның орнына көліктік, коммерциялық құжаттар немесе транзиттік декларация алынатын болды. Бұл кедендік ресімдеуді жеңілдетуге мүмкіндік берді. Кедендік реттеуді жетілдіру, кедендік әкімшілендірудің тиімді әдісін енгізу мақсатында жергілікті жерлерде кеден ісін үйлестіру мәселесі жөніндегі консультативтік кеңестер жұмыс істеуде.

Қазақстанның кеден органдары қалыптасу кезеңін аяқтады. Енді олар кеден қызметінің дамуының осы заманғы деңгейіне сәйкес жаһандық проблемаларды шешуі тиіс. Әлемдік экономиканың ықпалдасуы және жаһандануы кедендік әкімшілендіру жүйесіне де өзгерістер әкелді. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстан, Ресей және Беларусь арасындағы тауар айналымын көбейтуге, еркін тауар айналымын қамтамасыз етуге, сондай-ақ үшінші елдермен кеден одағына мүше мемлекеттерінің саудасына қолайлы жағдай жасауға бағытталған Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы үш мемлекетінің құрамындағы кеден одағы жұмыс жасай бастады.

Кедендік одақ шеңберінде Ресей Федерациясынан және Беларусь Республикасынан қазақстандық салық төлеушілермен тауар әкелу кезінде кедендік ресімдеулер болмайды, әртүрлі алымдар алынбайды (қазір кедендік жүк декларациясының негізгі бетінің "бағасы" – 50 евро және оған қосымша әр беттің бағасы – 20 евро). Сарапшылардың бағалауынша, Кеден одағы үш елге 2015 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің 15 пайыздан астам өсіміне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Кеден одағынан келетін жалпы әсер Ресей үшін 400 млрд. доллар, Беларусь пен Қазақстан үшін 16 млрд. доллар немесе ішкі жалпы өнімдерінің 14 пайызы Кедендік одақтың құрылуына халықаралық сарапшылар да елеулі көңіл бөліп отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы аймағына импортталатын тауарлар еркін айналымға шығару құқығы жанама салықтарды төлегеннен кейін ғана шығарылса, ал 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап, импорттаушы салық төлеуші Қазақстан аймағына тауарларды еркін әкеле және өткізе алады.

Қазіргі уақытта келесідей ұйымдастыру іс – шаралары жүргізілуде, яғни: салық заңнамасын, кеден одағының шеңберінде келісілген халықаралық шарттарға сай келтіру үшін, жұмыс тобы жұмыс жүргізуде. Ұлттық экономиканың даму көрсеткішін арттыруды және дүниежүзілік бәсекеге төтеп беруді мақсат ететін Кеден одақтың қалыптасып, нәтижелі жұмыс жүргізу деңгейіне жеткенше мемлекеттік органдар мен бизнес қауымдастық арасында

талқыланып шешілуі тиіс мәселелер туындауда.

Ең маңыздысы, Кедендік одақтың құрылуы Қазақстанның беделді халықаралық ұйым Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕКБҰ) төрағалығы қарсаңында жүзеге асырылып отыр. Еліміз осынау ұйым тізгінін қолға алған сәтте халықаралық ықпалдастықтың өзекті мәселелерімен қатар Орта Азия аумағы елдерінің мүдделерін де қозғайтыны анық. Сонда жаңа Одақтың өрісі де толымды жаңа қадамдармен еңселене түсері сөзсіз. Қорыта айтқанда, Қазақстанның Кеден одағына енуіндегі ең басты мақсат – тауар өткізу рыногын кеңейту, ал мұның өзі, ең алдымен бизнеске қатысты. Сонымен, отандық кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктердің пайда болуы, жаңа рыноктарға шығу және бәсекелестік артықшылықтарды дамыту бағытындағы жобаларды жалғастыру болып табылады.

Қазақстан әлемдегі бәсекелестікке қабілеттілігі тізімінде алғашқы елуліктің қатарына ену жолында үлкен жұмыстарды атқарып, берері мол жобаларды жүзеге асыруда. Соның көріністерінің бірі – 2010 жылы дүниеге келіп, 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап толыққанды іске кіріскен үш ел: Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттері арасындағы Кедендік Одақ. Бізде «Мемлекет шекарадан басталса, шекара кеденнен басталады» деген өмірден алынған тамаша бір ұғым бар. Бәсекеге қабілеттілікке экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмай отырып қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан мемлекеттік шекарадан бастап, еліміздің барлық аумағындағы тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылауды жүзеге асыратын кедендік бақылау қызметінің маңызы әрқашан зор, әрі мәртебелі болып келген және алда да солай бола бермек.

Кедендік одақ комиссиясы кедендік одақтың реттеуші органы болып табылады. Оның құрамына: Қазақстан Республикасының атынан – ҚР бірінші вице-премьері Ө. Шөкеев, Ресей Федерациясының атынан – РФ Төрағасының бірінші орынбасары И. Шувалов, Беларусь Республикасының атынан – БР Үкіметі Төрағасының орынбасары А.В. Кобяков – үш мемлекеттің Үкімет басшыларының орынбасарлары кірген.

Кедендік одақ комиссиясының шешімі Қазақстан – 21,5, Беларусь – 21,5, Ресей – 57 дауысқа ие көпшілік дауыспен, яғни дауыстың үштен екісімен қабылданатын болады. Егер жақтардың бірі Кедендік одақ комиссиясының қабылдаған шешімімен келіспеген немесе қажетті дауыс саны жиналмаған жағдайда, мәселе консенсус шешімін қабылдайтын мемлекет басшылары деңгейіндегі Кедендік одақтың жоғарғы органына қарауға беріледі.

Кедендік одақты құру процесінің маңыздылығы – осы одаққа мүше мемлекеттердің экономикасына инвестициялар тартуға жағымды жағдай жасау, мемлекеттердің экономикалық жағдайын ескере отырып, бірлескен кәсіпорындар құру болып табылатындығында. Инвесторлар біздің рынокқа келу-келмеу туралы шешім қабылдау кезінде, тек жекелеген Қазақстан рыногын ғана емес, осы жалпы Кедендік одаққа кіретін мемлекеттер мүдделерін де ескеретін болады.

Қазақстандық тауар өндірушілер үшін еркін сауда аймағы келісіміне

сәйкес кедендік баждар алынбайтын ТМД (62% жуығы), соның ішінде Ресей және Беларусь елдерінен әкелінетін тауарлар негізгі бәсекелес болып табылады. Мысалы, Қазақстанға әкелінетін барлық импорт көлемінің ішінде 90%-ға жуығы Украина (71,7%) және Ресейден (16,5%) бажсыз әкелінетін кондитер өнімдері, сүт өнімдерінің 92%-дан көбі ТМД елдерінен, соның ішінде Ресейден – 45%, Қырғызстаннан – 25% импортталады, ұқсас жағдай шырын нарығында да кездеседі (75,9% – ТМД елдерінен, соның ішінде Ресейден – 25%, Тәжікстаннан – 22,4%), алкогольсіз сусындар (ТМД – 99,8%, Ресей – 99,6%), сыра (ТМД – 98,1%, Ресей – 98%) және басқалары. Осыған орай баждың өсуі азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне әсер етпейді, себебі олар негізінен Қазақстан аймағында өндіріледі немесе импорттық баж қолданылмайтын ТМД елдерінен әкелінеді.

Сөйтіп, бұл норма қазақстандық кәсіпорындарға жаңарту және жабдықтау үшін жаңа технологиялық құрал-жабдықтарды, олардың қосалқы бөлшектерін, сондай-ақ өнім өндіру үшін қажетті шикізаттарды баж төлемей әкелуге мүмкіндік туғызады. Жеңілдік Кедендік одаққа мүше елде өндірілмеген шикізатқа немесе Кедендік одаққа мүше елде өндірілген, бірақ жүзеге асырылатын инвестициялық жобаның техникалық сипаттамасына сәйкес келмейтін шикізатқа қатысты қолданылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық одақ мәселелері жөніндегі халықаралық конференцияда Кеден одағының тиімділігін атап көрсетті. Ресей мен Беларусьқа статистикалық баға бойынша экспорт – 27 пайызға, ал жеке көлемде 46 пайызға артты. Кеден одағы елдеріне негізгі экспорт тауарлары түрлі түсті металл қалдықтары мен сынықтары (28 пайыздан көп), астық (20 пайыз), электр өткізбейтін материалдар (8 пайыз) және т.б. болып табылады. Кеден одағы елдерінен негізінен мұнай өнімдері (24 пайыздан көп), әртүрлі машиналар, қондырғылар мен олардың қосалқы бөлшектері әкелінді. Импорт статистикалық баға және жеке көлем бойынша 48 пайызға ұлғайды. Бұл статистикалық деректер облыс кәсіпорындарының сыртқы экономикалық қызметке белсене қатысып жүргенін айғақтайды. 2011 жылдың алғашқы жартыжылдығында үш елдің жалпы тауар айналымы үштен бірге өсті. Алдын ала есеп бойынша жыл қорытындысында ол 100 миллиард АҚШ доллары деңгейіне жетпек, бұл 2010 жылғы көрсеткіштен 13 пайыз артық. Қазақстан мен Ресейдің көршілес өңірлеріндегі сауда көлемі осы уақытта 40 пайыздан астам артқан.

Қандай да болмасын бір жаңалықты, оның ішінде Кедендік одақ сияқты ауқымды жаңалықты енгізу тез және қиындықсыз өтпейтіндігі бәріне аян. Соған қарамастан, қазіргі күнде белгілі бір дәрежеде нәтижелерге де жетіп отырмыз. Атап айтқанда, Кедендік одақ қызметінде елеулі оң нәтиже тауар айналымын ұлғайту және осы елдер арасында интеграциялық үрдісті күшейту болып табылады.

Қазірдің өзінде Кеден одағының тиімділігі еліміздің көптеген бизнес қауымдастықтарының өкілдері тарапынан оң баға алып отыр. Халықаралық транзит көлемі өсуі, шекара маңындағы сауданың көбеюі, кәсіпорындар

өздерінің кооперациялық байланыстарын кеңейтуі, жалпы алғанда, бизнестің өзара саудадағы шығындарын қысқартуға ықпал етіп отыр.

Кеден одағы қызметінің жағымды тұстарының бірі – республикалық бюджетке өндірілетін кедендік салықтар мен төлемдердің артуы болып отыр. Былтырғы жылғы 9 айда мемлекет қазынасына ел кеденшілері 840 млрд. 918 млн. теңге түсірді, ол өткен жылмен салыстырғанда 354 млрд. теңгеге артық. Өндірілген кедендік төлемдер мен салықтар әр кеденшіге шаққанда 195,5 млн. теңге құрайды. Өткен жылы бұл көрсеткіш кеден органдарының әр қызметкеріне шаққанда 81, 5 млн. теңге болды. Ол республикалық бюджеттің 37,4% құрайды. Жыл қорытындысында бюджетке триллион теңгеден астам қаржы өндіру көзделуде. 2011 жылғы 9 айдың нәтижесінде Пост–кедендік бақылау басқармасы ел қазынасына қосымша 20,4 млрд. теңге өндірді.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың ықпалдастық орталығы болып табылатын Қазақстан, Ресей және Беларусь болашағы зор Кеден одағының аясында табысты жұмыс істеуде. Бүгіндері Кеден одағына кіретін серіктестер өзара іс–әрекет етудің жаңа заңдарды қолдануға, үш елдің ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз етуге, кедендік салым бойынша міндеттерді атқаруға байланысты маңызды сәттерді реттеу сияқты өзекті мәселелерді шешу үстінде.

Үш елдің кеденшілері экономикалық кеңістікті ықпалдастыру жөніндегі жұмысты бірінші болып бастағаны белгілі. Әрине, жаңа істі бастаудың қиыншылығы аз болған жоқ. Еуропалық елдердің ондаған жылдар бойы жүріп өткен жолын біз барынша қысқа мерзімде еңсердік десек те болады. Осындай тиімді ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде бір жылға жетер–жетпес уақытта толыққанды экономикалық одақ іс–әрекет ете бастады. Тәжірибелі сарапшылардың атап көрсеткеніндей, Кеден одағының қызметін реттейтін құжаттар Киот конвенциясы мен осындай басқа да құжаттарға қойылатын талаптарды есепке ала отырып жасалғандықтан, заман талабына сай озық болып табылады.

Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағы ұғымы енгізілді, онда өзара сауда кезінде кедендік “тазалау” және тауарларды кедендік бақылау алынып тасталды. Осы уақыт ішінде сонымен қатар транзиттің бірыңғай шарты жасалды, кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты бірыңғай талап орнатылды. Арнаулы жеңілдіктерге және өкілеттік ететін тұлғаның мүддесіне белгілі кеден операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар уәкілетті экономикалық операторлар, кедендік өкілдер институты енгізілді.

Кеден одағы құрылғаннан бері бірыңғай кеден аумағынан тысқары елдермен сауда жасауда келісілген тарифтерді қолдану үшін он бір мыңнан астам тауарлық позиция жасалды. Кеден одағын құрудың экономикалық тиімділігін бүгіндері оған мүше елдер сезінуде.

Кеден одағы қазақстандық тауар өндірушілерінің өткізу рыногының шекарасын Батыстағы Брестен Шығыстағы Владивостокқа дейін кеңейтті. Ресей мен Беларусьқа статистикалық баға бойынша экспорт – 27 пайызға, ал жеке көлемде 46 пайызға артты. Кеден одағы елдеріне негізгі экспорт тауарлары түрлі түсті металл қалдықтары мен сынықтары (28 пайыздан көп),

астық (20 пайыз), электр өткізбейтін материалдар (8 пайыз) және т.б. болып табылады. Кеден одағы елдерінен негізінен мұнай өнімдері (24 пайыздан көп), әртүрлі машиналар, қондырғылар мен олардың қосалқы бөлшектері әкелінді. Импорт статистикалық баға және жеке көлем бойынша 48 пайызға ұлғайды. Бұл статистикалық деректер облыс кәсіпорындарының сыртқы экономикалық қызметке белсене қатысып жүргенін айғақтайды.

Кеден одағы нормативтік база мен заңдарды ғана жаңартып қойған жоқ, ол басқа да көптеген өзгерістер әкелді. Кедендік ресімдеу барысында қажет міндетті құжаттар тізімінен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылық карточкасы алынып тасталды. Алыс шетелдерден әкелінген тауарларды кедендік ресімдеуге қажетті құжаттар саны үшке дейін қысқартылды. Кедендік ресімдеу тіркелген соң бір күнде, ал кейбір түрлері бойынша тауарлар кеден органынан төрт сағатта меншік иесіне беріледі. Тауарларды уақытша сақтауға алынғанын растайтын құжат ретінде қысқа декларацияның орнына көліктік, коммерциялық құжаттар немесе транзиттік декларация алынатын болды. Бұл кедендік ресімдеуді жеңілдетуге мүмкіндік берді. Кедендік реттеуді жетілдіру, кедендік әкімшілдендірудің тиімді әдісін енгізу мақсатында жергілікті жерлерде кеден ісін үйлестіру мәселесі жөніндегі консультативтік кеңестер жұмыс істеуде.

Қазақстанның кеден органдары қалыптасу кезеңін аяқтады. Енді олар кеден қызметінің дамуының осы заманғы деңгейіне сәйкес жаһандық проблемаларды шешуі тиіс. Әлемдік экономиканың ықпалдасуы және жаһандануы кедендік әкімшілдендіру жүйесіне де өзгерістер әкелді. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстан, Ресей және Беларусь арасындағы тауар айналымын көбейтуге, еркін тауар айналымын қамтамасыз етуге, сондай-ақ үшінші елдермен кеден одағына мүше мемлекеттерінің саудасына қолайлы жағдай жасауға бағытталған Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасы үш мемлекетінің құрамындағы кеден одағы жұмыс жасай бастады.

Кедендік одақ шеңберінде Ресей Федерациясынан және Беларусь Республикасынан қазақстандық салық төлеушілермен тауар әкелу кезінде кедендік ресімдеулер болмайды, әртүрлі алымдар алынбайды (қазір кедендік жүк декларациясының негізгі бетінің "бағасы" – 50 евро және оған қосымша әр беттің бағасы – 20 евро). Сарапшылардың бағалауынша, Кеден одағы үш елге 2015 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің 15 пайыздан астам өсіміне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кеден одағынан келетін жалпы әсер Ресей үшін 400 млрд. доллар, Беларусь пен Қазақстан үшін 16 млрд. доллар немесе ішкі жалпы өнімдерінің 14 пайызы Кедендік одақтың құрылуына халықаралық сарапшылар да елеулі көңіл бөліп отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы аймағына импортталатын тауарлар еркін айналымға шығару құқығы жанама салықтарды төлегеннен кейін ғана шығарылса, ал 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап, импорттаушы салық төлеуші Қазақстан аймағына тауарларды еркін әкеле және өткізе алған болатын.

Қазіргі уақытта келесідей ұйымдастыру іс – шаралары жүргізілуде, яғни: салық заңнамасын, кеден одағының шеңберінде келісілген халықаралық шарттарға сай келтіру үшін, жұмыс тобы жұмыс жүргізуде. Ұлттық экономиканың даму көрсеткішін арттыруды және дүниежүзілік бәсекеге төтеп беруді мақсат ететін Кеден одақтың қалыптасып, нәтижелі жұмыс жүргізу деңгейіне жеткенше мемлекеттік органдар мен бизнес қауымдастық арасында талқыланып шешілуі тиіс мәселелер туындауда.

Ең маңыздысы, Кедендік одақтың құрылуы Қазақстанның беделді халықаралық ұйым Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалығы қарсаңында жүзеге асырылып отыр. Еліміз осынау ұйым тізгінін қолға алған сәтте халықаралық ықпалдастықтың өзекті мәселелерімен қатар Орта Азия аумағы елдерінің мүдделерін де қозғайтыны анық. Сонда жаңа Одақтың өрісі де толымды жаңа қадамдармен еңселене түсері сөзсіз. Қорыта айтқанда, Қазақстанның Кеден одағына енуіндегі ең басты мақсат – тауар өткізу рыногын кеңейту, ал мұның өзі, ең алдымен бизнеске қатысты. Сонымен, отандық кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктердің пайда болуы, жаңа рыноктарға шығу және бәсекелестік артықшылықтарды дамыту бағытындағы жобаларды жалғастыру болып табылады.

9.2 Қазақстан Республикасы кеден қызметін реттейтін заңнаманың даму тарихы

ТМД мемлекеттерінің кеден заңдарының негіздерінде кеден ісін құқықтық экономикалық және ұйымдастырушылық реттеу принциптері анықталған. Сонымен қатар, негіздерде қайшы келмейтін нормалар енгізуге рұқсат етілген. Бұнда кеден саясатының мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі екендігі баса айтылады. Қазақстанның кеден саясаты қазақстандық нарықты, отандық тұтынушылар мен өндірушілерді қорғауға, экономика, экспорт және импорттың орнын басатын өндірісті дамытуға, шетел инвестиция- сын тартуға, сауда саясаты мәселелерін шешуге және т.б. ықпал етуге тиіс. Бұл міндеттер Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін, оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Кеден саясаты кеден ісімен қатар кеден құқығының пәнін құрайды. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретін- де оның экономикалық сипаттағы өзіндік заңды түрде анықталған мақсаты бар. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша, шетел инвестор-ларын тарту, экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруға ықпал ету, монополияға қарсы күресті және бәсекелестікті қолдау кеден саласы мақсатына енбейді. Сондықтан, кеден ісінің мүмкіндігіне орай кеден саясатының нақты мақсатын айқындау керек. Үкіметтік деңгейде, тіпті жалпы мемлекеттік бағдарлама контек- стінде кеден саясаты әлі күнге талқыланған емес. Үкімет ұсынған 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Кеден саясатының даму бағдарламасы да біраз кешігуде. Кеден саясатының мақсаты мен міндеттерін орындаудың жетістігі кеден реттеуі әкімшіліктендіру механизмі арқылы жүзеге асуы тиіс. Қазақстанның сыртқы

экономикалық байланыстарын кеңейту, оны реттеудің тәсілдерін өзгертуді талап етеді. Кеден саясатын рет- теу, экономикалық әдістер, оның ішінде, кеден бажы, салық және алымдар арқылы жүзеге асырыла бастады. Ал реттеудің әкімшілік тәсілінің маңызы шұғыл төмендегенімен, олар сыртқы экономикалық қызметтің белгілі салаларында сақталып, экономикалық реттеуге қосымша қолданыс ретінде пайдаланады. Қазақстанның ұлттық капиталы импорт тауарларына кеден салығын салудың механизмі арқылы мемлекеттік қолдауға әзірше зәру отандық өндіріске арналған мемлекеттік жағдайларды жасауда пайда болуы мүмкін. Алайда, Үкіметтің импортталатын тауарға баж салығын белгілеуі, олардың жиі өзгеруі, жеңілдіктер енгізуі бұл механизмді іске қосудың жақсы жағына бет бұруына мүмкіндік туғызбайды.

Импортқа кедендік баждың көлемін белгілеуде халықаралық баға мен ұлттық бағаның арасындағы айырмашылық объективті қиындық болып табылады. Кеден бажының деңгейі осы айырмашылық ес- керіле отырып белгіленуі тиіс. Біздің білетініміздей, дамыған мемле- кеттерде ұлттық бағаларға әсер ететін еңбек өндірісінің деңгейінде үлкен айырмашылық болмағандықтан, кеден бажының деңгейі де біршама төмен. Ал дамушы елдерде отандық өндірушілерді қорғауда ұлттық шығын жоғары болғандықтан, импорттық тауарларға едәуір жоғары кеден бажы алынады. Халықаралық еңбек бөлінісінің дамуы қоғамдық еңбек өндірісіндегі ұлттық айырмашылықтардың қысқаруымен қатар жүрді. Бұл құбылыс келешекте көптеген мемлекеттерде импорттық тауарларға баж салығының төмендеуіне алып келді. Жоғарыда аталған процестерді өзі анықтауына мүмкіндік алу үшін, Қазақстан осы елдер қатарына қосылуы қажет. Қазіргі кезеңде Қазақстанда байқалып отырған еңбек өнімділігінің төмендеуі құбылысы белгілі бір уақыт аралығында басқа елдерде де кездесуі мүмкін.

Ал әлемдік баға бұл уақытта тұрақты қалпында қала береді, тіптен төмендеуі де мүмкін. Ол импорттық тауарларға баждың төмендеуінде алғышарттардың жоқ екендігін көрсетеді. Отандық өндірушілерді қорғау үшін, алдымен, ұлттық шығынның қай деңгейі экономикалық тұрғыдан негізделген қаншалықты дәрежеде және отандық өндірушіні шетелдік бәсекелестіктен қорғаудың қажеттігін айқындағанымыз жөн. Бұны, әрине, жеке шығындары орташа ұлттық 18 деңгейден біраз жоғары, техникалық және экономикалық артта қалушылықтың консервациясын білдіретін техникалық жағынан артта қалған кәсіпорындарға қолдануға болмайды. Ұлттық өндірушілердің қайсыбір бөлігі әлемдік нарықта бәсекелестікте төтеп бере алмайтын, әлемдік бәсекеге қабілеттілігі шектеулі тауарларды өндіруге, оларды шетелдік бәсекеден қорғаған жағдайда ішкі нарықта бәсекелес болуға қабілетті.

Қазақстанның дамушы экономикасында, сондай-ақ экспорт маңызды рөлге ие. Экспортқа салынатын кеден бажының экономикалық сипаты да басқаша. Ол тауарлардың шектелген тізбесінен алынып, оның не- гізі ұлттық шығын мен әлемдік бағаның төмен болып алынуы шарт. Экспорт бажы, сондай-ақ ежелгі және өнер туындылары мен ұлттық мұраға жататын мемлекет тарапынан қаржыландырылатын интел- лектуалды туындыларға салынуы тиіс. Экспорт

квотасынан және экспортқа салынатын салықтан бас тартуы мемлекет кеденінің экспорт мәмілесіне немқұрайлы қарауы деп түсінбеуіміз керек. Мемлекет тарапынан экспорт – импорт валюта бақылауының күшеюі мемлекеттің кеден органдарына сыртқы экономикалық операцияларды бақылап отыруына мүмкіндік берді. 1997 жылдың 1 шілдесінен кеден органдары экспорт, импорт бойынша мәміле паспорттарын рәсімдеу процедурасына қатысуда. Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге экономикамыз табысты қызмет етіп, қарқынды даму жағдайларын жаңсауды жатқызуға болады, ол үшін қолайлы жағдайда өндірушілерге өндіріс ресурстарына кеңінен жол ашып өз өнімдерін сыртқы нарыққа шығаруға мүмкіндік беру қажет.

Мұнымен қатар, Қазақстан интеграциясы халықаралық сауданы реттеу механизмінде сыртқы экономикалық байланысқа еркіндік беру сияқты және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы ережелерін, басқа да халықаралық міндеттемелердің орындауын талап етеді. Кеден саясаты және кеден органдарының қызмет ету механизмі осы талаптарға сай келуі тиіс. Бұл реттеудегі тек стратегиялық маңызды шикізат тауарларынан өзге экспорты әкімшілік реттеудің барлық құралдарын өзгертуді талап етеді. Сонымен қатар, сыртқы саудада кеден органдарына реттеуші рөлі жүктелген. Қазақстанның өтпелі кезеңдегі әлсіз тұстары кеңестік 19 кезеңмен мұраға қалған экономикалық құрылымының өзгеруі, экономикалық құрылымның бәсекеге қабілетсіздігі, монополиялық және инфляциялық үрдістердің болуы, ғылыми-техникалық потенциалымыздың әлсіреуі, басқару шешімдерін қабылдағанда лоббизмнің болуы, заңдылығымыздың жалпы жетілмеуі, экономикамызда қылмыстық әрекеттің етек алуы және экономиканы басқару аймағындағы сыбайлас жемқорлықтың етек алуы және т.б. салдарынан болып табылады.

Өндірістік кешендерді шетелдік басқаруға жекешелендіру жолымен беру, мемлекеттік акция пакеттерін сату жолымен экономиканың мемлекеттік секторын шұғыл қысқарту жағдайды әзірше жеңілдете қойған жоқ. Сөз жоқ, мемлекетіміз табиғи монополияларды анықтауға, қолда бар потенциалды толық пайдалануға, нәтижелі мемлекеттік әкімшіліктендіруге, қоғамдық қатынастарды реттеуде, заңды әрекет етуші құралға айналдыруға заң шараларын қолдануы қажет. Қазақстанның күшті жақтары: бай ресурстарының болуымен, өндіріс потенциалымен, кейбір “ақылдың кетуі” деңгейіне қарамастан, мәдениет пен білімнің айтарлықтай жоғары деңгейімен байланысты. Осы мүмкіндіктер мен артықшылықтарды пайдалану 2050 Стратегиямызда көрсетіліп, жүзеге асыру мәселесі мемлекеттік деңгейде көтерілген. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі ықпал жасаудың икемді тәсілдері мен нысандары арқылы жүзеге асырылатын стратегиялық міндет ретінде қарастырылуы қажет. Осы мақсатта экономикаға мемлекет тарапынан ықпал етудің толық жүйесін қалыптастыру қажет. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты “Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы” Заңында жеке бап қарастырылған. Кеден саясаты ішкі және сыртқы саясаттың туындысы ретінде

сыртқы және ішкі экономикалық қатынастардағы оқиғаларды ес- керіп, оларға талдау жасау негізінде орнын тапқаны дұрыс. Кеден саясаты жеке саясат ретінде кеден саласы шекарасына әсер етеді, кедендік теорияны реттейді.

Бұл заң бойынша экономикалық қауіпсіздік – тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігі қауіпті жағдайда тұрған ішкі және 20 сыртқы жағдайлардан, әрекеттердің және фактілерден Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының қорғалғандық жайы. Елдің ішкі және сыртқы саясатынан туындайтын кеден саясаты мемлекеттің ішкі және сыртқы экономикалық жағдайын есеп- ке алмай, сондай-ақ оны объективті негізде сараптаудан өткізбей, құрыла алмайды және жүзеге аспайды. Бұл тұрғыдан кеден саясатын сыртқы экономикалық, сыртқы сауда, қаржы, салық, валюта салаларындағы мемлекеттік мүдделердің тоғысуы деп қарастыруға болады. Бұл ретте кеден саясаты мемлекет саясатының катализаторы болып қана қызмет атқармайды, оның санау-есептеудегі “аманаты” ретінде қызмет атқарады. Экспорттық-импорттық операцияларды реттеудің тарифтік емес жолдары кеден әдістері мен механизмі арқылы жүзеге асырылады.

Осыны негізге алсақ, еліміздің сыртқы экономикалық саясаты біртұтас және мақсатты бағытты ұстанған, ал сыртқы экономикалық қызметте мемлекеттік реттеу механизмі тұйықталған қалыпқа ие. Кеден заңдылығы кеден саясатын жеке анықтамай, оны ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде мақсаттарын көрсете отырып қарастырған. Жоғарыда айтылғанды ескерер болсақ, кеден саясаты Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарларға қатысты кеден төлемдерінің бірыңғай, мақсатты жүйесін құрып, жүзеге асыратын мемлекеттік реттеудің сыртқы экономикалық қызметтегі бір саласы болып табылады. Қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, ішкі нарықты реттеу және оны импорттаушылардың әділетсіз бәсекелестігін қорғау, өндіріске шетел инвесторларын тартып, ынталандыру, отандық тауар өндірушілерді ауыр салықтан босату, шикізатты елден шығаруды ретке келтіру, импорттың ыңғайлы құрылымын құру, тауарлар экспорты мен қызмет көрсетуден келген валюта түсімдерін қамтамасыз ету, Қазақстан капиталының шығуына бақылау жасауды күшейту, кедендегі алаяқтық пен контрабандаға жол бермеу – осының бәрі біздің кеден саясатының ретке келтіріліп, жүзеге асырылуына байланысты.

Мұнда кеден органдарының біздің экономикамыздың нәтижелі қызмет етуі мен оның ішкі және сыртқы жағдайлардан қорғауға жауапты басқа да мемлекеттік құрылымдармен ақпараттық және іскерлік әрекеттігін жөнге салу мен оңайлатуға басты мән беріледі. Бірыңғай мемлекеттік саясат шеңберінде және әрекет етуші құқық негізінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін осы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, өзара әрекет етуші күштермен, мемлекеттік органдармен қатар кеден қызметі де құрайды. Сонымен, кедендік реттеу мен сыртқы экономикалық байланысты бақылау Қазақстанның егемендігін қамтамасыз етіп, экономикалық реформалық стратегиямен қатар экономикалық қауіпсіздігіміздің тығыз үйлесімінде жалпы өндірістің, рыноктың шынайы жай-күйін есепке ала отырып кеден саясатындағы арнайы тапсырмалар мен анық

мақсатымызды шешуде басқа да басым міндеттемелерді қамтамасыз ете алуы мүмкін. Республикалық деңгейде мемлекеттік органдардың бақылау функциясын атқаратын Мемлекеттік кірістер комитеті қызмет етеді. Президенттің басқару нысанында Үкіметіміздің өкілеттіліктері баршылық. Кеден Одағына мүше елдердің кеден саясаты бір-біріне ұқсас. Мәселен, отандық нарықты қорғау, отандық өндірушілер мен тұтынушыларды қорғау, экономиканы және экспортты дамытуды жандандыру, импорттың орнын баса алатын өндірісті қолдау, шетелдік инвесторларды тарту, сауда саясаты мәселелерін шешу және т.б. мақсаттар ортақ. Бұдан мүдделер қайшылығы болатынын да жасыруға болмайды, бірақ олар алдын ала келісілген келісімдермен шешілуі тиіс. Қазақстан Кеден Одағына 2010 жылы мүше болды.

Сөйтіп, Белоруссия мен Ресей Федерациясының Кеден Одағының барлық міндеттемелерін қабылдады. Оның ішінде уақытша шек қою да бар. Бұл, мына жағдайда орындалады: ішкі рынокта сол тауардың тапшылығы; жағдайды тұрақтандырғанға дейінгі өтеу балансының тапшылығы; отандық тауар өндірушілерге нұқсан келетіндей немесе зиян келтіру қауіпі бар немесе тікелей бәсекелестікке түсетін тауарды өте көп мөлшерде әкелу. Қазақстан мен Ресей арасындағы экспорт пен импорт соңғы жылдары белгілі бір қозғалыс үстінде және тұрақтылық қалпын бұзбауда. Біз білетіндей КСРО тұсындағы кеден ісі КСРО мемлекеттік жоғарғы билік және басқару органдарының құзырында болды. Сыртқы сауда және басқа да сыртқы экономикалық қызметтің басқа да түрлері, кеден ісі де (КСРО Конституциясы, 73-бап), ал одақтас республикалар, оның ішінде Қазақстан, тек өз территориясында кеден басқармаларын құруға және оның басшыларын тағайындауға келісім берумен шектелді, тіптен мұның өзі қағаз беттерінде шартты түрде болды. 1990 жылдың 15 желтоқсанында қабылданған “Сыртқы экономикалық қызметтің негізгі қағидалары туралы” Қазақ ССР Заңында республикамыздың сыртқы экономикалық қызметін ретке келтіру жүйесін бекіту көзделді. Бұл Заңның 5-бабы мемлекеттік реттеу жүйесін құрайтын кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен басқа да мүліктердің мәлімдеуін, тауарларды экспорттау мен импорттау тәртібін (жұмыстар, қызметтер) анықталды.

Бірақ құқықтық негіз жасалмай, арнайы кеден органдарын құрмай, кеден ісін жүзеге асыру екіталай болды. КСРО ыдырауының қарсаңында республиканың сыртқы экономикалық қызметін жеке өзі шешуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақ ССР Президенті 1991 ж. 31 тамыздағы “Қазақ ССР-ң сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы” Жарлығыменен 1991 ж. 1 қыркүйегінен экспорт пен импорт өнімдеріне квота және лицензия беру, бартерлік операциялар жасау Қазақ ССР өз құзырына жататындығын қабылдады. Осы Жарлықта Министрлер Кабинетіне 1992 жылдың 1 қаңтарына дейін: мемлекеттік кеден қызметін құру; экспорттық-импорттық салықтан, кеден алымдары мен баждарынан, жоспардан тыс кедендік кірістен түсетін түсімдерді бөлу механизмін, сондай-ақ сыртқы экономикалық байланыстарды қамтамасыз ететін көліктік кестелерді республикалармен және мемлекеттермен келісу; шектес шетел мемлекеттері

немесе олардың жекелеген аймақтарымен сауда жасауда екі рет салық салуды болдырмау үшін шаралар қабылдау тапсырылды. Қазақстанның кеден заңдары 1991 ж. 24 желтоқсанда “Кедендік тариф пен баж туралы” Заң қабылданғаннан кейін қалыптаса бастады. Бұл Заңнан бұрын 1991 жылдың 12 желтоқсанында Президенттің 1990 ж. 25 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған мемлекеттік егемендік туралы Декларацияға сәйкес Қазақстанның экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында “Қазақстан Республикасының кеден комитетін құру туралы” жарлығы шыққан болатын. Егеменді Қазақстанның Кеден комитетінің қарамағына ҚР аумағында орналасқан бұрынғы КСРО кеден органдары берілді және оған ел аумағында кеден ісін мемлекеттік басқару мен кеден ұжымдарының іс-әрекеттеріне басшылық жасау функциялары жүктелді.

Бір сөзбен айтқанда, Кеден саясатын жүзеге асыру жүктелді. Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 19 тамыздағы № 127 23 “Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кеден қызметі туралы” қаулысымен сол кездің өзінде-ақ кеден комитетінің ең маңызды міндеттерінің бірі – кеден саясатының экономикалық, ұйымдық, құқықтық механизмдерін жасау және оны тәжірибеде қолдануды ұйымдастыру міндеті айқындалды. Кеден саласының, қоғамның, мемлекеттің және азаматтың экономикалық өміріне әсер ету тәсілдерінің көптүрлілігін ескере отырып, кеден заңдары кешенді түрде қабылданды және ықпал аймағы ҚР біртұтас кеден аумағы болып табылады. Кеден тарифі тауарлар мен өзге де заттарды Қазақстанның кеден аумағына енгенде Қазақстанның кеден аумағынан шығарылғанда қолданылады. Бұл Заң күшінің аумағы – ҚР біртұтас кеден аумағына жүреді, яғни әкімшілік аймақ біртұтас кеден аймағы болып жарияланды. Заң бойынша кеден тарифін Президент бекітуге тиіс болатын, алайда тәжірибеде Үкімет бекітетін қандай да бір кеден баждарын қосқан соң ғана тариф туралы айтуға болады. Заңдық мазмұны бар кеден тарифі туралы 1991 жылдың 17 желтоқсанында қабылданған “ҚР салық жүйесі туралы” Заңда жалпы мемлекеттік салықтар қатарында (16-бап) айтылған, ал кейінгі заңдарда кеден тарифі көрсетілмейді. Тек 1992 жылғы 28 қарашадағы “Уақытша импорттық кеден тарифі туралы” Президент Жарлығын айтса болады. Кеден тарифі туралы түсінікті “кеден баждары ставкаларының жүйесінен”, “кеден баждары ставкаларының жиынтығы” ұғымына өзгерту, біздің ойымызша, көптеген тауарлар мен көлік құралдарына баж салудың негізділігінен алшақтату болып табылады. Ставкалар жүйесі ставкалар жиынтығымен салыстырғанда баждардың өзара байланысын, нарық конъюнктурасының есебін және т.б. білдіруі мүмкін. Сондықтан, бұл мәселеге тым болмағанда заңды бекітерден бұрын қайтып оралған жөн. Кеден тарифі мәселесі, енді Кеден Одағы аймағында көтерілуі әбден мүмкін, бұл үшін Үкіметтік деңгейде талдау жұмыстарын жүргізіп, кеден баждарының ставкалары мен тауарлардың барлық түрлеріне салынатын салықтардың көлемін анықтап, оларды бір ізге келтіруін бекітерден бұрын орындалуы ықтимал қолайлы және қолайсыз жақтарын қарап алу керек.

Бұл жерде мынаны айту керек: 1997 жылғы 13 желтоқсанында ҚР № 203-1

Заңына сәйкес “Кеден тарифі және бажы туралы” Заң өз күшін жойған болатын. 24 Тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кеден баждарын ретке келтіріп, оларды кеден тарифіне біріктіру Қазақстан ТМД елдерінің, Кеден Одағының ішінде, ең алдымен, Ресейдің кеден тарифіне біртіндеп көшкенде оңайлаған болар еді. ТМД-ң интеграциялық комитетінің мәліметтеріне қарағанда, Қазақстанда кеден баждарының 60 %-ға жуығы Ресейдікімен сәйкес келеді, дегенмен жалпы 15 мың тауар түрлеріне қатысты тарифтерді қайта қарау керек. Ресей мен Белорустың келісілген кеден тарифтері 98 топқа біріктірілген 10 мың тауар түрлерін қамтиды. Қазір тариф саясатына қатысты бірыңғай көзқарас туралы айту әлі ерте. Қазақстанда кедендік – тарифтік саясат аталған “Кедендік тариф және баж салығы туралы” Заңда Кедендік тариф Кеңестің міндеттері қатарына баяндалды. 1995 жылғы 10 ақпандағы ТМД мемлекет басшылары кеңесінің шешімімен осы елдердің кеден заңдарының Негіздері қабылданған. Қазақстан Президентінің тиісті жарлығымен 1995 жылғы 6 шілдеде аталған Негіздерді ратификациялаған жалғыз ел болды. Бұл халықаралық нормалар мен стандарттарға мейлінше жақындатылған кеден саясаты мен кеден ісін ұйымдастыратын қазақстандық кеден заңдарын дайындауға мүмкіндік берді. Мысалға отандық өндірушіге, қазақстандық рынокты қорғауға бет бұруға ұмтылуды алайық. Бұл әрекет Ресейдегі экономикалық және қаржылық қиындықтардың әсерінен пайда болды. Бұл Ресей аудандарының басшыларымен өзара келісім-шартқа отырып, Қазақстан аумағына ресейлік тауарларды әкелуді шектеуді кедендік әкімшіліктендірудің бір тәсілі ретінде қолдануға мүмкіндік берді. Ресейдің мемлекеттік кеден комитетінің ақпарат беруінше, 1998 ж. екінші жартысында Ресей Федерациясында импорт өнімдерінің үш жылдық қоры бар еді. Бұл отандық өндірістің нақты көлеміне байланысты болды. Ресейдің федералды мүдделері кедендік саясаттың мақсаттарымен, экономикалық тиімділігімен тығыз байланысты. Біздің елдерімізді Кеден одағы шеңберінде де, ТМД шеңберінде де интеграциялану тілегі біріктіреді.

10 ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ КЕДЕН ІСІ МЕН ЖҮЙЕСІ

10.1 ҚР кеден қызметінің шетелдік кеден қызметтерімен қарым-қатынастары

Мәселелердің келесі топтамасы - шетелдік кеден қызметтерімен қарым-қатынастар. Мұндай қарым-қатынастар әлемдік кеден тәжірибесін дәйекті түрде пайдалануға құрылуға тиіс. Бірқатар елдермен негізгі ережелері ДСҰ-мен(кеден) ынтымақтастық туралы меморандумда жазылған талаптарға жауап беретін кеден ынтымақтастығы және өзара көмек туралы келісімдерге қол қою және оны практикалық қамтамасыз ету көзделініп отыр. Әлемдік кедендік әкімшіліктермен байланыс орнату халықаралық стандарттарға сәйкес кадрларды даярлау және қайта даярлау, техникалық көмек, контрабандаға, экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша алмасу

мәселелерінде, кеден қызметтерін реформалау және жетілдіру жөніндегі тәжірибені зерделеу, кеден рәсімдерін үндестіру және оңайлату мәселелерінде жәрдем алуға бағытталады. Кеден қызметтерімен қалыптасатын екі жақты қатынастардың негізгі жәйттерінің бірі шетелдік іскер топтармен байланыс орнату болуы тиіс, бұл сыртқы экономикалық қызметті әлемдік сауда талаптарының шеңберінде жүргізуге және мұнымен бір мезгілде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚХР-мен шекараның ұзақтығын, бұл аймаққа біздің мемлекетіміздің мүдделілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының кеден қызметтерінің арасында қатынастар орнату ерекше көкейкесті болады. ҚХР-мен қол қойылған Кеден ісіндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімді практикалық іске асыру, шекара маңындағы кеден қызметтерінің арасында екі мемлекеттің арасында сауданы дамытуға жәрдемдесуге бағытталған ынтымақтастықты дамыту негізгі міндетке айналады.

АҚШ кеден қызметімен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінетін болады, бұл осынау маңызды әрі Қазақстан үшін перспективалық әріптеспен сауда-экономикалық байланыстарды күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл ретте АҚШ-тың әлемдік экономикадағы озықтығы, Қазақстан экономикасына негізгі инвесторлар болып табылатын ірі американдық компаниялардың көп санының болуы, қажетті ресурстар мен тәжірибесі бар АҚШ кеден қызметінің зор әлеуеті ескеріледі.

Еуропалық Одақ мемлекеттерінің кеден қызметтерімен байланысты жолға қою ісі алда тұр, олардың тәжірибесі республиканың кеден қызметінің жұмысында пайдаланылатын болады. Негізінен бұл жұмыс ТАСИС бағдарламасының шеңберінде жүргізіліп, Еурокеденмен тығыз байланыс орнатылатын болады.

Шетелдік мемлекеттермен өзара іс-қимыл екі жақты байланыстардың негізінде де, сондай-ақ аймақтық бірлестіктермен (ЕҚ ОЭС, АПЕК) ынтымақтастықты іске асыру негізінде де құрылатын болады.

Қазіргі заманғы жағдайларда әлемнің барлық елі ішкі рынокты ұлттық өндірісшілерді қолдаудың тарифтік және тарифтік емес әдістері, валюталық және несиелік қаражат пен тағы басқалары кіретін бәсекелестіктен қорғаудың кең ауқымды құралдар кешенін пайдаланады. Бұл құралдардың көпшілігін қолдану көп тарапты мемлекетаралық келісімдермен және конвенциялармен бекітілген халықаралық қағидалармен реттеледі.

Кеден қызметінің жақын арадағы негізгі міндеті кеден ісіне қатысы бар халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу болады. Бұл бәрінен бұрын ДСҰ (кеден), ДСҰ (сауда), КЕС (атап айтқанда, ХХІ Директорат). ДСҰ (кеден) мен ДСҰ (сауда) кеден ісінің кеден саясатының және кеден заңдарының түрлі аспектілері бойынша мемлекеттер ынтымақтастығының кең ауқымды және мейлінше бағалы тәжірибесі жинақталған. ДСҰ (кеден) мен ДСҰ (сауда) құқықтық негізін құрайтын мұндай келісімдердің аса ірі кешені қазіргі уақытта зерделеніп, қорытылу үстінде. ДСҰ (сауда) талаптары "Қазақстан

Республикасындағы кеден ісі туралы" Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды дайындауда ескерілді. Бұл міндет болашақта кедендік-кұқықтық реттеудің ДСҰ (кеден) мен ДСҰ (сауда) келісімдеріндегі нормалар мен қағидаларға көшуін қамтамасыз ету үшін одан әрі жалғастыруды талап етеді.

Кеден қызметі ДСҰ әзірлеген және ХВҚ мен ХДБ қолдаған Кеден қызметтерін жетілдіру мен реформалаудың бағдарламасын ескере отырып реформалау жүргізу көзделіп отыр. Мұндай бағдарлама Кеден қызметін дамытудың тұжырымдамасының болуы мен Үкіметтің тиісінше қолдауын көздейді. Бұл топтаманы практикалық іске асыру үшін жақын арада ДСҰ(кеден) әзірлеген және әкімдендіретін мынадай құжаттарға қосылу міндеті тұр:

- Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үндестірілген жүйесі туралы конвенция;

- Найроби конвенциясы;

- Кеден рәсімдерін үндестіру және оңайлату жөніндегі Киот конвенциясы.

Киот конвенциясына қосымшаға енгізілген өзгерістерді ескерумен оның ережелерін пайымдау және кеден қызметінің алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттерді ескере отырып, кейін Конвенцияға қосылу және бірте-бірте оның қосымшаларына қосылу міндеті алда тұр. Бұл республикадағы кеден ісін реттейтін негізгі Заңға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді талап етеді.

Кеден қызметінің ДСҰ (кеден) Саяси комиссиясының жұмысына, мәжілістері мен комитеттеріне бірте-бірте қатысуды қамтамасыз ету қажет,

Жақын арадағы кезеңде бұл жұмыс ДСҰ-мен белсенді түрде жазба алысулар,

методологиялық ұсынымдарды зерделеу әлемдік кеден саясатының даму үрдісіне талдау жүргізу жолымен жүргізілетін болады.

10.2 ЕАЭЖ елдері шеңберіндегі кедендік ынтымақтастық

1995 жылы 20 қаңтарда Кеден Одағын құру туралы келісімге Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы 1996 жылы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғызстан Республикасы арасындағы экономикалық және гуманитарлық сфераларды интеграцияның тереңдеуі туралы шарт жасағаннан кейін экономиканың, сонымен қатар электро - энергетика саласында жаңа интеграциялық процестің дамуына жаңа негіз пайда болды. 1996 жылы 29 наурыздағы Шарттың 2- бабына сәйкес итеграцияның негізгі мақсатының бірі біртұтас энергетикалық дамуды көздейтін біртұтас экономикалық кеңістік құру болып табылады.

Осы уақытқа дейін Сібір - Қазақстан -Орал транзитімен электро - энергиясын тасымалдау мәселесі шешілмеген болатын. 1999 жылы 1 қазанда ААҚ "СЕСОС" және "РАО" «ЕЭС» Ресей арасында Қазақстан Республикасы

мен Ресей Федерациясының энергетикалық жүйесі бірігіп жұмыс істеуі туралы шртқа қол қойылды. Ол тәжірибеде жүзеге асырылып келеді.

Қазақстан мен Ресей энерго жүйесінің бірігіп жұмыс істеуі Ақтөбе және Орал энерго желілерінің сұранысын қамтамасыз ету мүмкіндік беріп келеді. Бірақ қазір кезде Қазақстан және Ресей Федерациясының энерго жүйесінің бірігіп жұмыс істеуі бірқатар объективті себептерге байланысты жүзеге асырылмай жатыр. Бұл Ресей мен Қазақстан арасындағы электроэнергетика саласындағы сауда - экономикалық қатынастарынан көрінеді. Қазақстан энергожүйесінің Орта Азия, соның ішінде Қырғызстан энергожүйесімен бірігіп жұмыс істеуінде де біршама мәселелер бар.

1996 жылы 29 наурыздағы қатысушы - мемлекеттердің энергетикалық, жүйелерінің бірігіп жұмыс істеуі туралы келісім шартта Кеден Одағы елдерінің машина жасау және энергетикалық кәсіпорындарының бірігіп жұмыс істеуі қарастырылған.

Осы арқылы Кеден Одағы елдерінде электроэнергетикалық рынок құру және оның дамуында бірнеше мәселелердің шешілуі 1996 жылы 29 наурыздағы келісім - шартты жүзеге асырып, соның нәтижесінде осы елдерде экономикалық өсу орын алды.

Келесі маңызды мәселелердің бірі Кеден Одағы елдерінде өндірістің мұнай - газ өндіру және мұнайды қайта өңдеу саласы болып табылады. Осы саланың дамуы, әсіресе Қазақстан мен Ресей Федерациясы үшін саяси маңызды мәселе болып табылады. Осы елдердің бірігуінің кеңеюі Ресей территориясындағы транс мұнай құбыры арқылы тасымалданады.

2005 жылы Ресей Федерациясымен Қазақстанның мұнайын экспорттау 15 млн. тоннаға жеткізу туралы шартқа қол жеткізілді. Атырау - Самара құбырын қайта құру туралы сұрақтар қарастырылып жатты. Осыған байланысты Қазақстанның Ресей федерациясымен Қазақстанның мұнайын алыс шетелге жеткізу туралы ұзақ (5 жылдан кем емес) уақыттың транзиттік кепілдіктер беру туралы келісімге қол жеткізу керек. Қазақстан мұнайын Ресейге экспорттау мәселелері осы елдер, арасында сәйкес кеден саясатын жүргізуді керек етеді. Мұнда Ресей Федерациясының территориясы арқылы экспортталатын Қазақстан мұнайы кеден декларациясымен алып жүрілді, және Ресей Федерациясының территориясы арқылы одан ары қарай Қазақстанның мұнайын экспорттау үшін декларацияны қайта ресімдеу жасалады, сол үшін қосымша ақы алынады (4-8 цент 1 тонна үшін). Ресімдеуді екі рет жүргізбес үшін кеден құжаттарын ресімдеу бойынша қызметтерге ақы төлемей, ресімделген кеден декларациясын тіркеу жүйесіне өту керек.

Қазақстан мұнайын тасымалдауда Қазақстан - Белорусь бірігуінің маңыздылығы жоғары. Қазақстан және Белорусь үкіметінің Атырау - Самара мұнай құбырына қатысты мәселелердің кезеңдік шешілуін Белорусь жағымен де ақылдасу керек. Оның территориясы арқылы өтетін Дружба - 1 құбырының қуаттылығы туралы мәселелерді шешіп алу қажет. Себебі ол Қазақстан мұнайын Батыс және Шығыс Европаға тасымалдау көлемін кеңейтеді.

Қазақстан мұнайын келешекте тасымалдаудың кілтті элементі Қазақстан

мұнайының қара теңіз - экспортының терминалына шығатын КТК жобасы болып табылады. Бұл жобаға қатысушылар Ресей, Қазақстан және АҚШ. Мұнай құбырды іске қосу 2001 жылдың маусымына белгіленіп, жұмыс істеп келеді. Бұл жоба бойынша құбыр арқылы бастапқыда жылына 28 млн тонна мұнай өткізуге болады, соның ішінде Қазақстаннан - 20,2 тонна - жылына. Кейін оның өткізу мүмкіндігі кеңейген соң, жылына 67 млн. тонна. Осы құбырдың іске қосу Қазақстанда бірқатар мұнай газға қатысты мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Мысалы, қалыпты қарқынмен мұнай өндіруді дамыту мүмкіндігі. Ол жеткілікті түрде мұнай экспортын жүзеге асыруға көмек береді. Осы жобалардың жүзеге асуы Қазақстанның және Ресей Федерациясы мұнайының әлемдік рынокқа экспортталуын көбейтеді. Осыған қатысты Ақтөбеде өндірілген мұнайды Атырау мұнай өңдеу зауытына жеткізу үшін Кеңкия-Атырау құбыры жобасы іске асырылып келеді. Осыдан кейін Атырау - Самара құбыры арқылы экспорт үшін КТК-ға жеткізілуі тиіс.

Келесі маңызды мәселелердің бірі, Қарашығанақ газын Оренбургтегі газды қайта өңдеу заводында қайта өңдеу болып табылады. Қазақстанның географиялық орналасуы Орта Азия және Ресей Федерациясы арқылы әлемдік рынокқа газды тиімді экспорттауға мүмкіндік береді. 2000 жылы 10 қазанда өткен Саммитт Кеден Одағына қатысушы 5 елдің тарихында жаңа елеулі оқиға болды.

Себебі, Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы құжат қабылданды. Осы саммитте Қазақстан басшысы Президент Н.Ә.Назарбаев Кеден Одағында қалыптасқан жағдайды сараптай, сипаттай келе, тығыз интеграцияның дамуы бестік елдерінің экономикалық ахуалына оң ықпал ететінін айтып өтті.

Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру мәселесі саммитте ең басты құжат ретінде қаралады. Беларусь, Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикаларының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының басшылары бұл жаңа экономикалық Ұйымның интеграциясының ілгері жылжуына тиімді әсер ететіндігіне келісетіндіктерін білдірді.

Басқосуда Президент Н.Ә.Назарбаев Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы шешімді Қазақстанның Кедендік Одаққа қатысушы - елдердің интеграциялық күш жігерін сапалық жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін тектік ретінде қарастыратынын атап көрсетті. Еуразиялық экономикалық қауымдастық Еуразиялық одақ, басқа да халықаралық ұйымдарға жақын үлгідегі жаңа құрылым болып табылды. Екінші жағынан Еуразиялық экономикалық қауымдастықты Қазақстанның 1994 жылғы Еуразиялық одақ туралы бастамасын жүзеге асыруға бастайтын төте жол ретінде қарастырған жөн. Әрі бұл шешімде ұжымдық саяси ерік көп қырлы ынтымақтастық, нақты интеграция мәселелері орын алады.

Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың жоғары органы мемлекетаралық кеңес болып табылады. Оған интеграцияны дамытуға

бағытталған іс-әрекеттерге бастамашы болу өклеттігі берілді. Оның құрамына мемлекет басшылары, министрлер кіреді. Бұл жерде бір мемлекет бір дауысқа ие және міндетті консенсус.

Жаңа ұйымның іс-қимыл жасайтын негізгі органы - Интеграциялық комитет. Сонымен қатар қатысушы елдер мемлекет басшылары тағайындайтын Тұрақты өкілдер комиссиясы органы енгізіледі. Мемлекетаралық кеңес пен Интеграциялық комитеттің қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру міндеті интеграциялық комитет хатшылығына жүктеледі. Хатшылыққа Бас Хатшы жетекшілік етеді. Интеграциялық комитетте Ресей - 4 дауысқа, Қазақстан 2 дауысқа және Беларусь 2 дауысқа, Қырғызстан 1 дауысқа және Тәжікстан 1 дауысқа ие болды. Яғни, 4-2-2-1-1 формуласы қолданылады. Дауыс беруді бұлай бөлу әр елдің экономикалық салмағына қарай болады.

Осы Еуразиялық экономикалық қауымдастық жұмысы келесі негізгі мәселелерді шешуге бағытталады;

1) Сыртқы сауда және кеден саясаты саласында - еркін сауда режимінің толық көлемде ресімделуін аяқтау: Бірыңғай кеден тарифтерін белгілеу; ДСҰ және басқа да халықаралық экономикалық ұйымдармен өзара байланысты бағытты қалыптастыру;

2) Валюта бақылауы және валюта реттеудегі жеңілдетілген тәртіп; Төлем - есеп қатынасы қызметінің тиімді механизмін құру; Кедендік реттеудегі жеңілдетілген жалпы жүйе құру; Қауымдастық шекарасындағы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; Контрабанда және басқа да кеден құқық бұзушылықпен күрес.

3) Экономикалық саясат саласында - экономикада келісілген құрылымды қайта құру жүргізу;

4) Әлеуметтік - экономикалық дамудың біріккен жаңа бағдарламасын жасау және оны жүзеге асыру;

5) Өзара әрекет етуші валюта-қаржы жүйесін қамтамасыз ету; Жалпы төлем жүйесін құру;

6) Шетел инвестициясын рыногында тең құқылы болуы;

7) Әлеуметтік - гуманитарлық салада - ғылым мен мәдениеттің дамуы, білім берудің ұлттық жүйесінің үйлесімі;

8) Құқық саласында - ұлттық заңды жақындастыру және үйлестіру, жалпы құқық кеңестігін құру мақсатында құқық жүйесінің өзара әрекет етуін қамтамасыз ету мемлекетаралық мәжілісі аяқталғаннан соң. Қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық қауымдастық өз қанатын жаюда. Бұл күндегі әлемдегі ерекше оқиға - 2006 ж. Мәскеуде өткен Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Мемлекетаралық кеңесінің кезекті мәжілісі. Оған Ресей, Қазақстан, Беларусь, Тәжікстан Республикаларының басшылары қатысты.

Мемлекетаралық Кеңестің басшылары деңгейіндегі кездесу нәтижесінде президенттер мәжілісінде 19 құжат қабылданды. Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың ішкі рыногын қорғау, терроризм және есірткі бизнесінің қауіпмен күрес, шекара мәселесін реттеу, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың экономикалық құрылымдық жүйесіне өзгерістер,

эмблемасымен жалауын бекіту, жаңа мүшелерді қабылдау тәртібі, тағы басқа мәселелер қарастырылды. Әлемдік интеграциялық бағытында экономикалық қауымдастықтың болашақта экономикалық одақ болу мүмкіндігі де қозғалды. Соның дәлелі ретінде Ресей мен Қазақстан мемлекеті басшылары Каспий мәселесі жөнінде ортақ келісімге келді. Ұжымдық қауіпсіздікті нығайту жайында сөз айтылды. Әсіресе, Орталық Азиядағы ұжымдық жедел әрекет күштерінің тұрақты оперативтік тобын қаржыландыру, бірлескен әскери штаб құру, әскери-техникалық тобын қаржыландыру, бірлескен әскери - техникалық саладағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелері қаралды. ҰҚК- ге кіретін алты мемлекет осы бағытта өзара ортақ келісім жасады. Мәскеу сапары еліміздің экономикасы мен сыртқы саясатына қатысты біраз мәселелерді шешті. Сондай-ақ, Еуразия қауымдастығы идеясының тамырлана бастағанын көрсетті. Мәскеуде өткен Еуразиялық экономикалық қауымдастығының мемлекетаралық кеңесінің кезекті мәжілісінде Қазақстан мен Ресей арасында экономикалық қарым - қатынастың кең ауқымды мәселелері қаралып, маңызды келісімге қол жеткізілді. Ресей Президенті В.Путин мен Қазақстан Елбасы Н.Назарбаевтың ресми кездесуі мен келіссөзі екі ел арасындағы Каспий теңізі мұнай аймағына қатысты осы күнге дейін дау тудырып, келген мәселені біржолата шешті. Каспийдің солтүстік бөлігі түбінің ресурстарын игеру жөніндегі мемлекеттік құжатқа қол қойылды. Нақты анықталмаған үш кенішті екі ел бірлесіп пайдаланатын болды. Осыған орай Н.Назарбаев: "Мұның екі мемлекетке пайдалы, өйткені Қазақстан ман Ресей арасындағы сенім деңгейін көрсетеді. Біздің бұл елдеріміздің стратегиялық әріптестігі айрықша мәнге ие болды", - деді.

Әрине, мұны көрші әрі ынтымақтас екі елдің кезекті жетістігі деп санауға болады. В.Путин бірлескен хаттаманың Ресей мен Қазақстанның Еуропадағы, Солтүстік Америкадағы барлық әріптестері үшін байыпты белгі болып табылатындығын, алда Каспий қайраңын игерудегі инвестициялау барысын белсенді ету қажеттігіне байланысты ойларын білдірді.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМІ

1. Әбілқадіров С.Қ. Кеден саласының тарихи даму кезеңдері // Ғылым.- 2011. - № 1. - 39-45 б
2. Әлібеков С. Т. Қазақстанның кеден құқығы: Жалпы және ерекше бөлім. Оқу құралы.- Алматы: Аркаим, -2002.- 158 бет
3. Байбеков Н. Кедендік рәсімдеу жөнінен не білеміз? // Заң газеті.- 2007. - 12 шілде (N 105).- 3 б.
4. Батталов Қ.Қ. 1868-1890 жылдардағы Қазақстанның батыс Қытаймен шекарасындағы кедендік істі ұйымдастыру тарихы // ҚарМУ хабаршысы. Тарих, философия, құқық сериясы.- 2007. - N 3. - 84-94 б
5. Д. Мадиярова. Кеден ісін ұйымдастыру және басқару: оқу құралы.- Алматы: Экономика. Кеден ісін ұйымдастыру және басқару.-2000.-191 б.
6. Диденко Л. В. Құдайбергенов М. Б. Таможенное право РК. Алматы: LEM, 2000.- с. 203
7. Достан Д. Кеден кедергі емес // Астана ақшамы.- 2011. - 10 желтоқсан (№ 143). - 15 б.
8. Досымбекова М.С. Кеден құқығы: оқу-әдістемелік кешен / ҚазҰУ; Қазақшаға аударған Жанибеков А.К.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2006.- 75 бет
9. Драганова В. Г. Основы таможенного дела. –Алматы: Қыран, – 1998.-с. 271
10. Елешев Р. Кеден одағы - экономикалық қажеттілік // Егемен Қазақстан.- 2010. - 7 мамыр (№ 175/177). - 3 б.
11. Ермеков Т. «Қорғаныс» кедені қазақша сөйлейді: «Қорғаныс» кедені бекетінің бастығымен сұхбат / Әңг. Н.Байсақал // Алматы ақшамы.- 2003.- 27 қыркүйек (N 108).- 3 б.
12. Жақашев, Д.С. Кеден органдарының құқықтық мәртебесі: теориясы мен практикасының мәселелері: (оқу құралы) / Дулат Сүлейменұлы Жақашев; Д. С. Жақашев; ҚР ішкі істер м-гі акад., Д. А. Қонаев атын. ун-т.- Астана: Дәнекер, 2005.- 185б
13. Жандарбеков Ы. Жетісу өңірінің экономикалық қалқаны: Обл. кедендік бақылау департ. бастығымен сұхбат / Әңг. Б.Абаған // Жетісу.- 2004.- 14 ақпан.- 10 б.
14. Жандарбеков Ы. Талап күшейе түспек: Алматы обл. бойынша кеден басқарм. бастығымен сұхбат / Әңг. Б.Абаған // Жетісу.- 2003.- 30 тамыз.- 8 б.
15. Кеден ісін ұйымдастыру және басқару: Оқу құралы / Д.М.Мадиярова, А.Е.Қалдыбаева ж.б.- Алматы: Экономика, 2000.- 190 бет
16. Кеден ісінің орысша-қазақша сөздік-құралы. Кеден ісі бойынша құжаттардың үлгілері.- Алматы: LEM, -2000(2001).- 127 бет
17. Козырин А. Н. Таможенные режимы. -Москва: Статут, -2000
18. ҚР кеден саясатының қалыптасуы / Қайрат Айтпаев.- Алматы: Философия және саясаттану ин-ты, 2003.- 220 б
19. Қазақстан Республикасындағы кеден саясатының конституциялық-құқықтық негіздері: заң ғылымд. канд.дис.: қорғалған 01.03.06 / Ғазиз

Дүйсенқұлұлы Тайғамитов; Ғ.Д.Тайғамитов; ғылыми жетекшілері Н.Б.Мұхитдинов, З.Ж.Кенжалиев.- Алматы: Глория, -2006.- 130 б.

20. ҚР-ның кеден ісі: сұрақтар мен жауаптар.-Алматы: «Жеті жарғы». ҚР-ның кеден ісі: сұрақтар мен жауаптар.-2000.-144 б

21. Қазақстан Республикасының кеден құқығы: оқулық / С.Т. Әлібеков. - Алматы: Нұр-пресс, -2007. – 267 б.

22. ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету контекстіндегі кеден саясатының қалыптасу ерекшеліктері: саяси ғылымд. канд.... дис.: қорғалған 30.06.06 / Жалғасбек Сапарұлы Төлебеков; Ж. С. Төлебеков; ғылыми жетекші А. А. Нұрмағамбетов.- Алматы: Нұр-пресс, 2006.- 125 б.

23. Құлкенов М. Біздің қоғам: Ішкі шекара: Кеден қызметшілері жайында // Ана тілі.- 2003.- 29 қаңтар (N 5).- 4 б.

24. Мадияров Д. М. Кеден ісін ұйымдастыру және басқару. Алматы. -2000.

25. Малшыбаев Б. Кедендік бақылауда қалтарыс жоқ [Мәтін]: Алматы облысы Алакөл ауданындағы «Достық» кедені жұмыстары туралы // Заң газеті.- 2006. - 29 қыркүйек (N 174).- 2 б

26. Мәжитұлы Б. Қазақстан-Қытай: жүк тасымалы ұлғаяды: Үкімет басшысы Д.Ахметовтің «Достық» және «Қорғас» кеден бекеттеріне іссапары осы мәселеге арналады // Егемен Қазақстан.- 2003.- 12 тамыз (N 203).- 1-2 б.

27. [Н. Х. Тілемісов](#). Қазақстандағы кеден тарихы (сауда жолдарынан кеден жүйесіне дейін): оқу құралы.-Алматы: Ғылым. Қазақстандағы кеден тарихы (сауда жолдарынан кеден жүйесіне дейін).-2001.-159 б.

28. Некрасов В. А., Джандарбеков И. А. Основы таможенного дела в РК. – Астана: Жеті жарғы-2002.- с. 193

29. Ноздрачев А. Ф. Таможенное право. М: Юристь. -1998

30. Нұрахметов Б. Кеденнен кедергісіз өту//Егемен Қазақстан – 2004, 31 наурыз

31. Нұрахметов Б. ҚР-ның кеден ісі: сұрақтар мен жауаптар.- Алматы: Жеті жарғы, -2000.- 144 бет

32. Нұрмашев Үсен. Кеден ісін ұйымдастыру негіздері: оқу құралы / Қайнар» ун-ті.- Алматы: Принт-Плюс, 2007.- 157 бет

33. Сапарбаев Б. Бақылау жоқ жерде байлық та жоқ: Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасымен сұхбат / Әңг. Б.Исаұлы // Қазақстан сарбазы.- 2005.- 10 маусым (N 24).- 3 б.

34. Сапарбаев Б. Экономикалық қауіпсіздік кепілі//Егемен Қазақстан. – 2004, 16 қаңтар

35. Сарқытқанұлы Қ. Қытайдың Шыңжаң ауданы және Қазақстанмен шекаралас аймақтарындағы кедендер // География және табиғат.- 2005. - N 4.- 31-33 б

36. Сарсембаев М. А. Таможенное право РК.- Алматы: Нұр-пресс -2002, с.205

37. Смағұлов, А.А. Кедендік қылмыстармен күрестің теориялық проблемалары (қылмыстық құқықтық және криминологиялық аспектілері): Заң ғылымдарының док.дис.автореф.: 12.00.08 - Қылмыстық құқық және

криминология; қылмыстық атқару құқығы.-Алматы. Кедендік қылмыстармен күрестің теориялық проблемалары (қылмыстық құқықтық және криминологиялық аспектілері).-2007.-44 с

38. Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмегі және өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы. ҚР-ның 2011-ж. 14 желтоқсандағы № 511-IV Заңы. Соңғы редакциядағы күні: 14.12.2015 Мем. тіркелімдегі нөмірі: 62174

39. Кеден одағына мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімі туралы келісімді ратификациялау туралы. ҚР-ның 2010-ж. 30 маусымдағы № 322-IV Заңы. Соңғы редакциядағы күні: 30.06.2015 Мем. тіркелімдегі нөмірі: 53779

40. Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісімді ратификациялау туралы. ҚР-ның 2010-ж. 30 маусымдағы № 313-IV Заңы. Соңғы редакциядағы күні: 30.06.2015 Мем. тіркелімдегі нөмірі: 53712

41. Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолдануынан босату туралы келісімді ратификациялау туралы. ҚР-ның 2010-ж. 30 маусымдағы № 317-IV Заңы. Соңғы редакциядағы күні: 30.06.2015 Мем. тіркелімдегі нөмірі: 53714

42. Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісімді ратификациялау туралы. ҚР-ның 2010-ж. 30 маусымдағы № 311-IV Заңы. Соңғы редакциядағы күні: 30.06.2015 Мем. тіркелімдегі нөмірі: 53774

43. ҚР-дағы кеден ісі туралы. ҚР-ның 2010-ж. 30 маусымдағы № 296-IV Кодексі. «Егемен Қазақстан» 2010-ж. 2 шілдедегі № 268-270 (26115); 3 шілдедегі № 271-278 (26122); «Казахстанская правда» от 02. 07. 2010 г., № 169-170 (26230-26231); 03. 07. 2015 г., № 171-173 (26232-26234)

44. ҚР-ның Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (2011-жылғы 2-ақпандағы өзгерістер мен толықтырулармен).

45. ҚР-ның Қылмыстық кодексі. ҚР-ның 2014-ж. 3 шілдедегі N 167 Кодексі. ҚР Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., N 15-16, 211-құжат

46. ҚР-ның Мемлекеттік шекарасы туралы 1993 ж. 13 қаңтардағы N 1872-ХІІ ҚР-ның Заңы (15. 07. 96 ж. N 31-1; 22. 12. 98 ж. N 327-1; 13. 01. 93 ж. N 338-ІІ; 2014. 20. 12. N 13-ІІІ ҚР Заңдарымен енгізілген өзгерістерімен)

47. «Заң білімін беру және заң кадрларын дайындау жүйесі» пәні бойынша электрондық лекциялар курсы. Оралбаев Н. К. – Қарағанды: ҚарМУ, 2011.

48. «Құқық негіздері» пәні бойынша электрондық лекциялар курсы. Сұлтанова С. С., Оралбаев Н. К., Бирманова А. И. – Қарағанды: ҚарМУ, 2008.

49. «Құқықтық реттеу механизмі» пәні бойынша электрондық лекциялар курсы. Байжанова К. Т., Оралбаев Н. К. – Қарағанды: ҚарМУ, 2011.

50. «Салыстырмалы құқық» пәні бойынша электрондық лекциялар курсы. Оралбаев Н. К. – Қарағанды: ҚарМУ, 2011.

51. «Туристік бизнестің ұйымдық-құқықтық негіздері» пәні бойынша электрондық лекциялар курсы. Оралбаев Н. К. – Қарағанды: ҚарМУ, 2011.
52. «Шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы» пәні бойынша электрондық лекциялар курсы. Оралбаев Н. К. – Қарағанды: ҚарМУ, 2011.
53. История политических учений [Электронный ресурс]: электронный учебник / А. А. Чанышев. - Электрон. дан. (695 Мб). - М.: КНОРУС, 2010.
54. Мәліметтер базасы «ЮРИСТ» (БД «ЮРИСТ»)
55. Основы государства и права [Электронный ресурс]: электронный учебник / под ред. А. В. Малько. - Электрон. дан. ; 684 Мб. - М.: КНОРУС, 2010
56. <http://law.edu.ru/book/>
57. http://window.edu.ru/window_catalog
58. <http://www.juristlib.ru/book>
59. www.kursach.com
60. www.zakon.kz
61. www.memst.kz

КІРІСПЕ.....	3
1 КЕДЕН САЛАСЫ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА САЛА.....	5
1.1 Егеменді Қазақстандағы кеден саласын басқарудағы мәселелер.....	5
1.2 Егеменді Қазақстандағы жеке монополиялық мемлекеттік және басқа салалардың өзара байланысы.....	8
2 РЕСЕЙДІҢ КЕДЕН ІСІ МЕН КЕДЕН САЯСАТЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	11
2.1 Феодалдық бытыраңқылық кезеңіндегі орыс княздықтарындағы сыртқы сауданың дамуы.....	11
2.2 Ресейдегі кеден ісінің пайда болуы мен XIX ғ дейінгі дамуы.....	13
3 ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒАНДАҒЫ САУДА МЕН КЕДЕНДІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ.....	17
3.1 Түрік қағанаты және оның пайда болуы туралы деректер.....	17
3.2 Түрік қағанатындағы сауда мен дипломатия.....	23
4 ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ САУДА МЕН КЕДЕН ІСІ.....	31
4.1 Қазақстан территориясында Ұлы жібек жолының пайда болуының алғышарттары.....	31
4.2 Ұлы жібек жолындағы сауда қатынастарының дамуы.....	39
5 АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ІСІ.....	45
5.1 Алтын Орданың пайда болуы және дамуы.....	45
5.2 Бату хан мен Александр Невский арасындағы одақтық қарым-қатынастардың пайда болуының бастамалары.....	47
6 ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ КЕДЕН ІСІ.....	50
6.1 Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары.....	50
6.2 Қазақ хандығының кедендік қатынастары.....	55
7 РЕСЕЙ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ФЕОДАЛДЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕДЕНДІК АУМАҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ (XIX Ғ-XX Ғ-БАСЫ).....	57
7.1 Ресейдің кедендік саясатындағы жалпы тенденциялар, оның азиялық бағытының және аймақтық нұсқасының ерекшеліктері.....	57
7.2 Қазақстан территориясындағы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы кедендік саясат.....	61
8 ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ КСРО КЕДЕН ІСІ.....	70

8.1 Кеңестік Қазақстанда кеден қызметінің пайда болуының алғышарттары....	70
8.2 Кеңестік кеден құқығының кодификациясы.....	74
9 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕДЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	77
9.1 Қазақстан Республикасы кеден қызметінің қалыптасу шежіресі.....	77
9.2 Қазақстан Республикасы кеден қызметін реттейтін заңнаманың даму тарихы.....	88
10 ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ КЕДЕН ІСІ МЕН ЖҮЙЕСІ.....	94
10.1 ҚР кеден қызметінің шетелдік кеден қызметтерімен қарым-қатынастары.	94
10.2 ЕАЭҚ елдері шеңберіндегі кедендік ынтымақтастық.....	96
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	101